


Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

ӨЛЕҢ
ӨЛКЕСІНДЕ

Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

Өлең, өлжесінде





Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

ТӘҢІР БЕРГЕН ҚАСИЕТТІ ӨНЕР

Жүректегі сәулені сыртқа шығара біліп, жыр етіп жүрекке жеткізе білу – екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін бақ. Өлең - тәңірінің өзі қалап жұбатқысы және қинағысы келетін пенделеріне ғана түсетін талант. Қазақтың ақиық ақыны Төлеген Айбергеновтің «Ақын болу оңай деймісің, қарағым, Аузында болу сыздаған улы жараның» деген жыр жолдары ақындық өнердің жауапкершілігінің зор екендігін білдірсе керек.

Осынау зор жауапкершілікті нәзік иығына артып, ата-бабадан мирас болған ұлттық қолөнеріміздің туын желбіретіп жүрген аяулы аналарымыздың бірі Дәмелі Құсайынқызы.

Қазаққа тәңір берген қасиетті өнер Дәмелі апамызға ауып қонбай, тауып қонған ба деп ойлаймын.

Біреулер өлеңді дерт десе, енді бірі жанның еміне балайды. Ал Дәмелі апайдың өлең өлкесіне жасаған алғашқы қадамы жүрегіндегі әкеге деген өшпейтін сағынышпен сабақтас. Сол сағыныш кішкентай Дәмелінің қиялына қанат бітіріп, шабытына шабыт қосып, балапан жүрегінде жыр болып өрілетін. Әкелері соғыстан келіп, мәре-сәре болған өзі құралпы балаларға қызыға да қызғана көз тастай тұрып, мөлдір мұңға батқан бала жүрек еңірі орден-медальдарға толы ардагерлерге сұраулы жүзбен:

Көрдің бе, ата, көрдің бе Құсайын деген кісіні?

Шалқадан шашын қайырған, болаттай

шымыр мүсіні.

*Паспортқа түскен бейнесі жанарымда жаттаулы,
Әкемді көрген үлкендер шағындау дейтін пішімі, - деп қарайтын.*

Мектеп табалдырығын аттаған шағында, өзге апа-сіңлілері

Есенбаева болып жазылғанда, бес қызды дүниеге келтіріп, «Тегімді жалғар бір ұл-ай» деп армандап өткен әкесінің аты өшпесін деп Дәмелі апай ғана Құсайынқызы болып жазылып-ты. Өзінің «Әке» деген толғауында

«Қыз болсам да, әкемнің тұяғымын,

Дәмеленген ұл ма деп қиялымын.

Рухың ұлды жоқтап жүрмесін деп,

Ез ұлдарға көзіңді сүзбесін деп,

Есіміңмен өзіңнің жүрмін, әке,

Өлмеген Құсайынды іздесін деп», - деген ақын әке рухымен ойша сырласады.

Жүйрік уақыттың жалына жармасып, жылдар өтіп жатты. Бала Дәмелі бұла бойжеткенге айналып, Шапай Қажығалиев есімді азаматтың өмірлік серігі атанды. Жарты ғасыр өмір сүріп, он бала тәрбиелеп өсірген жұбайын сағынғанда

«Арасында жүріппін саябақтың,

Ойлап көрсем, елу жыл аялапсың» деп сыңарынан айырылған жалғыз аққудың күйін кешеді. Жас кезінде өз анасы мен қос енесін алақанына салып, аялап баққан Дәмелі апай бүгінде өзі де перзенттерінің ыстық ықыласына бөленіп отыр. Өмірден өз орындарын тапқан ұл-қыздары аналарының қабағына кірбің түсірмей, мөпелеуде. «Алтын алқалы» батыр ана балаларына арналған «Он қазық» өлеңінде:

Өзімді он қазыққа байлап алып,

Отырмын от басында ойға қалып.

Босанып он қазықтан шығар болсам,

Өлеңнен сел ағызарым айдан анық», - деп жазғанындай, кейінгі жылдары «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Із» деген төрт бірдей кітабын баспадан шығарды. Оған апайдың өзінің жыр жолдарымен айтар болсақ, «күйбеңі жетер тірліктен жиналып шыға алмай», бір қолына сәбиін, екінші қолына қаламын ұстап жүрген ананың қағаз бетіне түсіре берген көкіректегі өлеңдері, жүрегін жарып шыққан сыршыл сезімдері, аққанат жырлары жинақталып енгізілді.

Ақын өлеңдерінің бір парасы еліміздің, облысымыздың та-

нымал тұлғаларына арналған өлеңдері. Мұны табиғатынан әсершіл, мейірімді, қоғамдағы өзгерістерге, жаңалықтарға бейжай қарай алмайтын ақынның өзіндік үні, адами пікірі деп қабылдаған жөн.

Жалпы, ақын болып өмір кешу қиын. Ол, біріншіден, шындықты бетке айтуы, екіншіден, ешқашан ардан аттамауы, үшіншіден, үнемі әлсіздер жағында болуы, төртіншіден, халықтың үнін ханға жеткізе білуі тиіс. Осы орайда Дәмелі ақынның да алқалы жиындарда суырылып ортаға шығып, ел мұңы мен өзекті мәселелерін ортаға салып, басшылардың құлағына жеткізіп жүрген еңбегін айтып өткен абзал. Қалқада қалған қарияның, қиналып жүрген ананың, назардан тыс қалған ардагердің басындағы мұң-мұқтажын тиісті тұлғаларға жеткізіп, мәселелерін шешуге көмектесіп, жанына жалау болып жүретіні тағы бар. Және оны ешкімге міндет еткен емес. Өйткені ақын - өзінің ғана емес, өзгелердің де, бүкіл бір халықтың, қоғамның «менін» жүрегіне жинақтап, оны қорытып шығаратын үлкен «МЕНнің» иесі.

Ақын ана өз көңіліндегі мұң-шерін ешкімнің алдына бармай, ақ параққа мөлдірете төгеді. **«Алынбаған атақта»** *«Мәдениет қайраткері» атағымды, Сеземін түбінде бір аларымды»* деп мұңайса, *«Кезек күтпей үй берер деп ойлап ем, Жүз алпыс бесінші кезек болар ма?»* деп басшыларға **«Сауал»** қояды. Жалғыздықтан жапа шеккенде:

«Лапылдап кейде, от болып жанып, шоқ болдым,

Қынжылған кезім, қиналған кезім көп болды.

Уайымсыз, мұңсыз тұстастың қарны тоқ болды,

Сырласар кейде жанымда бір жан жоқ болды», - деп налиды ақын жаны.

Дәмелі Құсайынқызының бойындағы талантының тағы бір қыры – оның ата-бабамыздан бүгінге жеткен қолөнерді дамытуы. Дәмелі апай - қаламның ұшымен өлең өріп қана қоймай, иненің ізімен өрнек төгудің де шебері. *«Одақ тарар алдынан әрігірек, Киіз үй өрнектегем әдемілеп»* деп өзі жазғандай, кеңес дәуірінде киіз үйімен одақтық көрмелерге дейін барған

ісмер ана күні бүгінге дейін төрт киіз үйдің ішкі-сыртқы жабдығын оюлап, әдіптеп, халыққа ұсынды. Бір киіз үйін Ақсай қаласындағы «Ақсайгазсервис» АҚ сатып алса, енді бірін өмір бойы аңсап өткен әкесіне және барлық соғыс ардагерлеріне арнады. Үшіншісін Елбасыға деп тікті, төртіншісін өзі туып-өскен, азамат болып қалыптасқан Сырым елінің атынан осы топырақтан нәр алған талантты ақын Қадыр Мырза Әлінің 75 жылдық мерейтойна тарту етем деп көз майын тауысты.

Шебердің қолынан шыққан көздің жауын алатын ұлттық бұйымдары, олар туралы түсірілген бейнефильмдердің алды Алматы, Астанадағы, қала берді Орал, Атырау, Ақтау, Ақсай, Жымпитыдағы мұражайларда сақтаулы тұр. Он саусағынан өнері тамған Дәмелі апайдың қазақтың сәндік-қолданбалы ою-өрнегін дамыту жолындағы орасан зор еңбегі туралы «Аргументы и факты», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Учитель Казахстана», «Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан әйелдері», «Қазақстан музейлері», «Парасат», «Азаттық», «Парасат», «Қазақстан әйелдері», секілді республикалық басылымдарда насихатталды. Бақыт Қайырбековтің киностудиясы түсірген «Әлемнің тоғызыншы аумағы» деп аталатын Қазақстан туралы 30 сериялы деректі фильмнің 27 сериясында да апайдың қолынан шыққан киіз үйлері жайындағы хабарға орын берілген. Мұның бәрін мұқияттап, асқан ыждаһаттылықпен жинақтап тапсырып жүргендегі мақсаты – өнерін артындағы ұрпаққа мұра болып қалдыру.

Ісмер ананың қолөнер саласындағы еңбегінің жоғары бағаға ие болғандығы туралы қуанышты хабар жетті. Түркі халықтарының мәдениет қорының «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткен қолөнершілер көрмесіне қойылған киіз үйлері түсірілген таспалары арқылы Дәмелі Құсайынқызы жеңімпаз деп танылып, халықаралық қолөнершілер одағының мүшелігіне қабылданғандығы жөніндегі арнайы куәлік пен төсбелгіні қор қызметінің БҚО бойынша атқарушы өкілі, танымал өнші Ажар Сейтенова арнайы келіп, табыс етті.

Өлең мен өнерді қатар алып келе жатқан Дәмелі Құсайын-

қызының жуырда ғана «Бөрлі ауданына -75 жыл» мерекелік медалімен марапатталуы да оның қазыналы өңірдегі қоғамдық еңбегіне берілген баға іспеттес.

Бойындағы адам сүйсінерлік жарқын мінезі, қарапайым жаратылысы, қонақжайлылығы, «ұлтым, елім, қазағым, тілім» деп соққан жүрегінің лүпілі, адалдығы мен жан дүниесінің байлығы Дәмелі Құсайынқызын әрқашан өзгелерден ерекшелеп тұрады. Жас ұрпаққа ұлттық салт-дәстүрімізді, ана тілімізді, мәденетімізді насихаттап, өмірден білген-түйгенімен бөлісіп жүретін абзал ана туралы айтылар бір үзік сыр осындай.

Айгүл АХМЕТОВА.



ӘКЕМ - СОҒЫС ҚҰРБАНЫ

Зарыға күткен қызыңмын,
Артыңда қалған ізіңмін
Жеңіс күні таялды
Көңілім тағы бұзылды.
Аз болған жоқ арманым,
Өлгеніңе нанбадым,
Тірліктегі тұяғың
Өзің бола жаздадым.
Өзімді көп қайрадым,
Мақсатымнан таймадым,
Жылдар ұзаған сайын
«Жан Әкем» деп сайрадым.
Тек жатқызбай молаңда,
Аруағыңды аунаттым.
Місе тұтпай оған да,
Жаумен іштей жауластым.
Кетсең-дағы сағындым,
Жарты ғасыр алыстап.
Тағдырыма бағындым,
Күшім жетпей алыспақ.
Күдерімді үздірді,
Алпыс жылдан асқасын.
Қазанды анық білдірді,
Түсті талай басқа сын.
Қабіріңді іздеуге,
Дауаламай тұр жүрек.
Намысымды үрлеуге,
Денсаулық тұр үлбіреп.

Қан қысымым жоғары,
Жолға шығу қиындау.
Қалай етсем болады?
Шықпай қойдың миымнан.
Сағынышым дестелі,
Іздемесем, кеш мені.
Бір лланың қолында
Тағдырымды шешпегі.
Міне, Ұлы Жеңіске,
Алпыс бес жыл таялды.
Жоқтауыма келіссең,
Бермейсің бе аянды.
Қуат құйып бойыма,
Елестеші көзіме.
Шабыт беріп ойыма,
Демеу болшы өзіме.
Батырлардың жұрнағы -
Әкем соғыс құрбаны.
Ұрпағымын мен оның,
Тұяғымын тылдағы.



ӘКЕ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Отандастар, бәрің де армысыздар!
Сәлем десем алыстан алармысыз,
Көне көздер, қарттарым, бармысыздар,
Көзін көрген әкемнің болармысыз?!
«Госпитальда жатырмын, жаралымын»,
Деген хаты келіпті апасына.
Хатын оқып зарлаған қарағының,
Шек болмапты апаның қапасына.
Майдандастар білер де, үмітім зор
Есенбаев Құсайын әкем аты.
Кеудемді әлі тырнайды өкініш сол,
Сақталмапты жолдаған соңғы хаты.
Қыз болсам да әкемнің тұяғымын,
Дәмеленген ұл ма деп, қиялымын.
Отанның қамқорлығы арқасында,
Білім алған жан-жақты зиялымын.
Мөлдір аспан көгімде төңкерілген,
Таң нұрымен жиегі көмкерілген.
Бейбіт өмір тілеген бір қызыңмын,
Мұңсыз өмір сүретін ертеңімен.
Қайран әкем армандап ізбасарын,
Дәмелі деп қойыпты есімімді.
Дүниеге келіппін жазға салым
“Аш”, - деп жылап “дүние, есіңді”.
Қызығымды жан әкем көре алмапты,
Аттаныпты елі үшін қан майданға.
Сол кеткеннен ауылға оралмапты
Сағыныш боп үміттер сарғайғанда.
Өтсе-дағы қанша жыл сағынамын,
Жан әкемнің аялы алақанын.

Кейде жүрек сыздайды неғыламын,
Өзі ұшырар еді ғой балапанын.
Есіме алып кей кезде кетейін де,
Алыстаған аяулы бала шағым.
Менің де жүр бір арман көкейімде,
Ұзартсам деп әкемнің болашағын.
Соқ, жүрегім, мәңгілік тоқтамашы,
Ешбір елмен жоқ менің бақталасым.
Бейбіт өмір сүрсінші бар тіршілік,
Ешбір пенде қаруын оқтамасын!



ЕСКЕРТКІШТІҢ ТҮБІНДЕ

Оян, бабам, бір аунап жат, келді ұрпағың қасыңа,
Илан маған, жалғастырам есіміңді, жасыма.
Болат касқаң, сұр шинелің, бес қаруың асынған,
Аңыз болып айтылады ғасырлардан ғасырға.
Тасты қашап, ойып жазған есімдердің тізбегін,
Көзбен тінтіп келген сайын өзіңді, әке, іздедім.
Қиял кештім, қиян кездім, іздеріңді іздедім,
Сен туралы дерек тыңдап, күдерімді үзбедім.
Оян, бабам, бір аунап жат, өлген жоқсың, тірісің,
Жүрегіңмін соғып тұрған, алып тұрған тынысың.
Отан үшін болдың құрбан, сондығыңмен ұлысың,
Ұрпақ үшін болдың құрбан, содан мәңгі тірісің.
Оян, бабам, бір аунап жат, Жеңіс күні келгенде,
Ескерткішті шыр айналып ұшса торғай, ол мен де.
Шымырламай қалмас жүрек ескерткішті көргенде,
Шыр-шыр еткен бозторғайды, сені іздеген ол мен де.

Тоқта, ұлан, сәлі аялда ескерткішке келгенде,
Жаса тағзым, бұл ескерткіш - Отан үшін өлгендер.
Тыңда, балам, ешқашанда соғыс-өртке жол берме,
Ата-бабаң қаруын ал, елге қатер төнгенде.
Жанталасқан жауыздарға ұлтарақтай жер берме,
Жалғыз жауға жер бастырма, кеңірдектен шеңгелде.



ӘКЕ

Сыр жаздым сөз маржанын өріп тұрып,
Көрсетпей көз жасымды төгіп тұрып.
Сен жайлы талай толғау жаздым, әке,
Бір-бірлеп қабырғамды сөгіп тұрып.
Сен жайлы бұрын да жыр толғап едім,
Бұл күнде егеменді болған елім.
Соғыстың құрбаны боп қалып қойдың,
Ол кезде Совет елін қорғап едің.
Білемін ғой тіріліп келмесіңді,
Қиналғанда қол ұшын бермесіңді.
Жиі-жиі өзіңді еске алу,
Айналып тұр әдетке, терге сіңді.
Демеші кіндігімен ұл қалмады,
Қиылған ғұмырыңды қыз жалғады.
Айтылған аңыздардан естіп жүрміз,
Айтпаған сіздер жайлы сыр қалмады.
Әке, сені әрдайым еске аламын,
Әкесі едің бес қыздың - бес баланың.
Өлеңімнен ескерткіш орнатпасам,
Сезесің бе, жан әке, кеш қаламын.

Өсіп-өнді бес қызың, байға барды,
Басқа ошақта қайнатты тай қазанды.
Мен өлген соң, өзіңді кім жоқтайды,
Жан әкем-ау, сүйегің қайда қалды?
Жоғалды қобдидағы құралдарың,
Құралдан өзің жайлы сыр аңғардым.
Есіме өзің талай түскен кезде,
Қолыма ине ұстап жұбанғанмын.
Жан әке, қызың жайлы біліп қойғын,
Іс істеп, бар қайғымды түріп қойдым.
Екеуімізді іздейтін ескерткішті,
Тірлікте көз майыммен тігіп қойдым.
Рухың ұлды жоқтап жүрмесін деп,
Ез ұлдарға көзіңді сүзбесін деп.
Есіміңмен өзіңнің жүрмін, әке,
Өлмеген Құсайынды іздесін деп.
Білмеймін менде жұрттың несі кетті,
Жолымды талай пысық кесіп өтті.
Алатын биігіме жақындасам,
Алдымнан тартып алып өшіретті.
Намысым талай рет қамшыланды,
Қайғымды жазған сырым аршып алды.
Жинасам терең тегеш толар ма екен,
Көрінбей көзден аққан тамшыларды.
Ойға алсам толғауымның әр данасын,
Жете алмай сан-шегіне таңғаласың.
Уақыт емші дегенге нансаң, жұртым,
Жаза алмай жүрмін әлі жан жарасын.
Үрлейтұғын үмітті оттығым бар,
Азды-көпті алынған шоқтығым бар.
Алынбаған қамал мен биіктіктер,
Жан әкем-ау, өзіңнің жоқтығыңнан.

Бейіште рухыңа тыным берсін,
Жоқтаушым шыр-шыр еткен қызым дерсің.
Сүйегің қай арада жатса да, әке,
Жырымды қойып жүрген гүлім дерсің.



ӘКЕМ ЖАЙЛЫ БІР ДЕРЕК КҮТІП КЕЛЕМ

Уақыт емші, жан-жарам бітіп келед,
Жазылмай жүр өлеңмен үтіктеп ем.
Елу алты жыл толды Жеңіске де
Әкем жайлы бір дерек күтіп келем.

Ойламадым ұмыту амалдарын
Сезбей өстім әкедей қамал барын
Отан үшін, мен үшін құрбан болдың,
Есіміңді өшірмеу - бар арманым

Өсіп-өндік, есейдік, толыстық та,
Өмір сүрдік жоқ-жұтаң тар кезеңде.
Жетімектер әкесін соғыс жұтқан,
Алға үмітпен қарадық әр кезеңде.

Арманым бар жетерлік бір адамға.
Ала алмаған өмірден сыбағам бар.
Бәрі сенің жоқтығың деп ойлаймын,
Көкіректен қыстығып жылағанда

Қиындық бар қай жерде, сұрандық біз,
Жұмыс десе, білекті сыбандық біз.
Соғыс кезі әкені сағынғанда
Папалап әнге қосып жұбандық біз.

Әкеңменен полктас болдым десе,
Бір окопта сан рет қондым десе,
Сол атаны оллаһи әке қылам
Өз қолымнан жер қазып көмдім десе.

Хабар күтем бір жерде тірі жүрсең,
Өлі болсаң, бақыл бол, қалай қылам.
Санамаймын елдіге бұны біл, сен,
Оралмаған соғыстан талай қыран.

Қайғым қалай қайталап оянбайды,
Әкем орнын көңілден жоя алмаймын.
Әкемізден бір дерек табылғанша
Жоқтауыма мен нүкте қоя алмаймын.



ҰЗАҚ ЖАСА, МАЙДАНГЕР-ҚАЙСАРЛАРЫМ!

Болмайды, әке, толқуға мына маған,
Жеңіс күні жылым жоқ жыламаған.
Қан қысымым жүр еді көтеріліп,
Келіп тұрмын қалпымда шыдамаған.
Жоқтағанда қыздарың тылда қалған,
Сай-сүйегі талайдың сырқыраған.
Бір аунап жат, жан әке, тыңдап ал да,
Құлыныңның дауысын шырқыраған.
Жанып алып лапылдап, сөну үшін,
Жаратылған адамзат өлу үшін.
Оралмасын өлгеннің түсінсем де,
Келіп тұрмын сіздерді көру үшін.

Арпалысқан ажалмен қайсарларым!
Мүмкін бәрін жеткізіп айта алмадық.
От-жалынға оранған Жер-Анамен,
Көк аспанның көрдіңдер шайқалғанын.
Кеудеңдегі отыңды батыл жақтың,
Батыл жақтың, жалынын лапылдадтың.
Щұңқыр қазып пана ғып, құм жастанып,
Жеңіс күнін осылай жақындаттың!
Күнді түнге, түнді күн жалғастырған,
От-жалынға жастығын алмастырған.
Майдангерлер, тойларың тойға ұлассын,
Бейбіт елдің төрінде малдас құрған!
Көп жасаңдар майдангер-қайсарларым,
Ұрпағына ұрпақтар айтар бәрін.
Оққа тосып кеудесін, қанын төгіп,
Өтеуіне Отанын қайтарғанын.



МАЙДАНГЕРДІҢ ҚЫЗЫ ЕКЕМ

Қазынам менің басымда,
Сыртына шыққан бөлігі.
Әкемді күттім, расында,
Аңсаумен өтті өмірім.
Алпыс жыл күтіп жүріппін
Соңына түсіп үміттің.
Жеңіс күні жеткенде,
Көз жасын талай іріктім.

Кезімде іштей жылаған,
Бермеді хабар бір адам.
Майдангердің қызы екем,
Сағыныш жылын құраған.
Өлді деп хабар естілді,
Алпыс жыл өтіп, кеш білдім.
Күткенім жақсы еді ғой,
Бұл хабар үміт кестірді.



ӘКЕМ ДЕ СЕН – ЕЛ, АНАМ ДА СЕН – ЕЛ АҢСАҒАН

Елім деп келіп, езіліп кетем ішімнен,
Аулымда мені күтпесін ешкім түсінгем.
Анам да кетті, бауырдың бәрі бақилық,
Туған ел барда еңсемді бірақ түсірмен.
Бас тіреп барар үйімді қайдан іздеймін,
Ойланып алам, қай үйге барам, білмеймін.
Қонармын қайда, қаңқылдап келсем еліме,
Қанаты сынған аққумен қазір бірдеймін.
Танитындарың есікті қатты жаппаңдар,
Төркіннің бәрі төмпешік болып жатқандар.
Қамығып іштей моладан барып іздеймін,
Серпіліп қалам, құлпытастарын тапқанға.
Мен жайлы егер айтылса жылы лебіздер,
«Апа ғой «Әке» кітабын жазған» деп іздер.
Білмегендерің сұрастырыңдар білгеннен
Дәмелі апа Құсайынқызы деңіздер.

Жеңіске ертең алпыс бес жыл толарда,
Еліміз қандай көрсетер құрмет оларға?
Өсіппін сезбей әкенің жылы лебізін
Соғыс қой жұтқан, әкеден адам озар ма?
Адамдар аз ғой танитын бізді көзкөрген,
Ұрпақтар өскен, елімнің өңі өзгерген.
Сағыныш елге аялар асыл сезім ғой,
Дәлелдеп жату қиындау артық сөздермен.
Сағынам елді, келеді көргім қаншама,
Әкем де сен – Ел, анам да сен – Ел аңсаған.
Сағыныш жүгін көтеріп жүр ғой шырылдап,
Торғайдай жүрек болса да мықты қаншама.



АРМАҢДА КЕТКЕН АНА

Соғыс кезі, шілде айы, күн дегенің жанып тұр,
Айдалада жалғыз ана қолда таяқ, налып тұр.
Екі көзі батыс жақта, сорлы ана жылайды,
Көз жасы оның бетін жуып, омырауына тамып тұр,
Сол күні ана атқарып жүр мал бағатын кезегін,
Қасында оның қабы жатыр, тере жүрген тезегін.
Майдандағы қос құлынын сағынып жүр мұңлы ана,
Сағынып жүр қос құлынын жарып шыққан өзегін.
Соғыс өрті батыс жақта деп еститін мұңлы ана,
Батыс жаққа қарап тұрып күңіренеді толғана.
Ғинатжаным, Ғиззатжаным, қос құлыным, сағындым, -
Дейді ана, - біріңнен де қалмады ғой қолғанат.
Зәнзебіл деп аталатын көрші шешем болатын,
Күтүменен өтті байғұс майданнан қос қанатын.

Қасіретке толып кеткен көкірегін сол ана,
Әлсін-әлсін жасын төгіп, сәл ортайтып алатын.
Сонда да ана күн-түн демей еңбек етті, жатпады,
Қос құлынының суреттерін қос ұлындай баптады.
Сандықтағы сарғыш тартқан қос құлынының суреті,
Сол анаға серік болды, бар өмірін сақтады.
Ана жүрді өмір бойы қос ұлынан хат алмай,
Үйде оның қарты отырды аяғынан баса алмай.
Ұлы келмей, келін алмай, немере де сүйе алмай,
Өтті сөйтіп бір отаудың шаңырағы жасармай.
Бар ананың зарыққаны - сұм соғыстың зардабы,
Қан майданнан оралмады ананың қос ардағы.
Жылдар жылжып өттіп жатты, қос құлынын
көре алмай,
Сол ананың көз жұмғанда іште кетті арманы.



АНА ЖҮРЕГІ

Қуанышым, көз нұрым, қарашығым,
Сезе ме екен жүрегін анасының.
Жамандығын жанымның көрмей жүрсем,
Табар еді-ау тағдырым жарасымын.
Кеп қараймын, құлыным, қабағыңа,
Отырамын қуанып талабыңа.
Сен қуансаң мәз-мәйрам боп жүремін,
Бөленемін бақыттың шапағына.
Сәл ұзасаң отырам алаң болып,
Кетсе екен деп тілеймін адам болып.

Бір адамға қиянат ете көрме,
Алданышым өтейін панаң болып.
Мүлік қуып, құлыным, артынбай жүр,
Адамдықтан ешқашан тартынбай жүр.
Қиындық та кездесер бұл өмірде,
Уайым шегіп ешқашан сарқылмай жүр.
Басың аздап ауырса, жаным шығар,
Жақсы болсаң, жан ботам, бағым шығар.
Ауыр тисе бір сөзім жай түсіндір,
Қатты айтсаң, құлыным, сағым сынар.
Ұқшы жаным, бақыттың не дегенін,
Жақсы болсаң мен мәңгі көгеремін.
Қара суды уайымсыз ұрттағаным,
Үлде менен бұлдеге бөлегенің.



ӘЛЕМНІҢ ТОҒЫЗЫНШЫ АЙМАҒЫМЫН

Әлемнің тоғызыншы аймағымын,
Осындай жер шарында орыным бар.
Қонақжай мінезім бар жайдарылы,
Жайылған бұғы-марал қорымым бар.
Көгілдір желбіреген байрағым бар,
Күн арқалап құс қанат жайғанында,
Көңілім шалқып ала жөнелгенде,
Шаттықтан кеудем кернеп сайрадым да.

Қанатты қос тұлпар мен шаңырақты,
Елтаңбам да көңілімді жадыратты,
Кеудем де күмбірлеген күйге толы
Күй сазын сазгерлерім жамыратты.

Сан түрлі аттары бар тауларым бар,
Шеқараға көз жетпес аумағым бар
Өзенім, көлдерім көп мақтан етер
Балығы сан құбылып аударылған.

Сан түрлі қазыналы, жерім жұмақ.
Сырым көп айтылмаған менің бірақ
Ұлтта көп мекендеген жерімізді,
Қазақтың салтанатты елін құрап.

Мейірімді, құшағым кең халық болам.
Маңыма шуақ шашып жарық болам.
Әлемде ойып алар орыным бар
Еңселі қазақ деген-Алып болам!

25.04. 2009 жыл.



ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ЖАСАСЫН!

Осы мейрам - бақыт күні басы ашық,
Бодандыққа оралмастай тас атып.
Еркіндігін жеңіп алған халқымның,
Тәуелсіздік мерекесі жасасын!
Көкте ұшқан құс қанаты талатын,
Ұланғайыр қазағымның даласын.
Мекендеген саналуан халықтың,
Достықтары танытқандай жарасым.

Қыспақ көріп шашыраған әр елге,
Қазақ деген бауырларға сәлем де.
Ақ ниетпен достық құшақ жаятын,
Қазақтардай ел бар ма екен әлемде.
Қазақстан - мақтанышым, кең далам,
Ата-анамдай ыстықсың ғой сен маған.
Менің алтын ақ бесігім тербеткен,
Кеңдігіңдей пейіліңді бер маған.



ЕЛБАСЫНЫҢ АРМАНЫ КЕЛЕЛІ ЕКЕН

Ағылуда халықтар Астанаға,
Қарық болмақ халқы да баспанаға.
Қиындыққа қайыспай қарсы тұру,
Өр мінезді лайық жасқа ғана.
Астанамыз әдемі, халқы да жас,
Түсті жастар сан түрлі талқыға да.
Қиындыққа шыдады, шынықты да,
Қызығын да көретін халқы ғана.
Тойлап жатыр тұрғындар жас қаласын,
Мақтанышпен сүйеді Астанасын.
Көз тоймайтын көркіне қанықтырып,
Қала халқы өсірмек жас баласын.
Қала халқы дүрлікті, алаңдады,
Көрі, жасы тер төкпей қала алмады.
Сан-алуан әдемі ғимаратты
Еңбек етіп күндіз-түн тәмамдады.

Экраннан көрсетіп, тамсандырып,
Жарнамалап әлемге жар салдырып.
Астанаға ағылған халықтарды,
Салтымызбен қазақи қарсы алдырып.
Қолымыздан өрелі іс келеді екен,
Еңбек етсең нәтиже береді екен.
Алған ісін жеткізді аяғына,
Елбасының арманы келелі екен.
Орындалды халқының ішкі арманы,
Облыстар шашудан тыс қалмады.
Күн-түн демей орнатты Астананы,
Басшылардың көрінді ысталғаны.
Көп қолдады Елбасын, көңіл толды,
Ұқсап кетті Астана ертегіге.
Субұрқаққа, көп гүлге өңір толды,
Мақтанышпен қарайсың ертеңіңе.
Монғолия, Қытайдан атпен келді,
Бір ай жүріп араға баппен келді.
Шетелдегі қазақтың тектілері
Жүрекжарды сағыныш ап келгені.
Желбіретіп көгілдір жалауларын,
Жағу үшін сағыныш алауларын.
Ат сабылтып келгендер атажұртқа,
Таңдап мінген жылқының жарауларын.
Қазақтарға жар салды әлемдегі,
Азабымен жол жүрген дәлелдеді.
Шашу шашып қарсы алған қандасына,
Көкіректен қыстығып “Сәлем!” деді.
Құлағыммен естідім нанасың ба?
Мыңға жуық тілші бар арасында.
Сегіз жүздей шақырған қонағы бар,
Шетелдік бар, бұрынғы Одағы бар.

Мың тірілген, мың өліп, қайран халқым,
Тәуелсіздік тұғырың мықты болсын.
Бақ қонғанда басына сайран салсын,
Ұлың батыр, келінің жүкті болсын!



ЕЛБАСЫНА

Арналғанда өлеңім Елбасына,
Шалқар шабыт легі кел басыма!
Ел тағдырын мойнына алып тұрған,
Елбасының амандық бер басына!
Парасаттың биігін, дарын берген,
Бір басына өнердің бәрін берген.
Қара нарға қайқайтып жүк артқандай,
Нұрсұлтанға халқының қамын берген.
Нұрсұлтандай сұңқардың шырқары шың,
Жыр толқыса кеудеңде бұрқанасып.
Жыр алыбы Жамбылға бала болсаң,
Қарасайдай батырдың ұрпағысың.
Әйтеке ме, Төле ме, Қазымысың,
Халқың үшін арналды жазы-қысың.
Күй толқыса кеудеде күмбірлеген,
Нұрғисадай әуеннің сазымысың?!
Мәртебемді көтеріп биіктеттің,
Отаныма көп ұлтты ел сыйып кетті.
Кең пейілін дәлелдеп дархандығын,
Қазақ елін дәл қазір иықты еттің.

Қазақ елі болғанын әлемдегі,
Жер шарына дөңгелек дәлелдедің.
Әлемдегі әр елдің корольдері,
Елбасына түзеді сәлемдерін.
О тәңірім, қолдай көр Елбасымды,
Әл-Фараби, балаңа бер жасыңды.
Арыстанның күшін бер, айбатын бер,
Маңдайына жазған соң ер ғасырды!
Иығына салып тұр заман жүгін,
Ақылына зер салды ғалам бүгін.
Ойын толғап парасат биігінен,
Танытып жүр халқына адалдығын.
Көріп мақтау шарт емес көзіңізді,
Назар қойып тыңдаймыз сөзіңізді.
Сізге сеніп тағдырын тапсырған ел,
Хан сайламақ қайтадан өзіңізді.
Ел атансақ кең пейіл егеменді,
Саясаттың арқасы көрегендік.
Халқыменен қауышқан Елбасына,
Ел анасы - батасын берер енді.
Мәңгілікке атыңыз қалар болды,
Дұрыс таңдап алдыңыз барар жолды.
Бейбітшілік аңсаған әлем халқы,
Сізден үлгі-өнеге алар болды.
Ақыл ойың, санаңды кір шалмасын,
Сара жолға халқыңды бір салғасын.
Дамылдарсың, сапарың ұзақ болғай,
Асқақтатсын атыңды жыр, сан ғасыр.
Ұрпақ үшін отырмын, алаң болып,
Апаң болып айналдым, анаң болып.
Ағыл-тегіл берелік батамызды,
Ата-бабам көрген жоқ сараң болып.

Ата-бабаң рухы жебей жүрсін,
Жоқшылықтан құтылып кедей күлсін
Бейнетіңнің зейнетін елің көріп,
Ақ батасы халқыңның демей жүрсін!

1998 жыл.



ҚАЗАҚСТАНЫМ

Қазақстаным - бесігім алтын тербеткен,
Ырыздық дәмді өзіңнен еміп ер жеткем.
Өзімдік емес, өзгенің жұмақ өлкесі,
Жақсы да болар, өзіңе бірақ келмес тең.
Қазақстаным - кең байтақ менің мекенім,
Кей кезде сені қиялмен шарлап кетемін.
Шет жерге шығып жұмаққа аялдасам да,
Отаным менің өзіңе аңсап жетемін.
Қазақстаным - дарындылардың ордасы,
Қойныңда сенің жиналған байлық хордасы.
Халқың да сенің, өзіңе тартқан кең пейіл,
Жаны да жомарт, анасы өзің болғасын.
Қамқорлығыңды қайтарар екем мен немен,
Тауқыметіңді тартайын бірге елменен.
Риза болсаң көкірегімде тербеткен,
Қосайын жырға шабытым қысса селдеген.
Көгілдір газың шапшыған көкке алаулап,
Сөз етіп жатыр бар әлем оны жалаулап.
Мұнай теңіздің үстінде тұрған Отаным,
Болашағына көкірек көзбен қарау бақ.

Республикам - Қазақстаным - мақтаным,
Молығып халқың, ашылар қашан бақтарың.
Елбасының еңбегін көріп отырмыз,
Жер шарыменен байланыс жасап жатқанын.
Қазақстаным - сүйеніш, тірек қорғаным,
Көгілдір көлің, асқар тау, көкшіл орманың.
Далаңдай дархан, қызындай нәзік жүрегің,
Жарылыстардан жараланбаса болғаны.



АЛМАТЫДА

Тарих барма шындыққа бұрылмаған,
Шешендігің аян-ды бұрын маған.
Ел қорғаған ерлігің жайлы бүгін,
Ұрпағыңа естілді Сырым бабам.
Ақиқатты адам ба талдамаған,
Мен естімеген заман жоқ зарламаған.
Ғасырлардың қойнауын ақтарғанда,
Ұрпағы жоқ батырын аңдамаған.
Шыбын жанын халқы үшін қинап өткен,
Ер намысын бойына жинап өскен.
Адал ұлын, батырын шешендерін,
Халықпыз ғой ежелден сыйлап өскен.
Өзгелерге кетсе де несібеміз,
Өз елімнің төріне кеш иеміз.
Жомарт және қонақжай қазағымның,
Мінезіне тапқырлық бас иеміз.

Сыр сандығын сақтаған жүрегіне,
Сырым бабам сенбеген білегіне.
Тапқырлық пен шешендік қасиеті,
Жаудың мысын қайырған жүре-жүре.
Өзге жатса барымды пайдаланып,
Намысына ақылын қайрап алып.
Халқын алып шығатын қиындықтан,
Бір Сырымның туары айдан анық.
Ұрпағымыз өйткені Сырымдардың,
Ана тілім, байлығым, жырымдалды.
Аруағы бабамның - қолдап жібер,
Мақпал жерім өзгеге тұлымдалды.
Ұшып барып ұшақпен астанаға,
Сізге арнап ас бердік Астанада.
Аруағың қолдаса ұрпағыңды,
Бұдан биік бақыт жоқ басқа маған.
Астанада бабама ас берілді,
Кешір бабам, кеш ұқсақ қастеріңді,
Ұрпағыңа тойыңды тойлап барған,
«Сырым елі» делінген ат берілді.
Ат шаптырдың, палуан күрестірдік,
Қазан астық, нан-шелпек үлестірдік.
Астанаға ұшақпен-ұшып барып,
Киіз үйін қазақтың түнеттірдік.
Тарту еттік кілемді палуанға,
Бата еткіздік, сүйректей жануарға.
Астанада төр сізге тиіспесе,
Ризамыз ағамыз Әнуарға.
Сыйлы қонақ келсе егер елге-бізге,
Ризамыз Орынгүл жеңгемізге.
Астанада төр сізге тиіспесе,
Кешірім ет елдегі пендеңізге!

Батыс болып ас бердік, шығыс болып,
Жеткізілді бес үйге ыдыс толып.
Аға-жеңгей, бабаңның фатикасы,
Ыдыс пенен үлессін, ырыс болып.
Өнер әлі жалғасын табар деймін,
Ғасырынан орынын алар деймін.
Басып өткен жерлерде Сырым бабам,
«Сырым батыр» есімі қалар деймін.
Мынау ғасыр бір Сырым туар деймін,
Сырым жолын сол ұрпақ қуар деймін.
Жібірілген ездiкпен кемшілікті,
Күтіп жүрген жас
Сырым жуар деймін.



ҚАЗАҚ - МЕНІҢ ӨЗ АТЫМ

Біз - қазақпыз, пейілдері жарасқан,
Дала жайлап, көші болған көрікті.
Төбемізден төңкерілген кәрі аспан,
Тарихымды көзіменен көріпті.
Аң мен құстың тілін ұққан халықпыз
Ал әуенге уызынан жарыппыз.
Дала жайлап, көкте күнмен сырласып,
Жымыңдаған жұлдыздан сыр алыппыз.
Көш түзеппіз құс жолымен бағыттап,
Қазақтардан туған талай алыптар.
Таңды-таңға ұластырып ән салсақ,
Дауысымыз кетеді екен шарықтап.

Арғымақпен жарысқанда озатын,
Халықпыз біз айға қолды созатын.
Сақ та емес, ғұн да емес, таласам,
Қырғыз емес, нағыз қазақ - өз атым.
Мақтанамын, қазақ - менің өз атым,
Ұл да тудым ғарышқа қол созатын,
Құшағым кең, қонақжаймын, салтым бар,
Ол жағынан әлемге үлгі болатын.
Адамды адам ететұғын - еңбегі,
Бойымдағы бар жақсылық мендегі,
Көп іздендім, оңайлықпен келмеді.
Өмір көріп, араласпаса адаммен,
Тұйықтыққа тірейді көп пендені.
Білмедім деп айта аламын мен нені,
Адам жайы әрқилы ғой жердегі.
Білгің келсе, ортаңменен аралас,
Араласпай аша алмайсың пердені.
Көп көргеннен жан шығады зерделі,
Ей, адамдар, араласайық, кел бері.
Тіршіліктен менің түйіп, білгенім,
Адамды адам ететұғын – еңбегі.
Білгенімнен білмегенім көп екен.
Білмегеннің кеудесі де көр екен.
Бұл өмірден менің алған сабағым,
Адамдардың көп білгені жөн екен.



ОТАНЫМ АЛТЫН - БЕСІГІМ

Үйреткен өзің тотыңмын,
Үрлеген өзің отыңмын.
Сүйікті менің Отаным,
Төріңде сайрап отырмын.
Ұшырған өзің түлекпін,
Қияға қанат қомдаймын.
Түбінен терең жүректің,
Шегі жоқ сәлем жолдаймын.
Ұшсам да самғап қияға,
Қонамын қайтып ұяма.
Көрсеткен шексіз қамқорлық,
Санасам санға сыя ма?!
Ұшқанша баптап балапан,
Алақандардан алақан.
Қамқорлық шексіз халқыңа,
Айналайын, ұлы Отан!
Қатайып ұшты түлегің,
Өзің деп соқты жүрегім.
Айналдым - алтын бесігім,
Аман бол, Отан тірегім.
Айналайын немерем,
Қылықты едің не деген?!
Сенің туған күніңді,
Ризалайын неменен.



МАҚТАН ЕТЕР ОТАНЫМ БАР

«Қарашығанақ» әлемнің назарында,
Байлығымыз осында базарында.
Айға шапқан арыстан ел атандық,
Жер қойнының байлығы ғажабында.
Бостандықтың іргесі түрілгесін,
Көзбен көріп шындыққа жүгінгесін.
Ертең әлі-ақ байыған ел боламыз,
Ағайынға айтыңдар, түңілмесін!
Мешіттерге жайылды жайнамазымыз,
Тыныш тұрып пайдаға біз шыға алсақ.
Еңбек етсек тер төгіп, сонда ғана,
Қуатты елге ертең-ақ айналамыз!
Күш-қуатты бойдағы қопарыңдар,
Жайлауым бар, жайылған отарым бар.
Жер менікі, көктегі күн менікі,
Алшаң басып жүретін Отаным бар.
Әлем сөзін қостаған көсемім бар,
Кекілбаев Әбіштей шешенім бар.
Ел боп тұрсаң, ағайын, бәрі де бар,
Кешегім бар, бүгінім, ертеңім бар.
Тойлар тойға ұлассын, бауырларым,
Ағайындар шираңдар ауылдағы!
Кедейлікті қуыңдар, еңбек етіп,
Жас батырдай алысқан дауылдағы!



ЖАРАЙСЫНДАР, ҚЫРАНДАР!

Әлемдік жұдырықты бастап қатты,
Боксерлер ел мерейін асқақтатты.
Кездескен қилы-қилы қиындықтар,
Қырандардың жігерін жасқатпапты.
Шынығып келе жатқан, қырандарым,
Құп болды елдің атын шығарғаның.
Рухың асқақ тұтқан еліміздің,
Тағы да орындалды бір арманы.
Бұл жеңіс Астанаға шашу болды,
Кеуде қаққан елдерге басу болды.
Баптауларың біршама кем болғанмен,
Жеңістерге айқын жол ашу болды.
Ел болып, Елбасы боп қызықтадық,
Зор атақ - екінші орын, ұмытпалық.
Атағы алыс кеткен талай елдер,
Жатқанда құрамадан шығып қалып.
Өз елін мойындатқан шет елге де,
Көруін Елбасының бекер деме.
Ортада жанкүйер боп отыруы,
Жіберді ел рухын көтермелеп.
Байқалды кей жігіттің аз баптары,
Жеңілді жеңіп кете жаздап барып.
Састырды дегенменен біздің ерлер,
Қубалық алты-жеті марқасқаны.
Сайыста еселері кеткенімен,
Тағынды күміс медаль шеттерінен.
Сүйекке жеткізбеуге күшін салды,
Намысы өткенімен еттерінен.
Сендерді бапкерлерің қалай шыңдар,
Күтіп тұр алдарыңда талай сыңдар.
Жеңіс алды алынған екінші орын,
Жарайсыңдар, қырандар, жарайсыңдар!

ОТАНЫМ МЕН СЕНИҢ АРҚАҢ

Қан майданнан оралмаған азаматтың жарысың,
Майдан үшін жөнелтілді сенің тапқан табысың.
Ер адамша киініп ап аққала да қаладың,
Қалмадың сен ешқашанда азаматтан қалысып.
Ер адамша киініп ап пішенді де тасыдың,
Жылағанда шығарсың-ау бізден талай жасырып.
Талай түнде сығырайған жайдақ шамды жарық қып,
Қолғап тоқып қан майданға жаттыңыздар асырып.
Талай-талай шымнағойың баспана да салдыңыз,
Еңбекте де озат болып, талай мақтау алдыңыз.
Облыс пен екі ортаға өгіз жегіп ай жүріп,
Бала-шаға, шал-кемпір боп обоз айдап бардыңыз.
Жалғыз-жарым малыңызды соқаға да салдыңыз,
Көрші-көлем бөліп ішіп, жейтін едік барды біз.
Қант орнына сарсу тістеп, нан орнына жуа жеп,
Ұлан-ғайыр Отанымды жаудан қорғап қалдыңыз.
Әйел болып, көйлек киіп жүрген кезің табылмай,
Көп қиналдым сені ойлап, ауыр ойдан арылмай.
Қанша сырлар жатыр екен ақтарылып айтылмай,
Сіздер жайлы қанша жырлар жатыр екен жазылмай.
Анашымды есіме алсам, елжірейді жүрегім,
Көпке дейін үзбей жүрді-ау әкемнен ол күдерін
Қан майданнан оралмаған азаматтар күрегін,
Қолына алып еңбек еткен жесірлердің бірі едің,
Бұл дәуренге жеткеніміз - арқаларың сендердің,
Күйдірмедің, тоңдырмадың, бақтың бізді теңгердің.
Құсайынның талайлары оралмады майданнан,
Жан анашым, өкінбеші, Құсайын боп мен келдім.
Жастай қалдым, жан әкемнің тәрбиесін көрмедім,
Демеші ана «Менің баққан зая кетті еңбегім».

Сенің арқаң, сенің арқаң, Отанымның арқасы,
Кешір ана, кешір Отан, артық кетсем - пендемін.
Ұлы Жеңіс қырық жылы құтты болсын, анашым,
Сексен бесте толтырарсың жетпіс бес жас шамасын.
Туған жылың құтты болсын, жүре тұршы әлі де,
Жүре тұршы, жүре тұршы бізге болып қарасын.



ЖЕЛТОҚСАНДА

Жандарым-ай, жазықсыз жазаланған,
Бұдан асқан сорақы жаза бар ма?
Әлі күнге ызаға булығамын,
Еске алып сендерді азаларда.
Боздақтар-ай, жаралған ар-намыстан,
Бабалардың өрлігін қалған ұстап.
Егер сендер қаһарға мінбесеңдер,
Құлай кетер ме едік жарға жықса.
Жоқ, жоқ, құлай кетуім мүмкін емес,
Құлай кетсек күреспей түркі демес.
Аз халықпыз десек те өр халықпыз,
Өрді ешкім оп-оңай сілкілемес.
Жүректерін сыздатып анасының,
Әке, іні, қарындас, ағасының.
Шаштарынан сүйрелеп қамап жатты-ау,
Түрмелерге қарғадай қарашығын.
Әй, не деген надандық, сорақылық,
Жатпағанмен көшеде оқ атылып.

Жандармдар кәдімгі толып кеткен,
Ататпады-ау аяққа оратылып.
Бұл сұмдықты көргендер көзіменен,
Жатар алды шошынбай көз іле ме?
Нақақ жала жабумен қорқытумен,
Сүйрелеудің тұрады өзі неге.
Қыршындар-ай, бостандық алып берген,
Жолға салып кеттіңдер халықты ерген.
Көзін ашып кеттіңдер соқырлардың,
Тарих айтты болғасын анық тергеп.
Басынудың белгісін байқағасын,
Бодандықтың қақпасын айқара ашып.
Теңсіздіктің құрсауын шешіп беріп,
Құлаттыңдар қамалды шайқап ашып.
Қазақтығын анықтап, жазып жырға,
Жұбан аға айтпаса әділдігін.
Ессіз соқыр сезімдер шыныменен,
Айтар ма еді атуға өзірлігін.



ЗАМАННЫҢ ЖАНҒА БАТТЫ ЗАРДАПТАРЫ

Шықпайды айқайласам дауыс қатты,
Болмыстан шошынамын жан-жақтағы.
Асқардың айтқанынан ауыспапты,
Заманның жанға батқан зардаптары.
Аналар қайдасыңдар, қайдасыңдар,
Бір амал ойласыңдар, ойласыңдар,
Сіздерге ой салуға тиістімін

Ақын ғып міндет артып қойғасын да.
Адамдар бірін-бірі талап жатыр,
Заңгерлер қылмыстыны санап жатыр.
Сіз болып, біздер болып әр отбасы,
Түсе алсақ түзу жолға жарап жатыр.
Шыққыр көз көріп жүр ғой көретінді,
Бейшара әлсіздерге, жанашыр кім.
Айтамын болашаққа не бетімді,
Сөзімді жеткізе алмай алас ұрдым.
Көңілге ақыл айтсақ салмақ қылар,
Қолыңда билігі бар бармақтылар.
Жас келіп күш-қуаты қайтқаннан соң,
Амалсыз үнсіз отыр ардақтылар.
Шындықты айтам шыңғырып қозғағасын,
Жамандыққа кім қияр өз баласын.
Мыңнан алып әр жерде сатып жатыр,
Менің, оның, ананың бозбаласы.
Күдік кірді күмәнді көңілге шын,
Жағдайымыз тарихқа, өмірге сын.
Шетелге ұқсап байимыз деп жүргенде,
Қабырғамыз ырсиып сөгілмесін.
Тоналған ауыл-аймақ еріншегі,
Тонаушы пысықайлар, келімсегің.
Алушы, сатушы да құдайым-ай,
Қазақтың қара торы келіншегі.
Қала барды, қайтадан дала барды,
Қоржын-қоржын заттарды ала барды.
Пәлен есе қымбатқа затын сатқан,
Шыққыр көзім көріп жүр аналарды.
Ұрпақтың қалай болар бақ-талабы,
Саудагер болса көріп жаттағаны.

Заманың осыған кеп тіреген соң,
Мен қалай күнелтем деп ақталады.
Тау тасқа шағылғанда үміттері,
Ақынның өтпей жатыр үгіттері.
Жеңілдің үстіменен жүріп жатыр,
Қазақтың тау қопарар жігіттері.
Қиюы кеткен неғылған заман еді,
Тияр ма едім қолымда болып тетік.
Айналып жер кетпесе жарар еді,
Кеудесі көр пендеге толып кетіп.



ЕЛБАСЫНА СЕНЕМІН

Отырдым көзге жас алып,
Толқыдым іштей және де.
Тәуелсіздіктің басы анық,
Жетті-ау деп ақыр мәреге.
Көтердік нарық жүгін де,
Қиындықтар көп бүгінде.
Жақсылық болар түбінде,
Түңілме, халқым, түңілме!
Арманшылдарды жасқамай,
Азабы жетер тар жолда.
Елбасы халқын бастағай,
Арманы биік ақ жолға!
Ең бастысы, замандас,
Ел бірлігі емес пе!
Елбасы бейне ақ алмас,
Көтеріле берсін белеске!

Ел едік қой жырды емген,
Тойдан тойға кенеліп.
Ел болармыз гүлденген,
Елбасына сенелік!



ОДАҒЫМНЫҢ ТҰТАСТЫҒЫН САҚТАЙЫҚ!

Жүруші едік Одағым деп шырқатып,
О, Одағым ауыр болды-ау сырқатың.
Он бес мүшең он бес жаққа шашылып,
Бір мүшеңнен мен отырмын тіл қатып.
Жете ме екен шырылдаған бұл хатым,
Сауығарма қаптап кірген сырқатың.
Сенің дертің, менің дертім Одағым,
Жүрегімде көк мұз болып тұр қатып.
Қалар едім тұтас тұрған тұлғаңды,
Өнер қалды, жазылмаған жыр қалды.
Тұтастығың бұзылғасын, Одағым,
Жүрегімнен қуанышым ұрланды.
Тез сауықшы әлдилеген бесігім!
Ағат кетсем, О, Одағым кешірім?
Қасіреттен таратылған тұлғаңның,
Өлеңіммен жамайын бар тесігін.
Қайырыларма мандайыңнан тайған бақ,
Халқың жүрді емін-еркін сайраңдап.
Қайда барса қоржындарын толтырып,
Жолаушылар оралатын жайраңдап.

Арымызды дүниеге сатпайық,
Араздасып байлық бөліп жатпайық.
Жанды-жақты ақыл қосып, ағайын.
Одағымның тұтастығын сақтайық.



ТӘУБЕГЕ, ХАЛҚЫМ, КЕЛЕЙІК

Тәуелсіздіктің онжылдық тойы басталды,
Тойларың тойға ұлассын, халқым, демекпін.
Игердік жерді, шарладық биік аспанды,
Тарихты жаздық, тереңнен тартып деректі.
Өрелі істер тындырып біраз тастадық,
Алғашқы он жыл өтті де шықты қас-қағым.
Қиындықтардан жол тауып өтіп Елбасы,
Тұрлаулы өмір сүруге елді бастады.
Қиындық болды, қателік өтті басыңнан,
Бармақты тістеп кездер де болды ашынған.
Қайқаңдап алып, қайыспас қара нарлардай,
Бәрін де жеңіп аттандық жаңа ғасырға.
Шығарып жатқан заңдарда біраз татым бар,
Оң-солыңды тандауға бүгін хақың бар.
Өзіңді-өзің қорғауға және құқың бар,
Тәуелсіз елде «азамат» деген атың бар.
Алмайық шайқап бақыттың шара табағын,
Ашайық байқап уақыттың жаңа парағын.
Біле білгенге Аспан да Күн де сенікі,
Байлығын емсек бақыт сол – Жер-Ананың.

Жаманбыз деп айтпайық халқым, күпірлік,
Жейтұғын нан бар, етейік соған шүкірлік.
Еңсесі биік іргелі елге айналдық,
Ендігі жерде достық пен керек бүтіндік!
Жетімді көрсек қолтықтан сүйеп демейік,
Асқақ рухты көкіректерге себейік.
Төзімі темір халық едік қой қашаннан,
Тәуелсіз елміз тәубеге, халқым, келейік.



ҚАЙРАН ЕЛІМ

Өзіңді қимай көштім, қайран елім,
Қай кезде елге келіп сайрар едім.
Нарықтың пысы басып кетті ме екен,
Шабытым, көңіл-хошым қайда менің.
Қалайша қабағымды жаза аламын,
Ел азды-ау - осы менің жан азабым.
Жүрекке ұялаған көңіл кірін,
Өлеңмен жуып-шайып тазаладым.
Халқыңа сан миллион берешегің,
Ауданым қандай болар келешегің,
Өткізген ғұмырымды қайран елім,
Жаныма неткен ыстық елес едің.
Қайтейін қарынымның тоқтығын-ай,
Елімде биік еді-ау шоқтығым-ай.
Тілегім амандығың, қайран елім,
Тұтатқан өнерімді оттығым-ай.

ТУҒАН ЖЕРДЕН АЙНАЛАМ (Өні бар)

Туған елім жайнаған,
Жайлауы кең айдала.
Саған деген махаббат,
Ешқашанда таймаған,
Туған жерден айналам,
Ақ бесігің тербеткен.
Сенде туып, ержеткем,
Туған жерім болмасаң.
Келерме едім, келмеспе ем,
Туған жерден айналам.
Алтын ұям аттанған,
Көкірегімде жатталған.
Сан жылдарғы сағыныш,
Қиялымда қатталған,
Туған жерден айналам.
Айналайын «Жосалым»,
Арналады осы өнім.
Қайда жүрсем өзіңнен,
Хабар-ошар тосамын,
Туған жерден айналам.
Жайлауың бар қияқты,
Асты шалқар сияқты.
Отырғызбай бір шыбық,
Болып жүрмін ұятты.
Туған жерден айналам,
Адам болып қала алсам.

Туған жердің көркімін,
Айтқанымә шана алсаң,
Ауылдастар - төркінім,
Жүргеніммен шеткері.
Білім алған мектебім,
Ұстаздардың жүздері.
Көз алдымнан кетпеді,
Туған жерден айналам.



ҚАЗАҚСТАН АДАМЫМЫН

Өмір қалай өтіп жатыр, байқамадым,
Бақытты елдің бесігінде шайқаламын.
Менің елім қазақ елі екендігін,
Бар әлемге мақтанышпен айта аламын.
Жаршысымын бейбітшілік ұранының,
Көмейімнен жыр тасқыны тұр ағылып.
Біздің елдің тілейтіні бейбітшілік,
Ұрпағына үйретері қырағылық.
Жаршысымын бейбітшілік хабарының,
Паш ететін бақытты елдің жаңалығын.
Жиырмамыншы ғасырларда өмір сүрген,
«Қазақстан» деген елдің адамымын.

АСТАНАМЫЗ - ЖАСАМПАЗДАР ҚАЛАСЫ

Тоғыз жолдың торабына салынған,
Астанамыз Есілмен қақ жарылған.
Бәйтерегі - Самұрықтың ұясы
Халқымыздың қиялынан алынған.
Алдар көсе, Күнекей мен Мақта қыз,
Аңыздардан біліп өстік жатқа біз.
Мүсіндерің қонақтапты тұғырға
Ал, қанекей, тойды бірге бастаңыз.
Ақ Ордамыз - бейбітшілік қаласы,
Есіл, күнмен шағылысып ағасың.
Рухымды асқақтатып, паң қала,
Адамзаттың ширатасың санасын.
Көзбен емес, көкірекпен қарасаң,
Астанамыз қала болған тамаша.
Қазіргі мен болашақтың ұрпағы
Астанада өмір сүрмек жаңаша.
Ғимараттар салып таңдай қақтырған,
Сан құбылған шамды тегіс жақтырған.
Көздің жауын алатұғын гүлдермен
Астананың салтанатын арттырған.
Елеңдеді адамзаттың баласы,
Астанамыз - жасампаздар қаласы.
Батпағына орман егіп тастаған,
Сәнге оранған қазір Арқа даласы.
Құрыш қолдар темірді өріп байлаған,
Батпақты елді қала қылды жайнаған.
Қала халқы, тойлап алғын, тойдан соң,
Жалғасады қызу еңбек қайнаған.
Тойларыңыз тойға ұлассын, халайық!
Тойды тойлап, сәл демалып алайық.
Шаттығыңа ортақтасып қол соғып,
Тілекшің боп отыруға жарайық!

ОН ҚАЗЫҚ

Өзімді он қазыққа байлап алып,
Отырмын от басында ойға қалып.
Босанып он қазықтан шығар болсам,
Әннен сел ағызарым айдан анық.

Шырмалып он қазықтан шыға алмадым,
Тықыршып бір орында тұра алмадым.
Отырмын жүрегімді онға бөліп,
Байланып он қазыққа мың арманым.

Қазықты қаға түстім тереңдетіп,
Арманды алмаған соң өрем жетіп.
Байланған он қазығым берік болса,
Өтермін енді өмірден өлеңдетіп.

Демеймін ар алдында жазықтымын,
Байлансам он қазыққа нәзіктігім.
Мың жерден мықты болсаң құтылмассың,
Тағдырың қағып қойса қазық қылып.



АЙТАРЫМ КӨП АҚТАРАТЫН...

Ел-ана айтарым көп ақтаратын,
Сыр сандық ашылатын шаққа жақын.
Келбетің көз алдымнан кетер емес,
Түсірген қос жанардың аппараты.
Жырақтау жүргеніме қарамадым,
Қиялмен ой-қырыңды араладым.
Ат ізін араға бір салмағаным,
Жанымды жай таптырмай мазалады.

Малтыймын сағыныштың айдынында,
Ортақпын қуаныш пен қайғыңызға.
Ел-ана, кешіре алсаң кешір мені,
Соғармын дәм-тұз тартқан ай-жылында.



БІЛІМ ҚАЖЕТ

Білім қажет қорғау үшін намысты,
Білім қажет болжау үшін алысты.
Білім қажет түсу үшін таласқа,
Қолдан беріп алмау үшін табысты.
Білім қажет құқығыңды қорғауға,
Білім қажет білімдіні қолдауға.
Мақұрым жан білім, өнер, ғаламнан.
Ешқашан да түсе алмайды ол дауға.
Білім қажет Отаныңды сүйеге,
Қажет болса Отан үшін күюге.
Шешілуі ортақ қиын істерді,
Ақыл-оймен тұжырымдап түюге.
Білім қажет өзгені де тануға,
Өзге елге тайсақтамай баруға.
Өзге елге өз затыңды өткізіп,
Өзге елден керегінді алуға.
Оқы, ұйықта басыңа заң жастанып,
Қалмау үшін ешқашан ар ластанып.
Дұрыс болмақ мектепте заң оқыған,
Басталғаннан мектепте алғашқы «Әліп».

САҒЫНЫШЫМ КЕУДЕМДЕ ДЕСТЕЛЕНГЕН

Кіндігімді өзіңде кеспегенмен,
Сағынышым кеудемде дестеленген.
Көкіректің түбінде тербеткенмен,
Таңғалдыра алмадым ештеңеммен.
Өлкесінде Орынбор туылыппын,
Кіндік қаным сол жақта жуылыпты.
Жосалыда туысым қалмағанмен,
Сағынышым демеймін суынып тұр.
Туған жерге өзіңді балап келдім,
Ой-қырыңды қиялмен қарап келдім,
Жас-көрісін ауылдың, шансаңыздар,
Тумағанмен туғандай санап келдім.
Жан анамның бейіті сонда жатыр.
Менің басқан іздерім жолда жатыр.
Лайық қыз боп атыңа жүрсем деймін.
Тағдыр мені жіберсе қолдап ақыр.
Ата-бабам зираты «Жанғазыда»
Тіршілікте кім жеткен арманына,
Ұл боп тусам қалар ем ауылымда,
Қыз көнеді тағдырдың салғанына.
Өскен жердей жер болмас жер бетінде,
Анама ұқсап кетеді келбетің де.
Ауылыңды аяла демекшімін,
Ауылдасқа төсіңде тербетілген.

5.03.2009 ж.



ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЫ

Туған жерің өзіңе тартады екен,
Сағынып жүр өзіңді марка бөпең.
Ауылымның сағындым адамдарын,
Жұртыңды да сағындым атамекен.
Ойы-қыры құнарлы өңір еді,
Орталығы ауылымның «Қоңыр» еді.
Қырда қызыл қызғалдақ, ойда көгал,
Көздің жауын алатын төңірегі.
Ауылымның сағындым шыбығын да,
Ұмыта алман ауылымды ғұмырымда.
Көк сағымды сағындым келбетін де,
Қалыптасқан сәбилік ұғымымда.
Әнім менен өзіңді тербейін де,
Қиялыммен төріңе төрлейін бе?
Туған жерім өзіңе өлең арнап,
Құлашымды биікке сермейін де.



ӨЛЕҢТІ

Өлеңті Алатаудың етегінде,
Сеніменен қоштасып ем кетерімде.
Қамысың, қайраңың мен бұлағыңды,
Көзіме елестетпей өтерім бе?!
Өлеңті балалық шақ ойнаған жер,
Суыңда балық болып шомылған жер.
Тұрасың да қоясың көз алдымда,
Қайраңға көзіңді ашып бойлаған жер.

Көктемде кемеріңнен асып едің,
Біздер де талай қызық ашып едік.
Есімде оқу жылы таялғанда,
«Қоңырға» талай жаяу асып едім.



ӨЛЕҢ ӨЛКЕСІНДЕ *Теңізбен дидарласу*

Мен Каспийдің толқынымен достастым,
Кетерімде қайта барып қоштастым.
Каспий - достық теңізі екен Ақтауда,
Мен достыққа үлесімді қоспақпын.
Күнде барып, қызықтадым теңізді,
Сан құбылып, «О, құдірет!» дегізді.
Қара күңгірт, кейде жасыл Каспийге
Басымды идім - қабыл алғын лебізді.
Бұл жағадан аққуларды көрмедім,
Көрсем деген арманым ғой ол менің.
Кешір, Каспий, ортаймасаң болғаны,
Кейде сені теңіз дедім, көл дедім.
Сыр тартқанда Каспий атты теңізден,
Мұнайымен жердің шарын емізген.
Желді күні көбік шашқан толқының
Көрген сәтте «О, ғаламат!» дегізген.
Теңіз беті батырлардың мекені
Екендігін айтсаң, дәлел жетеді.
Желді күні ашуланған теңізге
Сырттай қарап тұрсаң, зәрең кетеді.

Теңіз жайлы біраз аңыз білемін,
Естігенде дір етеді жүрегім.
Талайлардың тағдырымен ойнаған
Мінезі тым қатал көлдің бірі едің.
Ауды құрып, қармақ салып қарманып,
Қорқынышты сұсыңа сан таңғалып,
Қайығымен аударылған жандардың .
Тағдырын да қалғандаймын аңғарып.
Кешір, Каспий, адамы едім құрлықтың,
Күәгері сен ғой талай ұрлықтың.
Талайлардың арқалаған қайғысын,
Себепшісі болған талай сұмдықтың.
Каспий тірі, атыңа сай бағаң бар,
Борыштар-ау саған сансыз адамдар. .
Шақырымдай қашықтапсың жағадан,
Уақыт жетті жағдайыңа алаңдар.
Қанша тағдыр жатыр сенің түбінде,
Кезім болды сырыңа сан үңілген.
Толқыныңнан мен ештеңе ұқпадым,
Сөйлеп жаттың сен теңіздің тілінде.
Мен адаммын, сен теңізсің, соны ұқтым,
Мен сенімен жағалауда жолықтым.
Қайғы емес, адамдардың өзіңнен
Жылдан-жылға алатыны молықсын!



ТОЛҚЫНДАР

Каспийдің беті жап-жасыл
Түнерген бұлттар жаумайды.
Бірімен-бірі арбасып,
Толқындар ғана аунайды.
Толқынның жету мұраты,
Жағаға көбік қалдырып.
Толқынды күтіп тұрасың,
Қарайсың көзді талдырып,
Жағаға көбік шашқанда,
Теңіздің жал-жал толқыны,
Түнерген бұлтқа аспанда
Қарау да тіптен қорқыныш.
Өр түске еніп құбылған,
Теңіздің бетін қарасаң,
Жағаға жетіп жығылған,
Толқындар жал-жал тамаша.
Түнерген сұсты қара бұлт
Теңізге төніп жаумай тұр
Жап-жақын тіптен аралық



ТАБИҒАТ - ОЛ ТІРШІЛІКТІҢ АНАСЫ

Алдын ойлау адамзаттың парызы,
Алғаныңның қайтару шарт қарызын.
Жер бетінде өмір сүрген адамның,
Табиғатқа арандаудың бар ізі.
Табиғат - ол тіршіліктің анасы,
Жылап жатыр, көріп жүрсіз азасын
Су тасқыны болып жатыр әлемде
Көзден таса алыс-жақын арасы
Су астында елдер қалды шығыста
Жер сілкіну батысқа да ығысқан
Жер шарының біраз жерін өрт шалды,
Айтыңдаршы, осы айтқаным дұрыс па?
Жерге тоймай тесіп жүрміз аспанды
Аспанға ұшып талайлар жер жастанды.
Қанағатсыз адамзатқа айналдық,
Табиғатқа жасап жүрміз қастандық.
Әрбір елде өзен-көлдер сарқылды
Үлкен Арал әлдеқашан тартылды.
Әр жыл сайын итбалықтар өлуде,
Каспийді де алмаймыз ба марқұм ғып?
Капустин Яр, Семей және Азғырдың
Жерін улап, елін ерте аздырды.
Нысаналы бала туды аналар,
Тумағанын бір сәбиге зар қылды.
Көрсетіп жүр Хиросима сынағын,
Қасіреті сан ғасырға тұрады.
Жан түршігер мұндай сынақ жасауды,
Естімесін адамзаттың құлағы.
Жер-анамыз зардап шегіп жатқанда,
Күндіз- түні алау жақты аспанға.

Солтүстікте мұзды мұхит шөгерді,
Алдын ала бұл ескерту тасқанға.
Әлем болып газ, мұнайға кенелдік
Рухани жан азыққа не бердік?
Ынсапсыздық әкеле ме шын бақыт,
Қандай-қандай дәлелің бар сенерлік?
Байлық көзі Ақсай-Қарашығанақ
Байыған ел-сән, салтанат құражақ.
Конденсаттың иісінен халқымның
Денсаулығы қалмаса екен тұралап.
Ауа тым лас, тынысымыз тарылды,
Айтудай-ақ айтып жүрміз шағымды,
Ішкеніңнен, жегеніңнен не пайда
Денсаулығың байлап жүрсе бағыңды.
Бара жатыр аңдар, құстар азайып,
Байқайсыз ба? Адамзаттан бар айып,
Табиғаттай анамызды қорғауды
Әлем болып қолға алайық, халайық!



КӨКТЕМ СУРЕТІ

Күн күлді, ызғар кетті, көктем келді,
Күн келді, сағындырған көптен бергі.
Кемірді жал-жал қарды кеуілжірдей,
Күн туды, шуағы мол, өкпек желді.
Жылжыды жыл мезгілі жазға қарай,
Көктемнің шуағына көмілдіріп.
Кәдімгі жазға лайық сазға орай,
Сайрайды көктем құсы төгілдіріп.

Дегендей қызықтасын барша халық,
Құстарда өзіңе тән ән салады.
Сәгілді жердің тоңы паршаланып,
Толтырып жылға-жылға сай саланы.
Құрсауын жер анамыз шешінгендей,
Сіңіріп көктем суын төсін керней.
Бұл шақта тіршіліктің көңіл-күйі,
Көктемнің майда желі есілгендей.
Па, шіркін уақытын айт көктемнің,
Келеді көре бергің көктегенін.
Шатырдан сырғып төмен аққан суға,
Ұстап тұр бір бүлдіршін «котелогін».
Тіршілік көктемеден таралады,
Бәрі де жер-анадан нәр алады.
Жер-ана көктем келе түрленеді,
Жамылып қызыл-жасыл, дала алабы.



АЛТЫН КҮЗ

Уақытқа қоймас ешкім бұғау салып,
Күз жетіп, шөптің басын құрау шалып.
Алтын күз жыл айналып келе берсін,
Жүрмесін көңілді тек қылау шалып.
Даламның танытқандай дархандығын,
Кеңейді өріс қайта, арқам бүгін.
Жиналды астық-сулық мал азығы,
Кеңілді бірлегендей баршам бүгін.
Бірленген көңілдері барша халқым,
Тағы да жалғастырмақ өмір салтын.

Таялды Ұлы Октябрь мерекесі,
Мәңгілік жасай берсін сенің даңқың!
Айрықша қастерлейміз неге сені,
Алтын күз келе берші берекелі.
Ұстаз күні, комсомол, Теңдік күні,
Уақытсың шат думанды мерекелі.
Күз келгенде бұлт көшіп ағылады,
Бұлттар басса жүзіңді жабығамын.
Жауын бұлты жүзіңді қалқаласа,
Қалқаласын күз келді неғыламын.
Аспанымда жұлдыздар қорғаласын,
Соғыс бұлтты тек қана торламасын.
Жаңбыр жауса, жер қанып ырыс толар,
Жаңбыр бұлты жауын боп сорғаласын.
Шуағыңды төк күзім жанға жайлы,
Қалықтасын вертолет қалбағайлы.
Жайлы күздер жалғасын таба берсін,
Жолығалық әрқашан таңға арайлы.



ҚЫС КӨРІНІСІ

Аспан сұр, жердің беті тегіс аппақ,
Тағы да қар жауып тұр жапалақтап.
Алақай «Аяз Ата» жасаймыз деп,
Балалар қуанды қол шапалақтап.
Жиналды бір топ ойын балалары,
Кейбірі сүйретіп жүр шаналарын.
Ақ қарды бірі шашып, бірі қуып,
Кейбірі ұлпа қарға домаланды.

Бір бала ұлпа қарды асап жатыр,
Бір бала «Аяз Ата» жасап жатыр.
Ақ ата, ақ сақалды шыға келді,
Бір бала көздің орнын қашап жатыр.
Жаңа жыл ақ қарыңды төге берші,
Қайтадан жыл айналып келе берші.
Береке бақыт болып жоғарылап,
Әр үйге қуаныш боп ене берші.



МАЙ ЖЫРЫ

Қыр гүлі ашылды,
Жер-анам сөйлеп тұр.
Қызылды-жасылды,
Көгала көйлекті.
Көзіңді жаулаған,
Қыр гүлі самсап тұр.
«Көк кілем» аумаған,
Жоқ ешбір жаңсақтық.
Бір ұшып, бір қонып,
Құстар да сайрайды.
Ырғақты жыр болып,
Жырлауға жарайды.
Құлпырған қыр гүлін,
Қызыға жинайсың.
Қыр шөбін қырмызы,
Басуға қимайсың.
Көңілдер көктеген,
Жап-жасыл, беу Майым.
Көктемгі көкпенен,
Ән болып қаулайын.

АҚЫН ЖҮРЕГІ

Ақынның жүрегінде маза бар ма,
Мазалы жүрек өлең жаза ала ма?
Ақындар жүрегінен толғатады,
Кеудені жарған ойын тазаларда.
Ақынның жаны нәзік, жіңішкелеу,
Толқытса жанын жейді бір іс дереу.
Ақынның тауын шағып, жер қылады,
Халқымен ортақ іске кіріспе деу.
Тіл безер тірелсе де арты жарға,
Жүк болар ақын дерті алты нарға.
Қуаныш, қайғысын да бөлісетін,
Ақынын бағалайтын халқы бар ма?



АҚЫННЫҢ ЖӘЙІ ОСЫНДАЙ

Қөтерсең көңіл жиегін,
Ағытсаң сөздің тиегін.
Біреуге жайлы тигенмен,
Біреуге жайсыз тиеді.
Түсінші адам баласын,
Қозғасаң ұқпас санасын.
Басыңа пәле тіліңнен,
Ақымақ болып қаласың.
Таусылса егер шыдамы,
Өртке де қойып кетеді.

Соңынан барып ұғады,
Сыздатқан кезде кеселі.
Нысанаң тапса адамын,
Тиеді сөзің жасындай.
Қуаныш, мұңын азабын,
Ақтарар ішке жасырмай,
Таныса сені айналаң,
Жайдары жүзбен күлесің.
Түсінбестер салса байбалам,
Қиналып іштей жүресің,
Түйдектеп арман бергенше,
Түймедей шабыт бер дейсің.
Мәреге жетер сертіңді,
Орындап шықпай кенбейсің.



ЖАЗБАҒАН АДАМ БАҚЫТТЫ

Жанымды таппай қоярға,
Жүретін кейде кезім бар
Шақтарда шабыт оянған,
Жасынға ұқсас сезім бар.
Шап беріп қағып алмасам,
Жалт беріп ұшып кетеді.
Жайымды кейде аңдасам
Тылсым жай менде жетеді.
Шамама шақтап өзімнің,
Кейбірін ұстап қаламын.
Шегінен шықса төзімнің,
Отыра қалып жазамын.

Қояйын десем қойғызбай,
Қолдаушым маза бермейді.
Қоймайды кейде тойғызбай,
Қоймастан жаза бер дейді.

Ал жаздым, сонда не жазам,
Өткізіп алдым уақытты.
Маза бер енді, дем алам
Жазбаған адам бақытты.



ЖАЗБА АҚЫНДАРҒА

Өмірге бердік бойда барымызды,
Топқа қоспақ Бауыржан тағы бізді.
Жазба ақындар, қаламды қолға алыңдар,
Тартып алмас отырған тағымызды.
Бауыржан балам бастап, елім қостап,
«Айна» деген газетке үлес қоспақ.
Ақсайдан мен де қолға қалам алдым,
Сәлем жазу ниетпен «жазба досқа».
Жақсы екен бұл газеттің бастамасы,
Білген соң өз шамаңды жасқанасың.
Суырып салып айту қолдан келмей,
Тартынды талай «жазба қасқабасың».
Менімен айтысуға кім шығады?
Келіп тұр өлеңменен шымшылағым.
Бойында таланты бар біреу шықса,
Жарыққа шығаруға құлшынамын.
Өмірде ортаймадым, тасымадым,
Кездескен кедергіге жасымадым.

Мейірбанды анамын, сондықтан да
Сәуле шашып тұруға асығамын.
Айтыссам, жеңілермін, жеңілмеспін,
Жеңілсем, тартып алмас жерімді ешкім.
Көңілдің хошы болып, ден сау болса,
Жауап жазып тұруға ерінбеспін.
Жастықтың соңы, алды кәріліктің,
Бұл жасымда өмірдің мәнін ұқтым.
Жеңсем де, жеңілсем де, өкінбеспін,
Болсын тек жазба ақынның бәрі мықты.



КІШІРМЕНДЕР, АҚЫНДАР, КІШІРМЕНДЕР!

Кішірмендер, ақындар, кішірмендер,
Биіктігіңді ұғар түсінгендер.
Түсінбесе түсінбес сөздеріңді,
Тиіп кетіп өзіне ісінгендер.
Жырларыңнан көрінсін асқақтығың,
Асқақтардың маңдайын жасқапты кім.
Шүрегейге шүйілсін қырғи жырың.
Кішірмендер өлеңді тастап бүгін.
Ағайынның тойымсыз айласы мың,
Ақындары ауданның, қайдасыңыз?
«Жанашырлар» көбейіп жатқан тұста,
Маңдай терін халқыңның пайда қылып.
Ел ырысын ұрлап жеп пісіргендер,
Тиіп кетіп сөзіміз ісінгендер.
Шошынғандай қыран-жыр ұшырыңдар.

Кішірмеңдер ақындар, кішірмеңдер.
Текті ақын жасқаса, жана түсер,
Ойламаңдар бақ өсер, баға түсер.
Адамдық пен арамдық арпалысса,
Жыр-семсерің халқыңа ара түсер.
Халық мұңын дер біреу айтпа маған,
Қынжыларсың білгені осы болса.
Халқың үшін өкінбе қайтса бағаң,
Шыңдала түс бетіңнен осып алса.
Ақынбысың-халықсыз, осыны біл,
Тойымсызды шошытсын тосын үнің.
Боратыңдар өлеңді, ақындарым,
Айбарлы жыр керек-ақ осы бүгін,
Құлақ түрмес халық жоқ, өлең десе,
Көлеңкелі іс көбейіп көлеңдесе.
Айтар кезде айтарын айтып алмай,
Кінә, ақын кішіріп төмендесе.
Бас кесілер, жоқ бірақ тіл кесілмек,
Ғұмырды ақын халқымен, бірге сүрмек,
Ақындардан жаны бар жыр күтемін,
Иықтары салбырап жүрмесін деп.



КИЕЛІ ДОС

Домбырам, сенімен мен қоштаспаймын,
Сазыңа ән қосуды тоқтатпаймын.
Шерткенде қоңыр үнің күмбірлеген,
Өмірің олқылығын жоқтатпайды.

Жалғасып ғасырлардан ғасырларға,
Серік боп күйші, жыршы, ақындарға.
Жамаған жан-жыртығын домбырамен,
Ерте-кеш қоштасуға хақым бар ма.

Домбырам қолға алмадым көптен бері,
Өмірдің кедергі боп өткелдері.
Өзіңе, киелі дос, қол созғызды,
Тәкаппар рухымның өктем лебі.



АҚЫНДАРҒА

Өткір тіл жыр шеберін ақын дейміз,
Сөз тапқыр ұшқыр ойлы болса егер.
Жүрекке ұяласа мақұл дейміз,
Онда тек ақын үшін қол соға бер.
Көкім мен Дәмелі ақын бастамасы,
Жалғасса оған ешкім жоқ таласы.
Басылды газеттерге қос ақынның,
Толғаған жырларының топтамасы.
Осы жаз басталады айтыс деген,
Кім қалай танылады тартыспенен.
Суырылып шығар, сонда талай саңлақ,
Бәйгеде де шашына шаң түспеген.

Қос съезд жүктеп отыр зор міндеттер,
Ақындар от жырымен елді үгіттер.
Ұштаңдар өткір етіп қаламыңды,
Дем беріп ер еңбектің туын көтер.
Шабыттың биігіне жырмен өрлеп,
Өмірде әзіл-оспақ сын деген көп.
Паш етіп жырлаңыздар ел табысын,
Айтысып салайық бір жырдан өрнек.

Қанатқали РАХМЕТОВ.



АДАМДЫ АДАМ ЕТЕТҰҒЫН – ЕҢБЕГІ

Бойымдағы бар жақсылық мендегі,
Көп іздендім, оңайлықпен келмеді.
Өмір көріп, араласпаса адаммен,
Тұйықтыққа тірейді көп пендені.
Білмедім деп айта аламын мен нені,
Адам жайы әрқилы ғой жердегі
Білгің келсе, ортаңменен аралас,
Араласпай аша алмайсың пердені.
Көп көргеннен жан шығады зерделі,
Ей адамдар, араласайық, кел бері.
Тіршіліктен менің түйіп, білгенім,
Адамды адам ететұғын – еңбегі
Білгенімнен білмегенім көп екен.
Білмегеннің кеудесі де көр екен.
Бұл өмірден менің алған сабағым,
Адамдардың көп білгені жөн екен.

КЕДЕРГІНІ КЕСІП ӨТ!

Ол сауапты іс, жан-жағыңа,
Тиер болса пайдаң сан.
Жетер адам арманына,
Керек жанға айналсаң.
Бұл өмірде жоғың-барың,
Білінбесе-өкініш.
Кедергіден жолыңдағы
Жеңілмей өт, өтініш!
Жетемін де мақсатыңа,
Өзіңді оған міндетте.
Ізденудің жақсы аты бар,
Тек жаныңды кірлетпе!
Мықты емес сенен мақсат,
Қуа білсең жетесің.
Ой мен жігер екі жақтап,
Тапсаң жолдың төтесін.
Байланысты бәрі саған,
Жеңілуің, жеңбеуің.
Ізденуден қалыс адам.
Қаламайды терлеуін.
Қажамасаң сен өзіңді,
Ілгерілеу жоқ саған.
Бола біл тек, сен төзімді,
Алға жылжы, тоқтама!
Қайраудың да пайдасы бар,
Болуың шарт төзімді.
Ащы еңбектің айнасы бар,
Көрсететін өзіңді.



РУХАНИ БАЙЛЫҚ ҚАЖЕТ АДАМҒА

Рухани байлықтардан мақұрым,
Өздерінше білгіш ондай батырың.
Тәрбиеден жұрдай болса өздері
Ұрпағына қалай айтпақ ақылын.
Жегендерін қорытқасын төгеді,
Және сені білгенінше сөгеді,
Өз қылығын тамашалап өздері,
Сол қылығын бір дәреже көреді.
Қайтерсіңіз, әркімнің өз білгені,
Ал өсектен алар болса жүлдені,
Жан салмайтын алдарына бейпілді
Байқар болсам, алыстатам іргені.
Бірақ осы қылығыма қынжылам,
Айыптай бер, оқырманым құрбылар.
Бір өлеңім санасына бармаған
Замандасты қалай мақтап жыр қылам.
Рухани байлық қажет адамға
Ал сен онсыз айналасың наданға
Газет, журнал, кітап-досың, сырласың
Осыларға үйір болғын адамдар.
Ұл-қыз сенің ұрпағың бар артыңда,
Көп оқудан сен ешқашан тартынба.
Тәрбиені сен өзіңнен бастасаң
Саған риза, ұрпағың да, халқың да.



АЗАМАТТАР

Азаматтар ұсақ емес ірілер,
Азаматтар әділдікке жүгінер.
Азаматтар ар намысқа үңілер,
Міне солар нағыз ерлер, серілер.
Бір ерлер бар, біреулерді даттайтын,
Бір ерлер бар, жарын балағаттайтын.
Бір ерлер бар, жұдырығын оқтайтын,
Міне, солар азаматқа жатпайтын.
Бір ерлер бар суға кеткен салыдай,
Жүретұғын түк армансыз налымай.
Міне, солар саналмайды азамат,
Санасында саңылау жоқ тарыдай.
Бір ерлер бар күшке сенген ұрда-жық,
Берген оған жүректі де жұрдай ғып.
Аяқтарын алшақ-алшақ басатын,
Өзін-өзі көтеретін дырдай ғып.
Азамат бар көтеретін ел жүгін,
Соларды өне, дәріптейді ел бүгін.
Тарихта да өткен талай азамат,
Тілеп өткен Отанының елдігін.
Азамат бар ел бақытын ойлайтын,
Азамат бар бейнетке де тоймайтын.
Азамат бар ұрпақ қамын ойлайтын,
Міне, солар ер атанбай қоймайтын.



ОЙЛАНЫҢДАР

Басына құс саңғып кеткен секілді,
Шашты бояп, түрлентіп жүр кекілді.
Қара шаштар түрлі түске боялды,
Ерсі көрсең, бұл мода деп лепірді.
Бірақ, оған осы түрі мін емес,
Бояу жағы айтпай жүрген жыр емес.
Аты қазақ, заты қазақ болғанмен
Қара шашты қазақ қызы бұл емес.
Елімізде біраз ұлттың қосы бар,
Салтымызды бағалайтын досы бар.
Мынау менің әжем бе деп сұраса
Ұрпағына не дер екен осылар.
Мода қуған қыздарыма таңғалам
Жан айқайға жауап берер бар ма жан?
Қыздарының тәрбиесі ақсаған
Идеяның жемісіне арланам.
Шашы сары, қасы қара, о ғажап
Екі түсті түк шыққандай обал-ақ
Ойланыңдар, мода қуған аналар,
Қызың ертең қандай ана болажақ?



МӘҢГІ ЖАСА

(Абдулла Жұмағалиевке арнап
75 жасында оқылған өлең)

Соғысқа кеткен талайдың жайы беймәлім,
Соғыс жайлы тыңдадық талай қиналып.
Ерлікпен өлген Абдолла ақын ағаның,
Кетпіс бес жасын тойлауға келдік жиналып.
Сәлем сізге, соғыста болған аталар,
Сәлем, соғыс әкесін жұтқан апалар,
Мына мендей әкесіз өскен құрбылар,
Кезім де жақын көзіме мөлдір жас алар.
Тебіреніспен жас алсам көзге айып па?
Жылап бір алсам, көзімнің жасы Жайықтай.
Соғыста өлген боздақты (әкемді де) талай еске алып,
Осындай жерде жылап алғаным лайықтау.
Сәлем, соғыс әкесін жұтқан бауырлар,
Қабағы қатып, жандары талай ауырған.
Жақсыларына шаттанып, налып жаманға,
Қашанда менің бүйрегім бұрар ауылға.
Азаматтарын зарыға күткен аналар,
Жүректеріңде жазылмай жатқан жара бар.
Ер орнында еңбек еткен Сіздердің,
Еңбектерің соғыспенен пара-пар.
Тауқыметті басқа түскен арқалап
Сағыныштан жүректерін паршалап.
Жесір қалған қайран ана, жеңгелер,
Арамызда бар ма, қазір, қанша бар?
Жиырма бесте алаулаған шағында,
Тап болғаны-ай соғыс сұмдық залымға.
Абдолла аға өлмей тірі оралса,
Отырар ед ақындықтың тағында.

Абдолла аға тірі жүрген күндері,
Өлмес дастан жазып кеткен үлгеріп.
Қатал соғыс аямасын ешкімді,
Болар, сірә, күн ілгері білгені.
Батыр даңқы мәңгілікке өшпегей,
Еске алайық, ерте демей, кеш демей.
Ақын аға жүрегiнiң алауы,
Жанып тұрғай, мәңгі өмірден көшпегей.
Рухыңа бас иетін халқың бар,
Өлмес мұра қалды біраз артыңда.
Ерлікпенен қаза болған, ағатай,
Мәңгі жаса, солай жап-жас қалпыңда.



АҒАЛАР, АМАН БОЛЫҢДАР!
*(Ихсанғалиев Есімболат ағаның
75 жас мерейтойына арналады)*

Тағдырлар талай тоғысқан,
Канқұйлы тажал соғыстан.
Аман-сау елге оралып,
Қажыған елге болысқан.
Ағатайларым ардақты,
Берілсем ойға жан-жақты.
Ұрпақтарыңның алдында,
Мәртебелерің салмақты.
Із аз ба сіздер салмаған,
Батысты жаяу шарлаған.
Соғыстың ардагерлері,
Сіздерден мықты бар ма жан?

Болса да орта қалтамыз,
Мәз-мейрам болып баршамыз.
Тойларды тойға жалғасақ,
Ағалар, сіздің арқаңыз.
Отанға бедел әперіп,
Өмірге ұрпақ әкеліп.
Адам қып бәрін өсірдің,
Міндетін өтеп әкелік.
Өсірген ұрпақ бал - құрақ,
Уақыттың бұраң жолында.
Іздері жатқан жарқырап,
Ағалар, аман болыңдар.
Көрмейік қайғы жүзіңнен,
Сарғайған мына күзіңнен.
Ұрпақтарыңның үйінде,
Жалғассын тойлар үзілмей.



АҒА ДАҢҚЫ
ӘЛЕМГЕ САМҒАЙ БЕРСІН!
(Қадыр Мырза Әлінің 75 жасына арнау)

Жиынтығы ақыл-ой парасаттың,
Ол алдына жан салмай дара шапты.
Үзеңгі қағыстырып кім келеді.
Менің осы бағама таласад кім?

Биіктігі келеді таңғалдырып,
Таланттарды биікке қармандырып,
Көп оқысын Қадырды, көп ізденсін,
Биіктікті жүргендер арман ғылып.

Бойлатпайды түбіне тереңдігі,
Қуә болып осыған келем бүгін.
Бұлақ, өзен шалқарға айналды да,
Кетті айналып мұхитқа өлең бүгін.

Озық ойлы ағаны көре алмайды,
Өлеңіне бағасын бере алмайды.
Іштарлықтан біреулер құса бопты,
Пендешілік шындықты жеңе алмайды.

Орынымен төгілді сөз жүйелі,
Көрінбейді ақылдың көкжиегі.
Қазынаның мұртын да шақпаған жан,
Өз қандасы ағаның, өз жиені.

Көзге шұқып біреуді отырғам жоқ,
Көп өлеңі әлі де оқылған жоқ.
Келеді оның ғасыры алдымызда,
Оқып жүрмін біразын, опынғам жоқ.

Тіліміздің ағамыз қазынасы,
Түсінгенге айтылды базынасы.
Қайдан оқы, ағаның өлеңдері,
Санап көрсең санынан жаңыласың.

Ғасырлардан ғасырға талмай желсін,
Тұлпарының тұяғын тағалайық!
Аға даңқы өлемге самғай берсін!
Тірісінде көзінің бағалайық.

23.04.2010



ЖАН АЗЫҒЫ-ӨЛЕҢ ЖЫР (Қадыр Мырза Әліге)

Байқатып досыңыздың көп болғанын,
«Иірім» кітабында көп толғадың.
Қастың да осал жерін терең қозғап,
Оның да айтып өттің от болғанын.
Адамның көзім жетті аласына,
Жарысқа түскен жетпей шамасына.
Ағатай, мен қуана қол соғамын
Зейнолла Қабдоловтың бағасына.
Инемен құдық қазған, ерінбеген,
Ұлылық кез-келгенге берілмеген.
Ұлылар бола алса сіздей болсын!
Ауырлау тауқыметтен жеңілмеген.
Қасқайып жетпіс беске күле жеттің.
Кез келген атақтының бірі емессің.
Ұлы деген атақты ерте алдың
Дей алмаймын атаққа жүре жеттің.
Тартымды тауқыметің-ақындығың,
Атыңды аспандатып жатыр бүгін.
Өлең-жыр - рухани жан азығы,
Халқыңның таңдайына татыр бүгін.
Шырқаймыз сен шығарған әнді бүгін,
Түсіндік әр шумақтың мәнділігін.
Көрерсіз келер ұрпақ мойындайды
Ағаның өлеңінің мәңгілігін.



БАТЫР ЖАЙЛЫ ТОЛҒАУ
(Жеңістің 65 жылдық тойына,
Абдолла Жұмағалиевке арналады)

Сен оқыған мектептің түлегімін,
Соғып тұрған Қоңырдың жүрегімін.
Жетпіс бесте тойыңа өлең оқып,
Тоқсан бесте жыр жаздым міне бүгін.
 Қиялымда мүсінің алып тылсым,
 Сенің батырлығыңды халық білсін.
 Майдандағы ерлігің таңғаларлық,
 Алау болып мәңгілік жанып тұрсың.
Анталаған жауыңа оқ боратып,
Жауды жайпап салыпсың жақындатып.
Жанып тұрған намысың шоқ болатын,
Автоматтан оқ аттың лапылдатып.
 Қаймықпадың, көрсеттің ыждаһаттық,
 Үсті-үстіне лақтырдың гранатты.
 Жауды солай жусатып көз алдында,
 Із қалдырдың ұрпаққа ұлағатты.
Айтылып жүр жыр болып сырбаздығың,
Өлең оқып жалындап, жыр жаздыңыз.
Оқитын ең ортаңда отты өлеңді,
Жасамыс боп жасыңнан бүр жардыңыз.
 Білім алған ортаңнан сабақ алып,
 Өлеңдерің қырланды жаңаланып,
 Мұхтар Әуезов ағаң қолыңды алып,
 Үлгеріп ең жасыңнан бағаланып.
Талай ақын көзіңді көріп қалған,
Көпшілігі бұл күнде өліп қалғай.
Ғұмырыңды сұм соғыс қиып түсіп,
Күні жетпей күйреген көрікті арман.

Сен туралы жыр-дастан қалыңдасын,
Абдолла аға, сен елдің жадындасың.
Сенің туған еліңнен болғасын да,
Абдолланың атандым қарындасы.

Ерлігіңді білгенде шаттанды жан,
Есіміңді әр кезде мақтан қылам.
Қаймықпаған жауынан батыр жайлы
Оқып жатыр тарихтан жастар мына.

Жаның тұрды ұшында ұстараның
Қалам және автомат ұстағаның.
Өшпес өлең ерлікпен жазып кеттің,
Ерлігіңді өлгенше ұстанамын.

Қазақтан бір сұлу жар табылмапты,
Корей қызы артыңда жарың қапты.
Сол арудың ішінде кеткен бала
Ағамыздың уайымын қалыңдатты.

Қайдан іздеп табамыз тұяғыңды,
Жүгіртемін сан-саққа қиялымды.
Қыз ба, ұл ма? Жүр ме екен Кореяда?
Алмадық па жоғалтып зиялы ұлды?

Александра! Қайдасың, үндесеңші?!
Сені жатырқамаймыз, бізге сенші.
Ұл ма, қыз ба тұяғы Абдолланың,
Тірі жүрміз, біз мұнда, біл десеңші.

Абдолланың ұрпағы, жарыққа шық.
Кореяға кетпесе алып қашып.
Зейнеткерсің сен қазір, тірі жүрсең,
Қол созайық бауырға, тарықпасын.

Қаламгерсің, қаһарман, сен бүгінгі.
Қаруластар жыр қылды ерлігіңді.
От ұстаған Прометей атаныпсың,
Орыс қаруласыңнан енді білдім.

Білгендей-ақ өмірден өтерін де,
Қолжазбаны тапсырған кетерінде,
Мариям Хакімжанова анамызға,
Сенген оған жанашыр есебінде.
Қаһарлы түн. Сен қалдың тосқауылға,
Оқ, қалқан боп жауынгер, дос-бауырға.
Жанған үйдің шатыры опырылды,
Қаймықпады жау үйге от салуға.
Отқа орандың, сен жауға берілмедің,
Күлге ұшырдың жауыңның сенімдерін.
Сөйтіп жаудан қорғадың Отанымды,
Бейбіт өмір сүруде елім менің.
Жастығына сұм ажал қарамапты,
Қырық бірде естіртті жаманатты.
Қасым Аманжоловтай қаламдасы
Оқымпаздық өнерін бағалапты.
Орынборда оқыпсың бастамада,
Өнеге бұл ісің де басқаға да.
Жеті класс бітіріп Орынбордан,
Оқу іздеп келіпсің астанаға.
Талай өлең аудардың қазақшаға,
Жаза білдің сен, аға, арабша да.
Өмірде де, өнерде өз орның бар,
Алла сені таңдауда адаспаған.
Бақыл болшы, мәңгі жас ағатайым,
Атағыңды әлемге таратайын.
Есіміңді жаңғыртып әр жыл сайын
Тойлап жүрміз Жеңістің тамаша айын.

МҰХТАР АТА – МӘҢГІЛІК БАҒДАРЛАМА

Қазақ елі кең байтақ ел емес пе,
Көңілі де қазақтың кең емес пе.
Қазақ елін әлемге таныстырған,
Мұхтар аға, алдымен сен емес пе?
Қарап тұрған парасат биігінен,
Шерлі болған замана күйігінен.
«Абай жолын» оқыған кезімнен-ақ,
Данышпандық ойыңа иіліп ем.
Кеңдігімді жазыпсың, елдігімді,
Бостандық пен жырладың теңдігімді.
Қазақ елін биіктен қарап тұрған,
Жарық жұлдыз өзіңсің сен бүгінгі.
Естімеген, ағайын, таңғалыңдар,
Мұхтар аға, сенің не арманың бар.
«Еңлік-Кебек» қайғылы оқиғасын,
Жиырмаға толғанда жазғаның бар.
Мәңгі көктеп тұратын көк терегім,
Ұрпағыңа тиіп тұр көп көмегің.
Экраннан түспейді, түспек емес,
Кино болып шығып жүр «Көксерегің».
Жаныменен ұғынып дала сырын,
Ғасырлардан ғасырға баратұғын.
Тіл мұрасын қалдырған қазағының,
Мәңгілігін ойлаған жан ашырым.
Көргеніңді ақылмен түйіндедің,
Қуанғаның көрінді күйінгенің.
Қайратыңды халқыңа сарқа жұмсап,
Қиындыққа ешқашан иілмедің.
Қиналудай қиналдың, мойымадың,
Мойындаттың қазақтың ойы барын.

Мойындаттың қазақтың бар әлемге,
Әлі талай жасайтын тойы барын.
Қайсы бірін айтайын, жазғаныңның,
Сенен алған өнеге маздағыңның
Талайларын тар жолда қинап бақты,
Еңіреген елім деп ардағымды.
Ғасыр толғап бір ұлды таптырыпты,
Мандайымда жарқырап бақ тұрыпты.
Қол көтерген Абайға тоғышарлар,
Сені бір кез түрмеге жаптырыпты.
Әлі солай, жақсыны күндегішпіз,
Тіл де жүйрік, тілдеудей тілдегішпіз.
Бірді біреу көз жетпей қаралайды,
Біреулері бастаса іргелі істі.
Сен туғалы біраз жыл, айлар өтті,
Талай ақын, жазушы сайрап өтті.
Не бір шешен ақындар тілін безеп,
Қызыл тілін қылыш қып қайрап өтті.
Алыс-беріс, күн көріс амалдасып,
Жер шарымен отырмыз хабарласып.
Мекке бару бұл күнде қиын емес,
Телефонмен отырмыз амандасып.
Ел боп тұрмыз, бұзылмай қаймағымыз,
Желбіреп тұр көгілдір байрағымыз.
Мұхтар болып, біресе Абай болып,
Мұхтар аға сіз бүгін сайрадыңыз.
Ғажап емес ел болу таңғажайып,
Бақыт жолын таба алсақ алмағайып.
Шарқ ұрып жүр сол жолды іздестіріп,
Президент Нұрсұлтан Назарбаев.
Жарық ортақ қараға, хандарға да,
Ақылдыға, ақымақ жандарға да.
«Абайы» мен қалдырған «Абай жолын»,
Мұхтар аға - мәңгілік бағдарлама.

ІРІ ТҰЛҒА

Әулиелер Ақтауда бұрын болған,
Тыңдайтұғын аңызды уақыт берсін,
Әбіш Кекілбаевтай ұлың болған
Бақытты елсің, Маңғыстау, бақытты елсің.
Газ-мұнайды, айтпайын байлығыңды,
Бастан кешкен айтпайын қайғы-мұңды,
Айтсам жетер пір Бекет елі екенін.
Адаймыз деп көрсетер айбыныңды.
Әбіш тек Маңғыстауға мақтан емес,
Әлем танып отырған ғұлама ол.
Береді Әбіш жақынға, жатқа кеңес,
Әлемге қазақ атын шығарады ол.
Кітап - жанын емдейді жаралының,
Қыр-сыры көп жазушы азабының,
Жазушылар жетерлік, ал Әбіштің
Мақтанышпен айтамыз даралығын.
Қазақ «қырғыз» атанды бұрмаланып,
Жамбыл мен Манас қатар тұрғаны анық,
Әбіштің толғауында баяндалды
Қырғыз жайлы Манастың жырлары анық.
Қалың елге Каспийдің бойындағы,
Тілегімді айтпақпын ойымдағы
Маңғыстаудың өнерін көре келдім,
Атақты жазушының тойындағы.
Әбіш дана қатарын толықтырды,
Бұл жиынға тағдырым жолықтырды,
Даналарды бетпе-бет көріп қалу,
Бақытына риза болып тұрмын.
Ұлы жанды ұрпағым көрсін дедім,
Салтымызға көңілін бөлсін дедім,
Берері мол деп ойлап осы тойдың
Көрсетуді ұрпаққа көпсінбедім.

Бір басына жететін атағы бар,
Бергені мол тарихтың сапарына.
Ойып алар орны бар ірі тұлға
Абай, Мұхтар, Нұрсұлтан қатарынан.
Жер астынан газ-мұнай сорып жатқан
Келіп тұрмын Оралдың Ақсайынан.
Менің де айтарым бар толып жатқан,
Өнерді қадірлеген жастайынан.
Қазақтың мақтанышы-текті ұлымыз,
Жазуда тоқтамасын екпініңіз,
Сізді сырттай сыйлайтын бір оқырман
Тілекші Дәмелі апай деп біліңіз.
Тойларыңыз Маңғыстау тойға ұлассын,
Тойшы халқың бұл күні бір жасасын
Үлкен тойдың атағы ой-қыр ассын,
Жазушымыз атақты жүз жасасын!!!



МӘҢГЛІК ЖЫР

Егер сізге өлең іздеп келмесе,
Мазалайық Айсұлу боп, мен болып.
Тыңда, қарғам, мен сөйлейін ендеше,
Мұнда сізді жоқтап жүрміз ел болып.
Көпті көрген, отты ой өрген сіз бен мен,
Әрқашанда бола алмаспыз болып тең.
Өлең сізді жүрген болса қозғамай,
Үрлеу сөзім кетер, бәлкім, болып ем.
Ақын атың ерте шыққан жан едің,
Ойыңды оят, босаңсуға берме ерік.

Сұлу едің, кербез едің, паң едің,
Өлең жазбай жүрмін деуің пенделік.
Жасамыстың сөзін айттың жасыңда,
Жыр оқыдың тойда, жиын, асыңда.
Айсұлудың өлеңі деп Тұңғышбай
Жаманқұлов әнді шетел асырған.
Ол тұлға ғой, ірі актер, ойлы адам.
Құрманғазы, хандар болып ойнаған.
«Барып қайт, балам, ауылға туған, барып қайт»
Мәңгілік жыр еш мазмұнын жоймаған.
Бұл өлеңнің авторы сен болғаның,
Ақын болып тым ертерек толғаның.
Ақындыққа қайта орал, жолға шық
Аралап көр қайта ойдың орманын.



ДАРА ТҰЛҒА **(Алтыншаш Жағановаға)**

Бойыңа Алла талант дарытқасын,
Тарихқа тұлға болып қалыптасып,
Тұлғалы да сымбатты қыз болдыңыз
Анаңыз уызына жарытқасын.
Білгенге байтақ елміз, іргеліміз,
Өмірден көп-ақ түйіп білгеніңіз.
Көзге түсіп, әрқашан топты жарып,
Халықтың сөзін сөйлеп жүргеніңіз.
Сөйлеймін сөзін әркез ақылдының,
Ұнайды, сіңлім, сенің батылдығың.

Жазушылық талантың өз алдына,
Журналды шығарасың татымды ғып.
Сүйсінемін көз тігіп сымбатыңа,
Көкірегің жаралған сырға тұна.
Өтінішпен байланыс жасап тұрмын,
Жауап жазып жібергін тілхатыма.
Алыстан хат жолдамақ аса құнды,
Хат арқылы таныған апаңызды.
Жатса егер тілегім орындалып,
Жаудырамыз соңынан батамызды.
Сөз ұйқасы сіз емес, сенге келді
Шебері, ақыны саналдым мен де елдің
Бір пұшпағын терінің илеп жүрген
Бір анасы санаңыз іргелі елдің.



**ӘН БОЛЫП КЕТКЕН
АЖАР ҚЫЗ
(Әнші Ажар Сейтеноваға)**

Ғарифолла аға тіріліп келіп ән салды,
Ризалықпен көрермен халық қарсы алды.
Домбырасымен ән салып тұрды сол Мұхит,
Әншінің сол сәт дауысын естіп тамсандық.
Отырдым тыңдап Ажардың салған дауысын,
Шырқады Мұхит Ғарифолламен ауысып.
Әншінің даусы сезімді қозғап, толқыдым,
Сал-сері болған бабаларыммен қауышып.
Әншінің даусы жүректің қылын қозғады,
Жалғасса жақсы ұстаздан шәкірт озғаны.

Қос баба бізге қосылып бір кеш ән салса,
Өнерлерінің өміршеңдігі ол дағы.
Ризамыз саған ән болып кеткен Ажар қыз,
Тірлікте мына өлеңсіз өмір ажарсыз.
Шырқай бер, қызым, бабалар жолын ұзартып,
Ашылса бағың ғасырға самғап барарсың.



МЕКЕНГЕ ҚҰТТЫ АЙНАЛСЫН

Ақ жайнаң сіңлім, Ақұштап,
Жүр едің елден алыстап.
Орнығып елге болғасын,
Ойымда жақын таныспақ.
Таныспыз десек өлеңмен,
Биіктік көрем өреңнен.
Ашылмай жатқан әлі де,
Кеудеңнен көмбе көрем мен.
Жайықта болса мекенің,
Өлеңің елге жетеді.
Бағалап елің қол соқса,
Шарықтар шабыт еселі.
Қырымбек бізге келгелі,
Жағдайды көріп елдегі.
Қолдаудан істі бастады,
Өнерлі деген пендені.
Үй берсе әкім ініңіз,
Қол соққан жанның біріміз.
Шуағын елге шашпай ма,
Арада жүрсе іріміз.

Жаңғали, Қадыр қаншама,
Белгілі жандар баршаға.
Ортадан ойып мұражай,
Қол соғам казір алса да.
Атағы кеткен алысқа,
Әніне Мұхит қаныққан.
Қатимоллаға үй берді,
Оны да құптар халықтар.
Төрт арыс қонған шаңырақ,
Мекенге құтты айналсын.
Екі арыс қонып тағы да,
Уайымсыз-мұңсыз жайлансын.



АҚЫНҒА АРНАУ

**(Бұл өлең Ақұштап Бақтыгереевамен
оқырмандар кездесуінде оқылды)**

Хош келдіңіз, ақын қыз, жырақтағы,
Ел қонуда «Ақсайға» тұрақтанып.
Азды-көпті қиындық болып жатыр,
Түңілуден аулақпыз бірақ та біз.
Шындық іздеп шарқ ұрған пендесіңіз,
Жырларыңмен сіңіп жүр, елге ісіңіз.
Туған елді бетке ұстап келген шақта,
Қарсы алады қуана жерлесіңіз.
Қиындық та, қызық та болып жатыр,
Қалаға кеп қырдағы ел қонып жатыр.
Хал-жағдайын халықтың сұрасаңыз,
Айтатын сөз, карағым, толып жатыр.

Қонақ келсе, қалатын азаптанып,
Жақсы дәстүр бар еді қазақта бір.
Өлең арнап, қарсы алды Дәмелі апаң,
Сіңлім елден қайтсын деп қанаттанып.
«Алты жасар алыстан бала келсе,
Алпыстағы шал келіп амандасқан».
Ақ жүрегін Ақұштап ала келсе,
Ақ ниетін қабылдар қаламдастан.
Бара алмаймыз арызбен арнайы біз,
Әрлім-берлім қазіргі жағдайымыз.
Мың өліп, мың тірілген халықпыз ғой,
Көп уәдеден күйіп тұр таңдайымыз.
Ара-тұра мен өзім жыр жазамын,
Ел байлығын жат-жұрттан қызғанамын.
Асты тұнған мұнай-газ болғасын да,
Болашағы бар деп жүр бұл қаланың.
Ақын сіңлім, аман жүр жырақтағы,
Бақыт қонғай еліме тұрақтанып.
Ел еркесі атанып, шарықтай бер,
Күмбірлетіп көмейден жыр ақтарып.
Үміт отын тұтатып халайыққа.
Болашаққа сеніммен қарайық та.
Сіз бенен біз таялған Жаңа жылды,
Жақсы жырмен қарсылап алайық та.
Азабың мол, бауырым, жырға сіңген,
Қимастықпен қоштасып бұл ғасырмен.
Шалқар шабыт тіледім өзіңізге,
Жаңа ғасыр таялып тұрғасын мен.



**ОЛ – АҚСАЙДЫҢ
ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ**
(Қуанышбай Төлебаевқа)

Домбыра ұстап қолына ән салатын,
Қазақы дәстүр десе жан салатын.
Қуанышбай Ақсайда әкім бопты
Көрген жан ілтипатпен қарсы алатын.
Сонау бір ел басқарған жылдарында,
Ойлапты ел қамын да, қыр қамын да.
Қимастықпен еске алар кез жетіпті,
Тарихқа айналатын тұлғаның да.
Ақсай - қала, сәулетті мекен бүгін.
Ол - Ақсайдың құрметті азаматы.
Ел басқару ауыр жүк екендігін,
Күн туыпты ұялмай жаза алатын.
Уақыт деген зулаған қарагердің,
Қатты ұстап жалынан шаба бергін.
Азаматқа 63 ердің жасы
Пайғамбардың жасына жаңа келдің.
Қызығын көр ұл-қыздың, жарыңыздың,
Аяласын жақсылық жаныңызды.
Мұңсыз ғұмыр, денсаулық бізден тілек,
Адал ұлсыз алдында арыңыздың.
Айналасын сан түрлі ұлт саялаған,
Жақсылығын жаттан да аямаған.
Ұзақ жаса көңілін кір шалмаған,
Азамат бол Отаны аялаған.

4.08. 2008



АҚЫН АЙТҚАЛИ НӘРІКОВКЕ

Журналисті сыйлаушының бірі мен,
Сізден сұхбат алатынын біліп ем.
Журналистің дәкейі сіз, Айтқали,
Құттықтаймын Журналистер күнімен.
Бұл жанрға еңбегіңіз сіңгелі,
Қазақ елі елге айналды іргелі.
Бетке ұстар ақынысыз Оралдың
Ақындарды саралап мен білгелі.
Еңбегіңіз жазып жүрген келелі,
Рухани жанға азық береді.
Астананың он жылдығы тойына
Сізді елеусіз қалдырмас деп сенемін!
Ең бастысы, мұңсыз болсын ғұмырың,
Мықты болсын журналистік тұғырың.
Қарт журналист сізден бастап, Айтқали,
Құттықтаймын журналистер ұжымын!



АҚЫН БОТАКӨЗ БАЙМАҚАНҚЫЗЫНА

Бірінші облыстық теледидар қызметкері
Ботакөз қызым, қал қалай,
Арманың қандай әрі қарай?
Ал, өзімнің жағдайым,
Көңіл-күйім әр қалай.
Керемет деп айтпаймын,
Жаман деуге батпаймын.

Екеуінің арасы,
Шындықтан қалай аттаймын.
ұрса да аты арындап,
Тағдырға адам бағынбақ.
Анаң шаққан мұңыңды,
Анаң боп алдым қабылдап.
Теретін маржан тұнықтан,
Ақынның жанын кім ұққан.
Өлеңің қозғап жіберді,
Жазуды көптен ұмытқам.
Ақын боп туылғасын да
Ашасың сырын басқаның.
Толғаныс қуырғасын да,
Туады өлең қас-қағым.
Жайыңды айтып бертіңгі,
Кеудеңе тұнған дертіңді.
Анаң айтып алғаның,
Сөніңді тағы келтірді.
Ажарың, сөнің келісті,
Тұлғаң да оған лайықты.
Мекенің жұмақ жер үсті,
Қосасың жырға Жайықты.
Қадірін сөздің ұғатын,
Саналы жандар баршылық.
Алдыңа қойған мұратың,
Қалмаса болды жаншылып.
Жаныңның ұқпай қынжылын,
Қадірін білмей құрбының.
Іші тар замандастарың,
Араларыңда жүр бүгін.
Адамның сырын ашатын,
Қиюын тапқан сөз ғана.
Мауқыңды сенің басатын,

Өлеңге қосқан боз далаң.
Өлеңді сүйер халқың бар,
Ботажан, жырла тартынба.
Сен жайлы дерек іздейтін,
Жоқтаушың шығар артыңнан.
Өнерді сүйер халықтың,
Өнерін елге таныттың.
Осы бір тұста сөйлейсің,
Тұлпарын мініп шабыттың.
Ақын да сенің жадында,
Шебер де сенің жадында,
Айтылар әлі әнің бар,
Абзалы, қызым, бағың бар.
Дауысыңда бар жағымды,
Дауысыңды, қызым, сағындым.
Анашың алыс жүргенде,
Қасыңнан анаң табылды.
Дарының қысып, ақ қызым,
Салмағы түссе санаңа.
Азабын қойса тартқызып,
Аллаңа шағын, анаңа.



ОРАЛЫҢА КЕРІ ҚАЙТ

Жүрген жерде ән шырқатып, талай таңды атырған,
Ақ Жайықты әнмен тербеп келесің сен жасыңнан.
Жайығыңа ән шығарып, композитор атандың,
Жігіт едің Оралыңның мәртебесін асырған.
Жайығыңа келген қонақ Донеділін таниды,
Сенің елден кеткеніңе Жайығың да налиды.
Сені тыңдап, ізің қуған шәкірттерің бар елде,
Дауысыңа тәнті болған жақсылар да бар игі.
Тыңдармандар, әншілерден Донеділді теріп айт,
Әнге қосып Оралыңды, көкке оранған жерін айт.
Оралыңа керек-ақсың, халқың отыр мойындап,
Алматыда қалып қойма, Оралыңа кері қайт.
Қос мекенді екі аққу, қалықтай бер көгімде,
Бақытты өмір сүріңіздер қосақтасып өмірде.
Біздер Сізді әнші, күйші деп таныдық, Гүлнәр қыз,
Хош келдіңіз, төрлетіңіз Ақжайықтай өңірге!



ШЫНДЫҚ ОСЫ

Бауыржан, бала кезден атың шықты,
Халқыңа мойындаттың ақындықты.
Ақсайға келіп айтыс өткізетін,
Балам-ау, қайдан алдың батылдықты?
Халықтың сезіп пе едің жиналарын,
Тиіссең тіл жағына қиналамын.
Жеткізіп жетемізге сын айтсаңыз,
Тағы бір абыройды жинағаның.

Өткір сын бұл ауданға керек боп тұр,
Ана тілін сыйламау дерек боп тұр,
Халқының көпшілігі ауызданған
Өзге тіл сөз етуге себеп боп тұр.
Кабель мен табақ қойып алған елміз,
Ана тілде сөйлеуден қалған елміз,
“Хабар” мен “Ел арнаны” қоспайтұғын
Сайрайтын өзге тілде заржақ елміз.
Сынай бер, тағы сына, шындық осы,
Таңғалма не деп жүр деп мұңдық осы.
Өзге тілдің алдында жорғалаймыз,
Тоқтаусыз жалғаспақ па құлдық осы
Ақсайдың сөз етсеңіз жетістігін,
Қолында газ-мұнайдың тетік бүгін.
Меңгерген екі-үш тілді тұрғындары,
Жастары шеттіліне жетік бүгін.
Спорт пен би жағынан алда жүрміз
Оқуда біріншілік санда жүрміз,
Табысты шетелдікпен салыстырсақ,
Біршама төмен алып, жалға жүрміз.
Қылжисақ қырық-елуде таңғалмаңыз.
Осылай қол созып па ек арманға біз?
Газ бен мұнай байлықтың көзі десек,
Ажалдың өзі десек арланбаңыз.
Осылай сұрасаңыз жағдайымыз.
Күйіп тұр күлбіреп тұр таңдайымыз.
Бұл жағын да басшылар ойланар де,п
Шыдаммен күтіп жүрміз арнайы біз.

БИІКТЕРГЕ САМҒАП БАРА ЖАТЫРСЫҢ

(Ақын балам Бауыржан Халиоллаға)

Қос домбыра тартып жүрсің түсімде,
Алда жүрсің ақындардың ішінде.
Домбыраның күмбірлеттің біреуін,
Ақ домбыра екен қобыз пішінде.
Алыс-жақын елге бардың жол соғып,
Экраннан қарап саған қол соғып.
Мақтанамыз озғаныңа мәз болып,
Отыруға хақымыз жоқ тоң-торыс.
Шабыт беріп қанатыңды қомдайын.
Биіктерге самғау үшін бол дайын.
Ақ тілеулі аналардан бата алып,
Айтыстарда қатарыңнан оз дәйім!
Бәрі қызық басы бүтін пендеге,
Дүлдүліне қол соқпасын ел неге?!
Мәз боламын мақтап жатса ел сені,
Қуанатын жалғыз ана мен деме.
Тілеуіңді тілеп жүрген анаңмын.
Сенің әр кез өміріңе алаңмын.
Аяғыңнан шалмаса екен, күншілдер,
Жасамаса екен саған жамандық.
Алыс-жақын айтыстарға барысып,
Облыстың қорғап жүрсің намысын.
Бірде озып, бірде түсіп ортаға,
Ізденуден жаман емес табысың.
Көңіл бөліп, Ақсайға да келіп кет,
Уақыт бөліп, соғып сәлем беріп кет.
Дарыныңмен көтерілдің биікке,
Жақсы көрдің десең, ұлым, неліктен?

Талғампаз ғой мына біздің ғасыр тым,
Биіктерге самғап бара жатырсың.
Бойыңдағы дарының мен намысың,
Әрқашанда мәртебеңді асырсын!
Сен озғанда көзге ылғи жас алам.
Тілекшіңмін жүрсем де мен тасада.
Отырамын ақ батамды жаудырып,
Тілегімді қабыл алғай жасаған!



ӨЗІМДІ ТАНЫСТЫРУ **(«Ақ жаулықты әжелер» сайысында)**

Өзім жайлы сөз етсем дастан болар,
Байұлынан тараған Масқар болам.
Топқа түскен келінін сезіп жатса,
Мөлке атам бір аунап жатқан болар.
Қызылқұрттың мен өзім жиенімін,
Кеудеме қонақтаған киелі жыр.
Қырық бес жыл ұстаздық еткен ерім,
Сонша жыл шаңыраққа ие бүгін.
Отасқан қырық бес жыл отағасы,
Келеді берік ұстап босағасын.
Өнеріме көлденең тұрған емес,
Өзгелерге өнеге осы арасы.
Рухани байлықты басты дейді,
Өнермен айналысқан жақсы дейді.
Қолыма домбыра алсам отағасы,
«Ал кетті, біздің қара бақсы» - дейді.
Одақ тарар алдынан әрігірек,
Киіз үй өрнектегем әдемілеп.

Облыстың намысын қорғап жүрген,
Бұл әжені біліңіз Дәмелі деп.
Өнерімді жүргем жоқ аяп қалып,
Отыз жыл намысымды таяқтадым.
Мұғалім, тәрбиеші бола жүріп,
Жұмысты ұстаздықпен аяқтадым.
Өлең жазып жүргесін «ақын» дейді,
Он балалы болғасын «батыр» дейді.
Жасымнан өнерменен айналыстым,
Халқым мені өнерге жақын дейді.
Кейде менің кеудемді ән кернейді,
Шабыт қысса ырқыма әл келмейді.
Өзім жазған өлеңге ән шығарам,
Оны білген ағайын «сазгер» дейді.
Москва, Алматыға барып қайттым,
Өнерімді ортаға салып қайттым.
Өзгенің де өнерін тамашалап,
Азды-көпті ғибрат алып қайттым.
Кейде менің кеудемнен жыр атылды,
Ал, шабыт тыңдамайды тұра-тұрды.
Алдыңғы өрнектеген киіз үйім,
Москва көрмесінде жұма тұрды.
Білгендер шеберлерді санап отыр,
Мені де шеберге балап отыр.
Алдыңғы, соңғы тіккен киіз үйді,
АҚШ пен Германия қарап отыр.
Мен ойған ою-өрнек үлгілері,
Жан-жаққа әлде қашан тарап кетті.
Ұрпаққа қажет болар, кім біледі,
Қолтаңба қалдырғанша тағат кетті.
Алматыға музейге затым барды,
«Жұлдызда» жүзге жақын хатым қалды.
Еңбек сұрау дегенді білмейтінмін,
Алмаған әрбір жерде ақым қалды.
Қалсын мейлі, алмаған атақ ақым,
Тисе болды халқыма шапағатым.

Ұрпақ шықса болғаны өнер қуған,
Мұрамызды ғасырға апаратын.
Үш жесір ана бағып бата алдым,
Мен үшін баға осы аса мәнді.
Әкімнің өз қолынан Ақсайдағы,
«Құрметті шебер» деген атақ алдым.
Бұл жылды тұтас тойдың жылы дерсіз,
Толассыз күзде жауды нұры дерсіз.
Өлеңмен өзін-өзі таныстырған,
Дәмелі Құсайынның қызы дерсіз.

2001 жыл



АЛЫНБАҒАН АТАҚ

Тірлікте мен көрнекі құралдаймын,
Халқымның хас өнерін ұрандаймын.
Шыңғырған шындық күтіп келем әлі,
Жүрген соң жаным жылап, жұбанбаймын.
Атағым «Мәдениет қайраткері»,
Бұл атақ маған, шыным, берілмеген.
Көз майым кетті, ақты маңдай терім,
Күндіз-түн іс тігуден ерінбедім.
Басшыны жамандауға барғаным жоқ,
Қоғамдық жұмыстан бір қалғаным жоқ.
Мені емес, менің ізбасарларымды,
Басшылар бағаласа, арманым жоқ.
Елемей қырық жылғы еңбегімді,
Ұрпаққа өнеге-үлгі бергенімді.
Ісімді көріп жүрген ел біледі,
Менімен кездес келсе сенгілерің.

Қайрадым намысымды, қалғымадым,
Оқырман, өзің түсін арғы жағын.
Алмаған атағымды өлгенде алып,
Біліксіз басшыларды таң қыламын.
Жан кетіп, жұмғаннан соң жанарымды,
Жер асты берген кезде хабарымды.
«Мәдениет қайраткері» атағымды,
Сеземін түбінде бір аларымды.
Өзіне өзі атақ берді деме,
Атағын аларына сенді деме.
Шәмші мен Мұқағали ағаларға,
Атақты өлгеннен соң берді неге?



ИНЕМЕН ҮЙ ТҰРҒЫЗДЫМ

Астанадан тіл хаттым халқымызға
Үлес қостым біршама салтымызға,
Құдық қаздым инемен үй тұрғыздым,
Мұра болып қалсын деп артымызға.
Айтуға оңай, іс тігу қиын бірақ,
Бар жасадым, жоқ заттан тиын құрап.
Мені неге басып жүр, қызғаныш па?
Осы араға жетпей жүр миым бірақ
Жасағаным татыды таңдайыма,
Қиындықтың шыдадым қандайына,
Адал құлы Алланың мен болғаным
Туа сала жазылған маңдайыма.

ҰРПАҒЫҢА ҰСТАТЫП КЕТ ЖІП ҰШЫН

Біз - әзірше бұл өмірдің қонағы,
Тарих ертең бізді іздейтін болады.
Біз өйткені, айналыстық мұрамен
Арамыздан бара жатқан жоғалып.
Уақытында жасамадық салғырттық,
Көп іздендік, мұраларды жаңғырттық.
Алдымызға мақсат қойған жан болдық,
Біздерде де болған жастық, албырттық.
Бұл сөзіме нанасың ба, досым-ау,
Ұрпақтарға айтар ой да осынау,
Ұрпақтардың жалғасарын ойласақ,
Дәмі ащы ізденуден шошымау.
Сен өлерсің, қолың кетер өзіңмен,
Адал еңбек туындайды төзімнен.
Ұрпағыңа ұстатып кет жіп ұшын,
Кезің келер мәңгілікке көз ілер.



БІЛГЕНІҢ ЖӨН

Қарапайым жан көрініп жүрсем де,
Мен халықтың адамымын білсеңдер.
Аңқылдаған Қожанасыр бола алам,
Күлгің келсе маған күлгін, күлсеңдер.
Көңілденсе көкірегін ашатын,
Жан-жағына жан шуағын шашатын.
Мінезім бар бір басыма жететін,
Жан емеспін жақсылықтан қашатын.

Ақын да мен, шебер де мен десем де
Айналдым деп айта алмаймын шешенге.
Тұла бойды бұған дарын көбіне,
Жанды қинап айналады кеселге.
Мықтылығым, осалдығым бұл менің,
Өз-өзіммен арпалысып жүргенім.
Дарындының машақаты жайында,
Есептеймін жөн болар деп білгенің.
Мына мен де дарындыға жатам ба?
Дарындыны танып берер батам бар.
Шын дарынды көріп қалсам үйімнен,
Шамам келсе дәм татқызам қашанда.
Дей алмаймын қолы ашық мырзамын,
Жан қалтама байланысты бұл жағы.
Мен осындай адам болам, халайық,
Қожанасыр десеңіз де ризамын.



ҚАЗЫНАНЫ ҰРПАҚҚА АПАРАЙЫҚ

Жолға шықтым алысқа, сапар анық,
Қол өнерін, өлеңді қатар алып.
Оқырманға айтарым: Төкпей, шашпай,
қазынаны ұрпаққа апарайық!
Бағамдадым мақсаттың айқындығын,
Армандарым ішімнен айтылды мың.
Көшіп-қонып жүрсе де өнер қуған,
Мақтан қылдым бабамның бай тірлігін.
Үлкендердің соңы мен екенімді,
Кеш ұғындым отызға жете білдім.
Ащы өнердің қызығын қоюлаттым,
Ауыстырып Ақсайға мекенімді.

Екі қолым жаныма сыймаған соң,
Жұмыссыздық жанымды қинаған соң,
Бас көтермей кірістім деп айтайын
Қос өнерді тәңірім сыйлаған соң.
Керек өнер ұрпаққа сөз өнері,
«Ою-өрнек» қазақтың өз өнері.
Тілін, дінін, өнерін жеткізе алсаң,
Болашағы ұрпақтың көгереді.
Ата-бабам мұрасын қастерлеймін,
Қойғым келіп жүрсе де бас бермейді.
Қолтығымнан демеген қос өнерді
Жалғастыра беруге жас келмейді.



САУАЛ

Мекен-жайым аспан мен жер арасы,
Маған үйді өлмей бермес шамасы.
Ақын, шебер, сазгер деген атақ бар
Лауазымым он баланың анасы
 Біраз еңбек сіңіріппін қоғамға,
 Елу жылдан асып кеткен оған да.
 Кезек күтпей үй берер деп ойлап ем,
 Жүз алпыс бесінші кезек болар ма?
Он жыл бұрын арыз беріп қоймаппын,
Кезексіз-ақ үй берер деп ойлаппын.
Басшылардан алған жауап осындай,
Әділдікке қандай сауал қоймақпын?

НАПА

Ортаңда жүрдім, көбіне көзге түспедім,
Осылай деп жүр өзіме сыртқы-іштегі үн.
Мен жүрген орта жанымды бәлкім ұқпады,
Жасым асса да ісімді алға үстедім.
Лапылдап кейде, от болып жанып, шоқ болдым,
Қынжылған кезім, қиналған кезім көп болды.
Уайымсыз, мұңсыз тұтастың қарны тоқ болды,
Сырласар кейде жанымда бір жан жоқ болды.
Жүремін кейде жанымды шуақ жыр бөлеп,
Күніміз ортақ, аспан да ортақ, тіл бөлек.
Ағыңнан кейде жарыла сырласатұғын,
Жаныңды ұғар жайсаңның орны бір бөлек.
Жүрсіндер қайда жанымды ұғар замандас,
Ортама қарап отырам кейде алаңдап.
Тілі де бөлек, діні де бөлек қаптаған,
Жанымда жүрген түр-түсі бөлек адамдар.
Әлі де менің айтылмай жүрген мұңым бар,
Жазғым келетін, жазылмай жатқан жырым бар.
Жүрегім нәзік жанымда талай налам бар,
Осындай менің жағдайым, халқым, ұғыңдар!

28.05.2010ж.



ГАЗЕТИМЕ СЫР

Қақтырған қанатымды пірім едің,
Алқаңда мүшең болып жүріп едім.
Отырмын қолға қалам ұстай алмай,
Белгісіз - өлетінім, тірілерім.

Жоқ еді өнерімнен тартынбағым,
Бұл күнде қос өнерден салқындадым.
Қиянат әлде кімдер ренжіткен,
Құзыр боп кеңірдектен алқымдады.
Баспасөз, жайым солай, дем берерім,
Алты ай есігіңнен енбегелі.
Жүреkte сыздап тұрған жан жарасын,
Енді де артық болмас емдегенің.
Қалған соң өнерімнің сағы сынып,
Өзіңе келдім тағы жан ұшырып.
Сауығып кетер ме екен шабыт құсым,
Көрейін қолдан келсе тағы ұшырып.



ЖҮЙКЕНІҢ ЕМІ

Іс істеуде түрі ғой, жұмыстың бір,
Отыра қал, іс істе, бір іс тындыр.
Өзің қолдан істеп бір ісінді,
Мұқтажыңның біреуін ығыстырдың.
Мойныға алған ол да бір жұмыс еді,
Бітпей тұрған біраздан бір іс еді.
Уақыт бөліп сол істі тиянақтау,
Әйел үшін жүйкенің тыныс-емі.
Ұршық иір, көйлек тік, тоқы шәлі,
Отбасының орнықтыр үстемдігін.
Әйелдер қауымының осы сәні,
Жеті жұттан құтқармақ ісмерлігің.

ҚЫЗЫҒАМ

Бір күнімнен келер күнім аумайды,
Күйбеңменен уақытымды жаулаймын.
Жиып қойып, бітпес күйкі тірлікті,
Неге бір-кез өлең болып жаумаймын.

Неге бір кез үдемеймін жел болып,
Бір кез неге сәгілмеймің сең болып,
Перзентің ғып жаратқанмен табиғат,
Жаратыпсың ақ жаулықты пенде ғып.

Біраз істі тындырып ап тынығам,
Қайталанған істен кейде шығынам.
Біздей емес күйбеңі аз ерлерге,
Шынымды айтсам мына өзім қызығам.



ШАҚЫРУ БИЛЕТІ

Есенсіз бе, дос-жаран, жақындарым,
Міне мен де елуге жақындадым.
Апрельдің сегізі туған күнім,
Бас қосалық келіңдер, шақырғаным.
Ойға түсер ондайда өткен іздер,
Өмір сүріп өттік пе текке біздер.
Бас қосуға жол түсіп келгендерің,
Бауырсақ пен шай берсем, сөкпеңіздер.
Мәселемді үлкендік қарап жатыр,
Жастығымның базары тарап жатыр.

Шашу-машу дегенге саспаңыздар,
Ақ ниетпен келсеңдер жарап жатыр.
Үлкендіктің енбекпін қақпасына,
Көше жаққа бір шығып аптасына.
Пенсияны балдарға бөліп беріп,
Кино қарап кім кепіл жатпасыма.
Ақын жаны ондайға төзер ме екен,
Үйде отырсам болмысты сезер ме екем.
Әй, білмеймін, тотыдай торға түскен,
Бейғамдықтан тағы да безер ме екем.
Есенсіз бе, ауданның ақындары,
Міне мен де елуге жақындадым.
Апрельдің сегізі туған күнім,
Қарсы аламын, келіңдер, шақырғаным.
Жастығымның базары тарап жатыр,
Көрпесімен үлкендік орап жатыр.
Шашу-машу дегенге саспаңыздар,
Екі-үш шумақ әндерің жарап жатыр.
Бас қосалық сол күні, келіңіздер,
Шақырғаным, дос-жаран, сеніңіздер.
Кім келеді сол күні кім келмейді,
Күні бұрын жауабын беріңіздер.
Аттағасын өмірдің босағасын,
Мың жасаған дұрысы жасағасын.
Мың жасауға қамданыс жасағанша,
Құрығынан ажалдың тасаласын.

1998 жыл



АЙТАРЫМ БАР

Жас жасамыс аналар, айтарым бар,
Үйге артық зат кірді, байқадың ба?
Ұлың, не еріңнің бұл ісіне,
Күдіктеніп, басыңды шайқадың ба?
Қорыттың ба ойыңның елегінде,
«Қалай келді бұл мүлік» - демедің бе.
Бұл біреудің көз жасы екендігін,
Ойладың ба түйілмей жегеніңде.
Қозғады деп сөкпеңдер қайдағы істі,
Қандай іспен азамат айналысты.
Сүріндіру, сүйеу де ерімізді,
Саған, маған аналар байланысты.
Оңымызға, қаралық солымызға,
Ардақты ма, азамат сорымыз ба.
Арандатып алмау да азматты,
Сіз бен біздің аналар қолымызда.



БІРЕУГЕ ҚАРА ЖАҚПАҒЫН

Жаны бар өлең болар ма?
Жүректен жарып шықпаса.
Жүрегім тыншу табар ма,
Сөзіңді жұртың ұқпаса.
Ұшырар желге сөзіңді,
Жүрегі жоқтар мықтаса.

Жалғасын әнің табар ма,
Санаға жетпей ықтаса.
Жүректе жарқыл болар ма,
Жаныңды әсер жылытпаса.
Ақында сабыр қалар ма,
Қайтарым сөзің дәл тауып,
Қарсыласып ұтпаса.
Күйінбей жаның тұрар ма,
Жүректен шыққан өлеңің.
Кейбіреуге жақпаса,
Көрер ем өзін мен сонда.
Ұят деген бір мықты,
Өмірін шолып солардың
Өздерін бір кез соттаса.
Біреуге қара жақпағын,
Етегімнен тартпағын.
Қанатымнан атпағын,
Қомданып тұрған кезімде.
Келеді алға аттағым,
Біреуге ұзақ болғанмен.
Біреуге өмір қас-қағым,
Елу жыл өмір сүргенмен.
Өлеңнің табалдырығын,
Жаңадан ғана аттадым.



ДОСТЫҚҚА ҚЫЛАУ ТҮСПЕСІН!

Сүйсіне қарап жан-жаққа,
Жай басып келем көшеде.
Жаныма шабыт алмаққа,
Туар деп өлең еселеп.
Көшеде көлік зулайды,
Машина тым көп, ол анық.
Шабытсыз өлең тумайды,
Отырсаң үйде омалып.
Ағуда көлік жөңкіле,
Жайдары жүзді әр адам.
Қаланың тойсам көркіне,
Жаныма мен де нәр алам.
Тойы еді бүгін халықтың,
Халықтық мейрам аталған.
Мейрамды көріп қанықтым,
Шаттанып қайттым сапардан.
Бірінші мамыр - той күні,
Оранды көкке ой-қырым.
Сахна төрін кернеді
Әр ұлттың салған той жыры.
Сан ұлттық шаттық мерекем,
Тойларды тойлар үстесін.
Мейрамым шаттық сен екен,
Достыққа қылау түспесін!



ДОСТЫҚ КҮНІ – МАЙ КЕЛДІ!

Көріп жүрсіз, бәрін жеңіп келеміз,
Бұл сөзімді бірің қате деменіз.
Құшағы кең, жаны жомарт халықпыз,
Шүкір дейік, тәуелсізбіз, егеміз.
Ең бастысы, татулықты сақтайық,
Ақылға сап, алға жылжи бастайық.
Халықпыз ғой ержүректі ежелден,
Қиындыққа қарсы тұрған қасқайып.
Естіп жүрсің көп елдерді бүлінген,
Елбасына тиіспеңдер бірің де.
Сәл шыдаңдар, болып тұрса тыныштық,
Біз алдыңғы ел боламыз түбінде.
Мұнай бітсе, күннен жылу алармыз,
Газ орнына күнмен пешті жағармыз.
Әлем халқы бізді тани бастады,
Дос елдерден жан жылуын табармыз.
Шыдам керек, құлақ асшы, досым-ай,
Тыныштық боп тұрса елде осылай,
Елбасының саясатын сарабдал
Оң пиғылмен қабылдайық шошымай.
Бітіп тұрған істі бірің бүлдірме,
Бүлінгеннен бір бүлінгі ілдірме.
Аты жаман ереуілді еске алма,
Дұрыс болар ақылдыға жүгінген.
Елді үркітіп босқа өсек таратпа,
Халқым, бәрін ақылменен сарапта.
Тек тыныштық тілеп жүрген анамын,
Тілегімді қабылдай көр, жаратқан.
Дұшпанға да көрмеппіз ғой тас атып,
Бақытты өмір дей алмаймын жай келді.
Достық күні Мәңгілікке жасасын,
Жыл айналып, достық күні – Май келді!

АНАНЫҢ ТҰҒЫРЫ

Тағдыр маған оң көзімен қарады,
Мен өмірге әкелдім он баланы.
Әрбір бала дүниеге келгенде,
Мақтаныштан жарқырайтын жанарым.
Сәбилердің қылығына мәз болып,
Өтті менің бар ғұмырым жаз болып.
Ой-хой менің сарқылмастай шаттығым,
Көрінетін қанағатым аз болып.
Сәбилердің тәтті исі, қылығы,
Ана үшін шексіз бақыт мұны біл
Демекшімін ана атаулыларға,
Ана болу - ананың тақ, тұғыры.
Дей алмаймын ештеңеден кем болдым
Шаңырақтың патшасы да мен болдым
Айналғанда он баланың анасы
Лауазымым осал емес - Ер болдым.
Құлайтын таудан аумамай тұр.

15.03.2009 ж.



АҚ ЖОЛ

Алтын жайма төсейін
Тұсауыңды кесейін
Қайда барсаң жол болсын
Ер жеткенде есейіп.

Жапырағым, жанарым,
Балапаным базарым.
Қидым ала жібіңді
Құтты болсын қадамың

Балапаным борықтай,
Тәй-тәй басшы қорықпай.
Ала жіпті қиған соң,
Жүріп кетші толықтай.
 Қаражаттан тарықпа,
 Өнеге бол халыққа.
 Аман болсын ата-анаң,
 Ешқашанда қамықпа.
Тәй-тәй қадам аттаған,
Балапаным, ақ балам.
Лауазымың әрқашан
Биік тұрсын ақшадан.
 Қайда барсаң, жол болсын,
 Ризығың мол болсын.
 Ақ тілеулі әжеңнен
 Алар батаң сол болсын!

(немерем Мәдинаның тұсауын кесу)

14 наурыз 2008 ж.



АНАНЫҢ АЛҒЫСЫ

Зәйтунамның қызы, жары, алданышы болыпты,
Бүгін, Гүлім, санап тұрсам, он алтыға толыпты.
Оң-солыңнан ай-күн тусын-анаңның ақ батасы,
Армандаған алтын балық алдарыңнан жолықсын.
Сені жасқа толғаныңша «Алтын бас»- деп атадық,
Сары шашың шындығында алтын деуге жатады.
Бәріміздің қамқоршымыз - «Алтын басым», аман жүр,
Саған, жаным, беріп жүрмін ағыл-тегіл батаны.

Мен басымнан өткен жылды санап шықсам парақтап,
Тәтті ғұмыр кешіппін-ау, ризамын жаратқан.
Ұл-қыздарым бір-біріне жаны ашитын бауырмал,
Қорға, Алла, жанұямды берекесі жарасқан.
Ұл-қызымның тірліктері бір-біріне байланған,
Бір-бірінің жетпестерін бүтіндеуге сайланған.
Алла, саған ризамын, қолдап-қорғап жүрсің ғой,
Мен бақытты әже екенмін бәйтерекке айналған.
Ақ батамды Зәйтунама беріп қойғам көп бұрын,
Санап көрсем содан бері біраз жыл мен өтті күн.
Гүліміңнің қызығын көр, қайғы-мұңсыз өмір сүр,
Алда жасар ғұмырыңда бақытты боп өт, күнім.

3.03.2009 ж.



**Маңғыстау облысының «Құрақ» елді мекенінде
балабақшаның ашылу салтанатында
осы балабақшаны салуға атсалысқан
азамат-азаматшалардың атынан
ҚҰТТЫҚТАУЫ**

Қош келдіңдер, ауыл халқы, жиналған,
Кездерің көп болған шығар қиналған.
Елбасының саясаты сіздерді,
Қиындықтан құтқаруды ұйғарған.
Жас аналар жуу үшін жөргекті,
Балабақша ашылуы жөн депті.
Құрақтықтар көптен бері ауылға
Балабақша салынғанын көрмепті.

Ауыл болды, қаладан сәл жырақта,
Нарық тұсы, түсті талай сынаққа.
Балабақша сұранып- ақ тұрғанмен,
Кештеу жетті балабақша Құраққа.
Бұл өңірден талай ұрпақ алмасты,
Ай жылдарға, жыл ғасырға жалғасты.
Тәуелсіздік алып есті жиғалы,
Балабақша ашылып тұр алғашқы.
Міне, енді артқа тастап сан жылды,
Балабақша ашып елді таңылды.
Жағдайлары жақсарғанның арқасы,
Халқымыздың сұранысы жаңғырды.
Дүр сілкіктіп тыныш жатқан даланы,
Жұмыстанбақ ауылдың сан адамы.
Баратұғын балабақша үйіне,
Құтты болсын бүлдіршіндер қадамы.
Құтты болсын балабақша демекпіз,
Қабылдай бер бүлдіршінді кезексіз.
Өмір танып, өздерін де танитын,
Ұрпақтарды баулығайсыз ерек Сіз.



ДҰРЫС ЖОЛҒА БАСТАҢЫЗ, КІМ БОЛСАҢ ДА

Ұшқанда құс қанаты талатұғын,
Жеріміз ұлан-байтақ далатұғын.
Көлік қой ол заманда ат пен арба
Жолаушы айлап жүріп баратұғын.
Тұяғы мұқалатын құлагердің,
Жеткенше таусылатын шыдамы ердің.

Ал қазір темір қанат құсқа мініп,
Тәулікте барар жерден шыға келдің.
Жайғасты жаһандану санамызға,
«Деп жүрміз көп тіл үйрен баламызға
Алдыңғы елу елдің қатарына
Қосылмай біз қатардан қаламыз ба».
Осындай болды кәзір ұранымыз.
Белгісіз қайдан барып шығарымыз.
Ойнайды компьютердің құлағында,
Бесіктен белі шықпай ұланымыз.
Жер асты тереңдігін шақырымдап,
Бұрғылап тесіп жүрміз ақырындап,
Қақ жарып қара жерді түтік тарттық,
Мына мен куә болған ғасырымда.
Ал, халқым, арандамай абайлаңыз.
Ісінді ақылға сап бажайлаңыз,
Дұрыс жолға бастаңыз кім болсаң да,
Абайлап, алды-артыңа қарайлаңыз.



ЕРТЕДЕ

Ләмбок шапан жамылып,
Дарайы белбеу тағынып,
Салт ат мінген қыз-жігіт
Қырға шыққан сабылып.
Салтанаты жарасқан,
Өзілдесіп, таласқан.
Қыр гүліндей қыз жігіт.
Алты қырдан әрі асқан.

Қызыл, жасыл, сары гүл
Ой мен қырдың бәрі гүл
Салтанатқа куәгер
Кәрі жастың бәрі жүр.
Сыр бергеннен таң сәрі,
Мамыр айын қарсы алып.
Бір-бірімен көріскен,
Мәз болысқан барша жұрт.
Қызық қалмай бұлардан
Өріске мал шығарған
Серуенді салған ғой.
Шыққанынша құмардан.
Қыз қуу ма, көкпар ма,
Қуып жетпей тоқтар ма.
Қуып жеткен жігітің
Қыз сүйеге оңталған.



КҮТЕ ТҰР

(Отағасына арнап шығарылған өлең)

О дүниеден «шақыру» қағаз келіп тұр,
«Алып кетем»- деп ертерек хабар беріп тұр,
Аллаға аян қысқа да ұзақ жасауым,
Түсіме қырдың ескі жолдары еніп тұр
Отағасының жанынан орын алдырғам,
Жатар жерімді қазуды кейін қалдырғам,
Нұрланым менің Маңғыстау жақтың ақ тасын
Поезға тиеп жіберіп, үйді салдырған.

Еңсесі биік, төбесі ашық ақ үйді
Маңғыстау тасы екенін халық таниды
Балаларыма батамды төгіп отырып,
Отағасымды есіме алып налимын.
Мазасыз емес еді ғой өзі жарықтық,
Елу жыл екі ай бауыр басып қалыппын.
Ойлап отырсам, кербез-тің, өзін күтетін
Тәрбиесінен өнеге біраз алыппын.
Түсіме еніп, бергендей болад аянын,
Ақбоз ат мініп жақындап маған таяды,
Өзі жоқ, бірақ, сөйлесем Нұрлан әперген
Ұстаған оның көзіндегі көріп таяғын.
Таяғын түнде жаныма қойып жатамын,
Біраздан кейін ұйқыға қалың батамын,
Өйткені оның таяғы маған қарауыл,
Алаңсыз ұйықтап, таңдарым нұрлы атады.
Жатса да өліп жанарын маған қадады,
Жыл өткен сайын алыстап өзі барады.
Қуатқа-қуат қосқандай маған тірлікте
Өзіңе деген сағынышымның азабы.
Күте тұр әзір, барғым жоқ сенің қасыңа
Дұғамды оқып, барып тұрайын басыңа
Аллаға шүкір, әлпештеп жүр ғой ұл-қызың
Баруға саған несіне сонша асығам.



ӘКЕ ОРНЫ БАЛАМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

(Отағасыма арнап шығарылған толғау)

Сағындым-ау сүйеніш-қалқанымды,
Жетпіс бесте тауыстың талқаныңды,
Жоқтауымды күпірлік деп ойлаймын
Жоғалтқаным болса да қанша мұңды.
Сағындым-ау сүйеніш-тірегімді,
Жарты ғасыр жаулаған жүрегімді.
Елесіңнен алыстай алмай жүрмін,
Енді өзіңнен үзсем да күдерімді.
Арасында жүріппін саябақтың,
Ойлап көрсем, елу жыл аялапсың.
Бәйтерегім мәуелі құлағанда,
Ұрпақтарға арқамды таямақпын.
Көп сұрақтың астында қалып жүрмін,
Шынымды айтсам, өзіңсіз налып жүрмін.
Ұрпақтарың - қалдырған бағдаршамым,
Кеудемдегі самсаған жарық жұлдыз.
Сусын сұрап бір шұқыр қинамадың,
Өлгеніңе мен қалай иланамын.
Орыныңды тұрғаны ойсыратып,
Жарты ғасыр бостандық сыйлағаның.
Ұрпақтардың қызығын көрсем деймін,
Көңілімді соларға бөлсем деймін.
Көңіліне алмасын ұрпақтары,
Әке орны баламен өлшенбейді.
Орындап жүр ұрпағың талабымды,
Бәрі менің бағады қабағымды.
Елесіңді орныңа отырғызып,
Кейде жалғыз жұтамын тамағымды.

Естілетін дауысың мақпалдай шын,
Риза едің жұбыңды тапқандай шын.
Сенің жатқан орныңа жатпай жүрмін,
Таудай болып орныңда жатқандайсың.
Азаматша аялап, көрікті еттің,
Қолдай жүріп, ісімді өнікті еттің.
Сол жағыңа жантайып жан тапсырып,
Көз алдымда әдемі өліп кеттің.
Саған аян оңаша жылағаным,
Ойлап кетем кейде тік тұра қалып.
Жетпіс бесті тойлатпай кете бардың,
Неге, неге екі айға шыдамадың?
Тауыспадың бір шұқыр су алдырып,
Күндерім көп көңілдің жуған кірін.
Орның жайлы, иманың жолдас болсын,
Бүгін сенің, қымбаттым, туған күнің.
Дос-жаранға білдірдің бағаң барын,
Жасқа толдың, үндемей қала алмадым.
Ұрпақтарға өнеге болсын деген
Өлеңімді осымен тәмамдадым.



ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР - ҚҰРЫШ КҮШТІҢ ҚҰДАЙЫ

Құрылысшылар - құрыш күштің құдайы,
Басымды ием мен сіздерге ұдайы.
Бітер істің бойындағы қаны - сіз,
Атасы сіз еңбектің де шынайы.
Құрылысшы әйелсің бе, ерсің бе?
Ойлап көрсем, батырлармен теңсіздер.
Бағалауға лайық деп ойлаймын,
Киіміңді киіп жүрген тер сіңген.
Көзім түссе, киіміңе күн жеген,
Иесіне ұқсамаймын мүлде мен.
Қуыршаққа ұқсатамын өзімді
Орап қойған үлде менен бүлдеге.
Ащы тердің дәмін тілмен татқанда,
Ауыр затты көтергенде батпандап.
Содан кейін тамақ ішіп тәбетпен,
Не жетеді тәтті ұйқыға батқанға.
Құрылысшы боп кеткім келед мен демде,
Шынымды айтам, қызығамын сендерге.
Салтанатты ғимараттар тұрғызған,
Құрылысшылар дала, қала, елдерге.
Тұрғызылса салтанатты сарайлар,
Сол құрылысқа үлес қосқан талайлар.
Нағыз адал еңбектің ол иесі,
Марапаттан мақұрымдау алайда.
Көпшілікпен аралас жүрген жұлдыздар,
Сендерсіңдер әсем қала тұрғызған.
Алып күштің иелері - толағай,
Мерекеңіз құтты болсын, ұл-қыздар!

«БӨРЛІ ЖАРШЫСЫ» ЖУРНАЛИСТЕРІНЕ

Ағыл-тегіл ақынға беріпті арман,
Ақындық та бір дерт қой ерікті алған.
Әне-міне дегенше жыл айналып,
Журналистер күні де келіп қалған.
Бұл ұжыммен таныспын көптен бері,
Бірге өтіппін он үш жыл өткелдерін.
Басымды ием, киелі шаңырағым,
Ақын болып жырымды төккен жерім.
Алқаңызды әрқашан құрметтедім.
Кімдер келіп ұжымға кім кетпеді ,
Көк жолақты мен үшін ашып қойдың.
Көңілімді ешқашан кірлетпедің.
Лауазымың төртінші билік болсын,
Денсаулығы ұжымның мықты болсын.
Қаламыңыз әрқашан жүйрік болсын,
Журналистер күніңіз құтты болсын!



КӨРІНБЕЙТІН ДЕРТ

Қоятұғын жер таппаған бір жан-ай,
Сап-сау жүріп ауырамын бұл қалай,
Өнер дерті, маза берші өтінем,
Бір жанымның тыныштығын ұрламай.
Айта алмаймын ауруымды тап басып,
Айқайлаймын әбден жанға батқасын,
Көрінбейтін дерт дегенің білдірмей,
Тағдырыңмен жатады екен астасып.

БАТА (Ұзатылар қызға)

Жұптасқан көрдік талай қатарды біз,
Жанұя өнегелі атандыңыз.
Аяп пен Қамажайжан, талай үйге
Шақырып үлкендерден бата алдыңыз.

Ләззатжан отыр үйден аттанғалы,
Тілейік ашылсын деп жастар бағы.
Бақытты өмір сүрсе жас шаңырақ,
Тілегі ата-ананың ақталғаны.

Қыз беріп, келін алу төл ісіміз,
Кеңеймек құдаласып өрісіңіз.
Екі жақ туысқандай араласып,
Көргенде шұрқырасып көрісіңіз.

Қонған соң басқа ұяға есік аттап,
Қолдасын ақыл, төзім екі жақтап.
Жеңген жөн ақылменен қиындықты,
Өмірдің иірімі жеті батпан.

Баянды болсын, қызым, барған жерде,
Құт қонсын қызымызды алған жерге.
Мейрімді, парасатты болсын теңі,
Қызымның қамын ойлар қалған жерге.

Қайырмасы:

Жиналған халық осында,
Қалмаңдар бірің қосылмай.
Алақан жайып бет сыйпап,
Берелік бата осындай!



ҚҰДАША

Хош келдіңіз құдашажан, құдағай,
Той болған соң ән бастадым шыдамай.
Осы тойды тамашалап отырмын,
Қонақ болып жатыңыз бір жұмадай.

Осы тойға көрік бердің, құдаша,
Екі көзге ерік бердім, құдаша.
Досымысың, бауырымысың жеңгейдің,
Қалай ғана еріп келдің, құдаша.

Осы тойда тілдесейік қалайда,
Құдашажан айналайын, жарай ма?
Сәті түсіп, тіл табысып кете алсақ,
Алғысымды жаудырар ем ағайға.

Құдашажан, лағындайсың еліктің,
Сізді көріп осы тойда желіктім.
Бір басына теңеу іздеп құрбыжан,
Ал ішімнен «елігім» дей беріппін.

Жібектің бір талындайсың, құдаша,
Ақ маралдың лағындайсың, құдаша.
Біз екеуміз тіл табысып кете алсақ,
Жар таңдаудан жаңылмайсыз, құдаша.

Күн нұрындай жып-жылы екен дидарың,
Шуағыңды өн бойыма сыйладың.
Өліп-өшіп отырғанмен мен байғұс,
Көзіңнің бір қиығын да қимадың.

Ынтық болдым, құрбым, сізді көргеннен,
Айналайын сізді ерткен жеңгемнен.
Сізді көріп мазам кетті, құрбыжан,
Басқа жанға көңіл қосып сенгенмен.



АЛ, ХАЛАЙЫҚ, ТОЙЛАРЫҢ ТОЙҒА ҰЛАССЫН!

Есімін ел білетін бар адамдар,
Көп емес, аз да емес санағанда.
Өмірден ертелі-кеш озды дейді,
Совхоздың ірге тасын қалағандар.
Есімі ардақталған тірілердің,
Санында жүргендердің бірі менмін.
Деп кейде кейбіреуі сыр шертеді,
«Той болып шақырылсақ, жүгірермін».
Кім сізден аяр дейсіз жақсылықты,
Көрдiңдер бейнетті де тапшылықты.
Айтады кейбіреуі аңыз қылып,
Көк суын іріткінің ас қылыпты.
Бұл күнге қиындықпен жеттік дейді,
Өмірдің қияметін өттік дейді.
Бір уыс бидай ұрлап көзге түссек,
Айдалып түрмеге де кеттік дейді.
Біз деген деп сөйлейді, не көрмедік,
Айдалдық шахтаға да көгенделіп.
Тек қана төзімділік қайрат берген,
Әйтпесе, аштық жылдар неге өлмедік.
Әйелдер пішен шауып, шөп тасыпты,
Майданға шұлық тоқып, оқ тасыпты.
Асырып бар адалын қан майданға.
Талқаннан талғажау ғып ботқа асыпты.
Жоқтықтың көрген талай зардаптарын,
Жоғалтқан қан майданда ардақтарын.
Соғыстың қан жылатқан қасіреті,
Әйелге салды дейді салмақтарын.

Естелік шертіп отыр әжелерің,
Олардың өзiр шығар кәделері.
Совхоздың алпыс жылын тойлап алып,
Ойлауда жетпіс жылын-дәмелері.
Алпыс жыл аз да емес, көп те емес,
Беріп жүр арамызда көпке кеңес.
Соғыстан аман кайтқан ағатайлар,
Еңкейіп қасіреттен шөккен емес.
Ыбырай, Кәри, Латып ағаларым,
Көбейді ұрпақ шашты балалары.
Соғыстың ардагері аталып жүр,
Бақытты жайлау қазір жағалары.
Үлгі қалар ол кісі жүрген ізде,
Әдем ағай отыр ғой іргемізде.
Қадірі өтті бір айтар ағамыздың,
Байланыс торабынан білген іздер.
Кетті ғой орындалмай бір арманы,
Ренжіп арызданбай тұра алмады.
Соғыстың ардагері еді Сүйініш те,
Жаңа үйді көп сұрады, кіре алмады.
Не жетеді ауылдың қалашына,
Ыссы нанды жұрт алды таласып-ақ.
Алғысын да кезінде аяған жоқ,
Марқұм болған Кұбидай ағасынан.
Алтыннан да ардақты нарқың болды,
Қолың сенің, Зәріпжан, алтын болды.
Жақсылықты халқыңа көп жасап ең,
Құрдасы едің совхоздың, марқұм болдың.
Малды төлден өсірген малшыларым,
Қайсыныңның дей алам жақсы халың.
Осы тойдың құрметті қонағы етіп,
Сізді тойға шақырар басшыларың.

Ала жақ па халқына, бере жақ па,
Оған жауап ауылы бере жатар.
Мен білетін Бижанов Аманғазы,
Қызмет қып қалтқысыз келе жатыр.
Сәрсенғалиев Серікті ұмытпалық,
Күнінде дүрілдеген партком болған.
Басынан асып жатыр жұмыстары,
Жасап жүр сондай жұмыс арты оң болған.
Сыйлаймыз Молдағали ағамызды,
Орденін таққан Ленин бабамыздың.
Заманым жақсарып-ақ кетер еді,
Жақсылар толықтырса арамызды.
Ерлердің, қыздар да бар құрамында,
Қазағым, халықсың ғой шыдамың бар.
Айғаным, Тояшым бар совхозымда,
Ойнаған трактордың құлағында.
Суретші Махмұд бар арамызда,
Сабақ берді күй тартып баламызға.
Әзірленіп бұл тойға күйді тартса,
Күй тыңдауға, әрине, барамыз да.
Қиындықпен өмірі басталыпты,
Отыз бес жыл мектепті басқарыпты.
Ерте тұрып, кеш жатып Мәбден ағаң,
Жанын салып жұмысын атқарыпты.
Ата-анадан естіген алғысы көп,
Отыруға жұмыссыз барғысы жоқ.
Қырық үш жыл ұстаздық етсе дағы,
Чапай ағаң жұмыстан қалғысы жоқ.
Кейбіреулер тірнектеп мал жияды,
Кеудесіне кейбіреу ән құяды.
Рухани байлыққа қанбайтұғын,
Кім білмейді мұғалім Ақзияны.

Озат малшы Мақсот пен Ерік дейді,
Бағалаған еңбегін Серік дейді.
Уақытында мадақтап отырған соң,
Қандай адам ондайға елікпейді.
Ғазез, Айдын кезінде малшы болған,
Мақтануға орынсыз қарсы болған.
Ұмытылып кетіпті соңғы кезде.
Көңілдері сондықтан жарты болған.
Сайын, Опа, Ақболат ағаларың,
Кұрылыс салды келгенше шамалары.
Эстафета ауысып баласына,
Жанболаттай жалғады балалары.
Ұмытсақ Райхандай ағамызды,
Жеңгеміз көрмей кетер қарамызды.
Екеуі көшіп барып қалада отыр,
Тегістей біліп алған қаламызды.
Жаңыласың үйлерді санап ақыр,
Осы совхоз үлкейіп бара жатыр.
Махамбет пен Қайыржан салған үйлер,
Қала болар кешікпей, қара да тұр.
Киім болар, ас болар мал жисаңыз,
Қуат кірер бойыңа қан жисаңыз.
Дері сөзсіз осылай елде болса,
Дәрігер Қапышева Ағисамыз.
Сөйлесе сөзге ешкімді ілдірмейді,
Акушер Зәурешті енді кім білмейді.
Кіндік кескен баланың аналары,
Оған борыштарлығын білдірмейді.
Тізе берсек көп болар жақсыларың,
Татқан тұщы өмірдің ащыларын.
Осы тойда көрерміз аман болсақ,
Бұл совхоздың, бұрынғы басшыларын.

Ел аузында айтылды аты аңыз ғып,
Директор Кудрявцева апамыздың.
Қазақ пен түсініскен орыс қызын,
Кей кезде еңгіме ғып жатамыз біз.
Еске алсақ Сисенбаев ағамызды,
Ұрпағын осы ауылдан табамыз-ды.
Еңбегі сіңген адам осы елге,
Ұмытсақ аламыз ғой жазамызды.
Совхоздың шаруасын жолға қойған,
үзетіп қисық жерін оңға қойған.
Жетпіс бірде директор болып тұрған,
Қала алмас Сади ағай ол да тойдан.
Үйренген бауырлардан шығыспалық,
Кетсе екен қас-қабағым дұрысталып.
Совхоздың өрге тартқан жанның бірі,
Прокоф Нагай қартты ұмытпалық.
Алдынан ренжісіп шығатынбыз,
Жайыңды соңын ала ұғатын-ды.
Кегі жоқ Азамат қой дейтін едім,
Директор Шоланбаев Мұратыңды.
Ақ жігіт жарқылдаған Марат інім,
Туғандай үгіт үшін жаратылып.
Елім деп еңірейтін, ерме деуші ем,
«Елім-ау» кетпесе екен таратылып.
Басталған аяқталмақ күздегі іс бар,
Диірмен, фонтан, ішкі түздегі іс бар.
Шұжық пен нанның цехын іске қосты,
Бойында Мүти інім ізденіс бар.
Көзге түскен еңбекте жастарым көп,
Атын атап олардың жатқаным жоқ.
Тірлік болса тойларға, той ұласар,
Алдарыңда алынбақ асқарың көп.

Болып тұрса тыныштық жерімізде,
Тәуелсіздік орнықса елімізде.
Көк байрағым желбіреп тұрар болса,
Қиындықтан шығармыз, сеніңіздер.
Айтылмаған есімі тарландарың,
Айтыларсың, еңбекте қақ жарғанын.
Жетпіс жылдық той тойлар күнге жетсек,
Сол уақытта жырлармын қалғандарын.
Түкті болсын, жігіттер, жүректерің,
Мықты болсын еңбекте білектерің.
Асқақ болсын әрдайым армандарың,
Құтты болсын сүйенген тіректерің.
Ұрпақ өссін, есейсін - бойды бассын,
Төрт түлік мал көбейіп ой-қыр асын.
Алпыс жылдық тойымыз, құтты болып,
Ал, халайық, тойымыз тойға ұлассын!



ҚАЙҒЫҢА ОРТАҚТАСАМЫН

Жексенбі күні жорықта
Екі қыз суға кетіпті.
Хабарды жайсыз жолыққан
Кешірек жұрттан естіппін.
«Серуен» деген сапарға,
Ажал ғой айдап апарған.
Біреуге жайлы біреуге
Тағдырдың ісі қаталдау.
Төбе құйқам шымырлап,
Тас төбеме жиналды.

Азалы әнмен ыңқылдап,
Өлең жаздым қиналдым.
Қайғырғанда тартамын,
Ақындықтың азабын.
Қайғылы әнді қағазға,
Көз жасыммен жазамын.
Біреудің өрттен ажалы,
Біреуге судан екен ғой.
Мәншүк-Мүти, қарағым,
Бекем бол, енді бекем бол.
Орны толмас қазалар,
Ер жігітті сынайды.
Таусылып дәмі бір үзім,
Ертерек кетті-ау, құлының.
Қолыңда бар ғой ұл-қызың,
Қайғынды басар қызығың.
Қайырылмасты азалап,
Боркеміктер жылайды.
Ерте солды қызғалдақ,
Көздің нұрын қандырған.
Қасірет қарып тұрғанда,
Қайғыға, қарғам, алдырма.
Орны тұрар қаңырап,
Анасы қалды аңырап.
Қайыр болсын айтуға,
Қайғырып жұртың ағылар.
Су да сенің қойнында,
У да сенің қойнында.
Кос сәбиді алдың ғой,
Жер-ана, енді тойдың ба?
Қайғырдың қатты байқадым,
Басымды үнсіз шайқадым.
Жыламас болар азамат,
Қайғыңа жоқтау айтамын.
Қолыңда бар ғой балдырған,
Сүйгенде мейір қандырған.

Қайратқа жеңдір, қарағым,
Қайғыға құрық салдырма.
Өмірдің адам қонағы,
Туады қайта солады.
Қайғы мен шаттық алмасып,
Бәрі де ұмыт болады.
Ажалға өкпе қойма зіл,
Ісі ғой бәрі Алланың.
Иманың болсын жолдасың,
Бақыл бол, қызым, Бағдагүл.
Қайғының тартпай азабын,
Халқыңды басқар, қарағым.
Қыруар жұмыс қарап тұр,
Кете алсаң алып, жарадың.



АНАҢ ТІЛІН ЖАСАМА, АЯҚ АСТЫ

Сөйлесіп тұр екі қыз өзге тілде,
Қазақ болар тартады көз де, тұр де.
Көрсен оны жүре бер өз жөніңе,
Анасын сөк, қыздарға сөз келтірме.
Айқара аштық өзгеге есігіңді,
Бөліп жедің ырыздық несібеңді.
Анаң тілін жасасаң аяқ асты,
Бола алмаймын ағайын, кешірімді.
Өзге тілдің бәрін біл санаң барда,
Оқы, ізден, қам жаса, надан қалма.
Өз тіліңді ешқашан төмендетпе,
Өз тұғырың Отаның - анаң барда.

Сөйлесіп тұр екі қыз өзге тілде,
Қазақ болар тартады көз де, тұр де.
Шашын қиып, сарыға бояп қойған,
Ернін бояп, жағыпты көзге сүрме.
Иман-ұятты шалған ел құрбандыққа,
Ар-намысың түбінде ояна ма.
Өз бояуы өзінде тұрғандықтан,
Әжелерің беттерін боямаған.
Өз намысын қорғамас ел болмаған,
Намысты ер біреуге жем болмаған.
Ақ сүтімен ананың тілін білген,
Абай, Мұхтар ешкімнен кем болмаған.
Ей ағайын, қараңдар жан-жағыңа,
Құлағың сал ақынға - зар жағыңа.
Тіл беделі төмендеп тұрған тұста,
Жүгінейік бір кезек арға мына.
Өз тілінде сөйлессе жарамас па?
Өзге тілде сөйлейді балабақша.
Мемлекет тілімен сөйлеспей ме?
Мемлекет төрінде араласса.
Ұрпақты біз қалайша сөге аламыз,
Өзге тілде сөйлессе өз анамыз.
Ана тілін жасаса аяқасты,
Қалай ұлы мемлекет бола аламыз?



ҚҰТТЫ БОЛСЫН ҚАДАМЫҢ

Ұлым-қызым, ұланым,
Алған білім пырағың.
Білімді жан әрқашан,
Биігірек тұрады.
Оқы, ізден, ерінбе,
Құтты болсын қадамың.
Даңқың асып еліңнен,
Құлақ түрсін ғаламың.
Он-онбес жыл оқырсың,
Жылыңа жыл жалғанып.
Жасыңа жас қосылып,
Биік болсын талғамың.
Қосыл ұлан дүрмекке,
Ғалам сырын білмекке.
Ғалам сырын ұқтырған,
Ұстазыңды құрметте.
Қосыл ұлан дүрмекке,
Ғалам сырын білмекке.
Айқара ашқан есігін,
Мектебіңді құрметте.



ҰШҚЫР УАҚЫТ АЛҒЫРЛЫҚТЫ ҚАЛАЙДЫ

Тағдыр тосса алынбайтын қамалын,
Бұзып өтер қуат-қайрат бары анық.
Компартия, Отан берген күш-жігер,
Өн бойымда қанымда жүр таралып.

Қат-қат ойлар түнгі ұйқымды қашырып,
Оянамын ертеңіме асығып.

Өз бойымнан жақсы нышан жарқ етсе,
Қаларым жоқ өзгелерден жасырып.

Өнерліні, өнерді де сыйлаймын,
Күйбің-күйбің от басын да жинаймын.
Уақыт, шіркін, өтіп жатыр зымырап,
Өтіп жатқан уақытымды қимаймын.

Айтарымды айтып әзір болғам жоқ,

Қонатұғын тұғырыма қонғам жоқ.

Көңілімнің көк кептері ұшып жүр,

Ұша бермек, қанаты оның талған жоқ.

Таңым атып тұрған шақта арайлы,
Ұшқыр уақыт алғырлықты қалайды.
Көк аспанның тереңдігін сыйласаң,
Тағдыр, маған сол сыйлығың жарайды.



НЕМЕРЕМ НҰРБЕРГЕНГЕ

Жапырағым-алаңым,
Кеудеңе от жағамын.
Бет алғанда мектепке,
Құтты болсын қадамың.
Мән бере жүр хатыма,
Бұл батам бал татыған.
Сыйға сөмке сыйлаймыз,
Атаң-әжең атынан.
Басың тұнған ес болсын,
Бойың тұнған сес болсын.
Оқығанда, құлыным,
Сөмкең толған бес болсын.
Білімді ізде татымды,
Ұл болып өс ақылды.
Есіп тұрсын бойыңнан,
Парасат пен батылдық.



ӨМІРІҢ МӘНІ

Келемін тұрып жығылып,
Өмірдің мәнін ұғынып.
Жүремін кейде ашылып,
Жүремін кейде тығылып.
Құрсаулап бойды қысады,
Тіресе кейде тығырық.
Қарасам оймен өткенге,
Артыма бір сәт бұрылып.

Өтіппін өмір сынынан,
Өзімді көрсем үңіліп.
Көрмеппін шүкір оған да,
Өмірден ешбір түңіліп.
Шүкірлік дейсің өмірге,
Кетпеген болсаң сүрініп.
Өзіңді өзге түсіне,
Жүресің жайнап құбылып.
Түсінбей тепсе кеудеңнен,
Қалады тауың жығылып,
Өмірдің мәні осы да,
Оған да бірақ жасыма,
Тағы бір көрсет тірілік.



СОЛДАТ ҰЛЫМА

Сағынамын жүрегім елжіреді,
Жанарыма жас тұнып мөлдіреді.
Сенің аман оралған шағыңды аңсап,
Күткен шақта уақыт та өнжімейді.
Хат кешіксе өзіңнен алаңдаймын,
Өзімді өзім қолыма ала алмаймын.
Қандай күйде құлыным жүр екен деп,
Өз-өзімнен береке таба алмаймын.
Ел де, ана да айналды ұлдарынан,
Сақ күзетіп Отанын тұрғанынан.
Жаңылмашы өмірдің ырғағынан,
Адамдықтың көрінші шыңдарынан.

ТАБЫС ТІЛЕЙМІН

Елдің шеті Тасқұдық, Талдыбұлақ,
Егін егіп, алыпты малды құрап.
Ел басқара білетін Кейпін деген,
Жігіт жайлы аңызды шалды құлақ.
Елден ондай азамат табылғаны,
Масылдықтан халықтың арылғаны.
Ел азғанын естісек біреулерден,
Пытыр-пытыр сөгілді қабырғамыз.
Елден ондай азамат туса керек,
Әке жолын көргенді ұл қуса керек.
Дұрыс жолға түсуді мақсат қылып,
Ініміз белді бекем буса керек.
Жақсылыққа бастаған өмірлерді,
Ел басқарған жігітті көргім келді.
Ойлы-қырлы, бұлақты, сай-салалы,
Мал жайылған сағындым өңірлерді.
Жүрегім бар елім деп ән салатын,
Кім бар елде апа деп қарсы алатын.
Талдыбұлақ халқының айтуынша,
Бұлақ суын ішпей-ақ тамсанасың.
Жақсылыққа бастайтын үміттерді,
Үлгі болар ұрпаққа жігіттердің.
Ел ішінен табылып жатқандығы,
Көңілдегі сейілтті күдіктерді.
Саясына аң мен құс салқындаған,
Көк тіреген теректер қалпында ма?
Отын үшін ағашты отамайтын,
Болмауы шарт сыйласқан халқың надан.
Інім, сені ойладым намысты деп,
Сыртыңыздан отырмын табыс тілеп.
Көңілінен халқыңның шығып жатсаң,
Апаң жүрер тілегім табысты деп.

ТІЛЕК

Тұрып алып азанда,
Қожа болдым қазанға.
Наурыз көже пісіріп,
Келіп тұрмын алаңға.
Тойға келген жарандар,
Шыққан күнге қараңдар.
Наурыз тойын көңілді,
Думан-той ғып тараңдар.
Отбасында сән болсын,
Ортасында ән болсын.
Қыдыр ата келгенде,
Дастарханда дәм болсын.
Оңтүстіктен жел енді,
Күн менен түн теңелді.
Наурыз тойын тойлап ел,
Қуанышқа кенелді.
Жаңа жылың құт болсын,
Әрбір затың жұп болсын?
Тілек еткен әр жанның,
Ойлағаны құп болсын!
Ел ырзыққа толықсын,
Дастарханы молықсын.
Наурыз күні әр үйге,
Қыдыр ата жолықсын!
Өрге бассын әр ісің,
Төлге толсын өрісің.
Әр қашанда халықтан,
Қолдау тапсын жөн ісің!
Бұзылмасын қаймағың,
Тыныш болсын аймағың.

Ең бастысы, халайық,
Достық бірлік пайдалы.
Қиындықтар қыр ассын,
Тойлар тойға ұлассын.
Аспанда ән қалықтап,
Көмейлерден жыр ақсын!



МИНЕЗ

Зеңір аспан көгімде жадыраған,
Жұлдыздары жымыңдап жамыраған.
Дүлей шабыт келгенде дауылдатып,
Саған қарап көңілге сабыр алам.
Күліп жүрем кей кезде күн секілді,
Түнеремін кей кезде түн секілді.
Табиғаттың перзенті болғасын ба,
Табиғатқа ұқсамау мін секілді.
Өн бойымды ток күші жайлап алып,
Жан сауғалап болмайды қайда барып.
Жер бетіне сыймаймын осы кезде,
Қас-қағымда қонамын айға барып.
Табиғаттың перзенті болғасын ба,
Алтын да бар, бойымда қорғасын бар.
Өзімді өзім байқасам менің бар ғой,
Табиғаттың мінезі мол басымда.
Жаз, күз болам, қыс болам, көктем болам,
Шынында да табиғат неткен жомарт.
Табиғаттан мінезім айнымаған,
Нәрін жұтып сан ғасыр өткен қонақ.

ТОЙБАСТАР

Келін алып, қыз беріп, той жасаймыз,
Көңілімізді көтеріп, бой жасаймыз.
Той иесі, тойыңыз тойға ұлассын,
Деген ізгі тілекте ой жасаймыз.
Отырмайық томсырап ой үстінде,
Ашылайық осындай той үстінде.
Шат заманда бақытты өмір сүрдік,
Боз торғайдың ұясы қой үстінде.
Отыралық ән шырқап,
Тойға келдік емес пе.
Бас қосулар осындай,
Бір дәуренің емес пе.
Келініңіз көргенді жерден болсын,
Көркіне сай мінезді келген болсын.
Думандатып бұл тойды отырайық,
Олай болса, тойбастар менен болсын.
Ақ көгершін бұл үйге қонған екен,
Жұбайлардың арманы болған екен.
Ата-анасы, жақыны жұбайлардың,
Қуанышқа кенеліп қалған екен.
Тойлар тойға ұлассын,
Заман жақсы емес пе.
Той жасаулар осындай,
Игі дәстүр емес пе.
Босағасы отаудың берік болсын,
Енесі келініне серік болсын.
Үлкен менен кішіге ізеті мол,
Бала болып осы үйге көрік болсын.
Жайраңдаған келініңіз ашық болсын,
Өле-өлгенше жарына ғашық болсын.

Деген бар ғой «жақсы сөз, жарым ырыс»,
Құт береке бұл үйге асып толсын.
Түрлі-түрлі тағамдар,
Толып тұрған ас үйде.
Қуанышты көп тойлар,
Болып тұрсын осы үйде.
Келініңіз ақылды бала болсын,
Болашақта ақылды ана болсын.
Қарап жүріп жарының қабағына,
Ата-анаға қайырымды пана болсын.
Тойлар тойға ұлассын,
Заман жақсы емес пе.
Тойда болу осындай.
Бір ғанибет емес пе.



КӨҢІЛ

Қиналып әлі жүрмін-ай,
Кетіпсің ерте құрбым-ай.
Қатыгез неткен сұм ажал,
Асыққан екен құрғыр-ай.
Бағасы сай бір нарқына,
Жыр беріп кетті халқына.
Өзі үшін жасар өлеңі,
Қайырын берсін артына.
Жылағың келсе жылап ал,
Өлеңін жинап, сұрап ал.
Шашылып жүрсе жырлары,
Қолыңнан келсе құрап ал.

Көзіңе кейде ерік бер,
Берік бол, құрбым, берік бол.
Ақының ақын қалдырса,
Кеудесін үрле, көрік бол!
Ажалдан мен де қорқақпын,
Ол жайлы ойға шорқақпын.
Қаламдас достың зайыбы,
Қайғыңызға ортақпын.



АБАЙЛАҢДАР, АДАМДАР!

Абайлаңдар, адамдар, абайлаңдар!
Тарих дейтін алдында шар айнаң бар.
Тарих бетін ұрпағың ақтарғанда,
Қызармаудың жақтарын қарайлаңдар.
Абайлаңдар, адамдар, абайлаңдар!
Халық дейтін жанында шар айнаң бар.
Ебін тауып екі жеп ел ырысын,
Еңіреген соңынан талайлар бар.
Абайлаңдар, адамдар, абайлаңдар!
Ұят деген мықтыға қарайлаңдар.
Жүрген-тұрған ізіңді көретұғын,
Ұрпақ деген артыңда шар айнаң бар.



СОЛДАТ ҰЛЫМ КЕЛГЕНДЕ

Сені ойлаған кездерде,
Кетуші едім елжіреп.
Бүгін аман келгенде,
Жарылсайшы бұл жүрек.
Бетіңді басшы кеудеме,
Иіскетші төбеңнен.
Еміреніп оңайын
Айналайын, жан ботам-ау.
Шақтарымда сағынған,
Түнгі ұйқымнан жаңылғам.
Хат тасушы кешіксе,
Почтадан табылғам.
Сен келетін қарсаңда,
Түстік әбден сарсаңға.
Тұра-тұра жүгіріп,
Жолаушыны қарсы ала.
Сүйгіз, жаным, маңдайдан,
Алма-кезек бетіңнен.
Мауқымды бір басайын,
Айналайын, жан ботам-ау!
Сағыныштың шарабын,
Сарқып ішіп тауыстым.
Бүгін, міне, қарағым,
Аман-есен қауыштым.
Күліп тұрып жыласам,
Қуанғанның салдары.
Тап бүгін жоқ арманым,
Айналайын, жан ботам-ау.

БІЗ БАҚЫТТЫ АНАМЫЗ

Күннің нұры таралып,
Көктен күліп қарады.
Тағы жылжып барады.
Тарихтың бір парағы.
Қуанышпен жаңалық.
Эфирден таралып.
Есіткенді көз көріп,
Экраннан қарадық.
Мұңсыз біздің баламыз,
Әлемге ұран саламыз.
Әйелдер мен ерлер тең,
Біз бақытты анамыз!
Шарықтады санамыз,
Білімдіміз бәріміз.
Тарықпады баламыз,
Бейбітшілік әніміз.
Оңайлады жұмыстар,
Он төрт сағат тыныс бар.
Мамаң тыныш ұйықтасын,
Ұйықта, балам, тыныштал.



ЖАҢА ЖЫЛ

Қолында ақ таяғы,
Маң-маң басып аяғына.
Тағы келді «Қыс Ата»,
Жаңа жыл тұр таялып.
Ақ сақалы төгіліп,
Ақ шапанға көміліп.
Жайғасуда «Қыс Ата»,
Жаңа жыл тұр емініп.
Келе жатыр жыл басы,
Арқасында дорбасы.
Дорба толы аңдары,
Ауыр дорба салмағы.
Өзірлене беріңдер,
Безендіріп «Елқаны».
Ақылдасып көріңдер,
Кім боламыз, ал көне?
Аю, қоян, түлкі бол,
Өз еркінде мысық бол.
Домаланған кірпі бол,
Көгершін боп ұшып көр.
Балық болып билесең,
Жерге аяғы тимесін.
Бірінші орын болмайды,
Үйлестіріп кимесең.
Ат мүсінін сала алсақ,
Үш коңырау табалсақ.
Үш ақ боз ат жайқалған,
«Тройка» боп байқандар.
Келе жатқан Жаңа жыл,
Құтты болсын, қадамың.

Құлақ түрер жаңалық,
Құт береке ала кір!
Келе жатыр Жаңа жыл,
Серпін беріп жаңа бір.
Жүрек жарды қуаныш,
Шаттығыңды ала кір!



СОҢҒЫ ҮНІ ҚОҢЫРАУДЫҢ

Құрметті ұл-қыздарым, қарақтарым,
Жайқалған жапырағым, қанаттарым.
Соңғы үнін қоңыраудың сыңғырлаған,
Таялды еститұғын сағаттарың.
Бітіріп онжылдықты тарайсыңдар,
Азамат, өздеріңді санайсыңдар.
Өмірде бұралаң жол көп болады,
Күтіп тұр алдарыңда талай сындар.
Бітіріп онжылдықты тарады деп,
Қуанар құсым ұшып барады деп.
Сендерді жақсы десе ата-анаңыз,
Шаттанар балапаным жарады деп.
Бітіріп онжылдықты тарады деп,
Өмірге жолдама алып барады деп.
Сіздердің баршаңызға бақыт тілеп,
Тұр, міне, алдарыңда ана жүрек.
Ұрпақты мақтан етер халқымыз бар,
Өміршең дәстүр де мол салтымызда.
Біздердей аналарда не арман бар,
Сіздердей ұрпақ өссе артымызда.

Оқытып білім берді Отан-анаң,
Отанның намысына кір жақпаңдар.
Бата ғып қолын жайған ата-бабаң,
Баласы аттанарда бір жақтарға.
Аяулы алтын ұя мектептерің,
Жатсынып еш қайсыңды шеттетпеді.
Сіздердің ұяңыздан ұшар сәтің,
Ұшқандай көңіліңнің көк кептері.
Бүр жарып, көктеп тұрған орманымсың,
Сендердің болашағың толғағым шын.
Ертеңгі сынақтардан жақсы өтіңдер,
Қашан да сапарларың оңғарылсын!



КІМ ЖАЛҒАР!

Тері илеп, етік тігіп, қайыс тіліп,
Ағаштан түйін түйген майыстырып.
Бір адам өтті бір кез дүниеден,
Жүр ғой сол қабырғамды қайыстырып.
Тілеков Жуынбайды естідің бе?
Күй тартып, отыратын пеш түбінде.
Кететін талай адам қона жатып,
Күйлерін Жуекемнің естиін деп.
Тілеков Жуынбайды естідің бе?
Ер жасап отыратын пеш түбінде.
Атадан өсіп-өнген ұл-қыздары,
Сіздерге қарай алмай кешіріммен.
Атамның шеберлігін марқаланып,
Кетсейші домбырасын арқаланып.

Ұстайтын ата өнерін ұл-қыз қайда,
Бақыт қой артында от, қалса жанып.
Алатын қолдан жасап домбырасын,
Кім жалғар сол атамның мол мұрасын.
Иіп кеп әлде қандай ағаштарды,
Домбыра шанағына қондыратын.
Қазіргі күйдің көбін тартатұғын.
Қалатын көңіл жібі тарқатылып,
Дейтұғын «Қан жылатам домбыраны»
Кімдер бар артында үміт артатұғын.
Атамнан бір мұрагер табыла ма?
Атамның шамы қайта жағыла ма?
«Шекпен қалды», «Нарату», «Кыз Ақжелең»,
Мұрагер бармағынан ағыла ма?



АРНАУ

(Ақын Абдолла Жұмағалиевтің інілеріне).

Шайдолла мен Ғайнолла ауылдасым,
Сәлем жаздым жүрегім ауырғасын.
Төркін елім «Жосалы» болғандықтан,
Есептеймін сіздерді бауырласым.
Армандарға ойлаған жеттіңдер ме?
Күйкі тірлік қуалап кеттіңдер ме?
Бірге туған ағаның атындағы,
Мектебіне тал шыбық ектіңдер ме?
Ағасы бар ішінде ағаның да
Өмір жатыр ағаның қаламында.

Аға жайлы деректер жинастырып,
Аға арманын жалғауға жарадың ба?
Ағасы бар ішінде ағаның да,
Қалды есімі ағаның қаламында.
Соғыста өлген ағаның бейітін сен,
Барып, көріп келуге жарадың ба?
Естілмейді біріңнің есіміңіз,
Есітпесем сырт жүріп кешіріңіз.
Тірі жүрсең екеуің бұл өмірде,
Ағаға арнап бәйтерек өсіріңіз.



ПАСПОРТ

Ұлдар-қыздар, паспорт тисе қолыңа,
Қосылдым де азаматтың тобына.
Қайда жүрсең, қайда тұрсаң сол паспорт.
Ғұмырыңда серік болар жолыңа.
Паспорт сенің, азаматтық мандатың,
Сендер енді Ұлы Отанның солдаты.
Сендер енді жалғайтұғын өмірді,
Сендер енді кәрілердің жалғасы.
Паспорт сенің, төл құжатың мақтаның,
Ұлы Отанның сенімін сен ақтадың.
Бұдан былай азаматсың сен енді,
Ұлы өмірге араласа бастағың!
Айырбастап ала алмайсың басқаға,
Айырбастап сата алмайсың ақшаға.
Паспорт сенсің, паспорт сенің серігің,
Қайда жүрсең паспортыңды тастама!

ОҚУ КЕРЕК

Қысқарды қол жұмысы істен бүгін,
Электр техникасы үстем бүгін.
Өрелі ой еңбегі басым түсіп,
Тілеп тұр әр адамның іскерлігін.
Сондықтан, оқу керек, оқу керек,
Көңілге оқығанды тоқу керек.
Ертең істер ісіңе, дайындалып,
Әрбір таңды асыға тосу керек.
Қатарларыңнан ешбірің қалмау керек,
Жан жағыңды санаңмен барлау керек.
Мүмкіндік толып тұрған уақыттарда,
Асыға алыстарға самғау керек.
Оқу ортақ үлкенге, кішіге де,
Оқымаған еш жайға түсіне ме.
Оқымаған адамның санасы тар,
Арман кіріп шықпайды түсіне де.
Оқу азық өмірлік, байлығың да,
Киімің де, ішіп жер айлығың да.
Біліміңнің өлшенбек салмағы тек,
Өзгелерге көрсеткен қайрымызда.
Ешқашанда оқудан қол үзбеңдер,
Білімді жан болуға жол іздеңдер.
Тегін алған білімді тегінде сіз,
Қайтаратын Отанға қарыз деңдер.



ЖЕБІР САТУШЫНЫҢ СЫЙҚЫ

(Сықақ)

Сатушы әйел Жекене,
Сәлем десем жете ме.
Таразыдан жегенің,
Тиген жоқ па шекеңе.
Ілдірмейсің неге сен,
Жейтініңді сезбесем.
Таразыдан жемесең,
Сені жемқор демес ем
Ашық айтсам атыңды,
Бұның қалай демессің.
Бұрын жеген затыңды,
Бұдан былай жемессің.
Кісі басы күніне,
Он граммнан жегенің.
Келгенменен жігіне,
Бола бермес дегенің.
Өлшеп берген матаңнан,
Сантиметр жегенің.
Ұятына маталған,
Зарлап айтар өлеңін.



КЕЛЕ ЖАТЫР ЖАҢА ЖЫЛ

Ақ шапанын жамылып,
Ақ моншағын тағынып.
Келе жатыр Жаңа жыл,
Алыс жолдан сабылып.
Ақ бөркі бар басында,
Ақ қырау бар қасында.
Жақындады Жаңа жыл,
Дорбасы бар асынған.
Салбыраған мұрты бар,
Ұзын бойлы тұрқы бар.
Қойны толған үскірік,
Қар жамылған сұрқы бар.
Белге түскен сақалы,
Дорба толы мүлкі бар.
Аппақ Аяз Атаның,
Езуінде күлкі бар.
Қолында ақ таяғы,
Арқасында дорбасы,
Жай басады аяғын,
Ғасыр соңы болғасын.



ҰЛАҒАТ

Өмірге айтарыңды айта алмасаң,
Өмірден шапалақты жедім дей бер.
Бергенін Отаныңның қайтармасаң,
Ұятқа ата-анаңды көмдім дей бер.
Жалыны жастық шақтың байқалмаса,
Мен бейбақ жанбай жатып сөндім дей бер.
Бақытын жалқаулықтың тойтармасаң,
Тірілей өзіңді өзің өлдім дей бер.
Өмірге айтарыңды айтып өтсең,
Мен мына дүниеде бармын дей бер.
Бергенін Отаныңның қайтып берсең,
Алдыңа даңғыл жолды салдым дей бер.
Жалыны жастық шақтың лапылдаса,
Сөндірме жалыныңды алда үрлей бер.
Әрқашан жалқаулықтан қашық жүрсең,
Адамның санатында қалдым дей бер.



ЕСІҢДІ ЖЫЙ, БАУЫРЫМ!

Бүгін сені байқасам,
Болып-толып жетіпсің.
Кешегі сен, сен емес,
Тоғышар боп кетіпсің.
Тасымайтын барына,
Қиналмайтын жоғына,
Пәк көңілді жан едің.

Бүгін саған қарасам,
Байлығыңды санасам,
Мал да, жинап алыпсың,
Мүлкің де көп орасан.
Сонда да сен бұл күнде,
Жоқтан өзге айтпайтын,
Жылауық боп кетіпсің.
Есіңді жый, бауырым,
Үйің толған дүние,
Сервант толған хрусталь,
Қалай жыйдың барлығын.
Қалай болдың? зымыстан
Сенен сірә туысың,
Кеткен шығар алыстап.
Мұнша мына мүлікті,
Кіммен алдың жуысып,
Мына сансыз кілемдер,
Қандай жолмен кірді үйге,
Ақшасы оның адал ма?
Қолыңдағы жүзік ше,
Құлақтағы сырғаң ше.
Түрлі-түрлі киім ше,
Ақшасы оның адал ма?
Жауап берші осыған,
Бауырым-ау тасыған.
Дүниені жинаған,
Әлде сенің ерің бе?
Мол ақшаны мұншама,
Қайдан алдың дедің бе?
Айналайын ақжаулық,
Дүниені жинауға.
Қатысың бар сенің де,
Кім боп кеттім өзім деп.

Ойлайсың ба тегінде,
Есіңді жый, бауырым.
Түбі шикі арамның.
Жыйған мүлкі түбінде,
Игілікке жарамас.
Алыстаған туысың,
Енді саған жоламас.
Сездің бе сен осыны,
Олжа кіріп батпаңдап,
Жетіп артып жатқанда.
Келді ме үйге жақының,
Жылы қабақ көрсетіп,
Қарсы алдың ба сен оны,
Есіңе бір түсіріп,
Есіңді жый, бауырым.



ПАҚЫРШЫЛЫҚ ҚАС-ҚАҒЫМ

Қалай жүрмек налымай,
Шашылған соң тарыдай.
Зейнеткерлер ел ауған,
Ілтипатқа жарымай.
Тағдыр қайда бастадың,
Төменшіктеп асқағың.
Еленуден қалды ғой,
Пақыршылық қас-қағым.
Туған жердің төсінде,
Жүрген алғы көшінде.

Зейнеткерден құдай-ау
Ала алмаған өшің бе?
Санада жоқ, санда жоқ,
Көңіл күйі қапада.
Қақпақылдау адамды,
Әділдікке жата ма.



ТОЛҒАТАСЫҢ ЖҮРЕКТЕН

Жамырамай ойларыңның орманы,
Айтар ойың жырға айналса сомданып.
Жырларымды жұрт оқыса сүйсініп,
Сонда ақынның жағдайының оңғаны.
Жырларыңды жұрт оқыса тұшынып,
Жырларыңнан есіп тұрса кісілік.
Сезерме жұрт ақындардың азабын,
Жыр перзентін шығарғанша пісіріп.
Өлең жырды жасамайсың білекпен,
Өлең балшық емес қазар күрекпен.
Ойды оймен, қазып азап шегесің,
Толғантудай толғанасың жүректен.

АМАН ЖҮР, ҰЛЫМ!

Көңілім қатты алаңдап,
Өзіңді ойлап жүргенім.
Жүрсем де сырттай қараңдап,
Ойымда ылғи біргемін.
Аман жүр, жаным, аман жүр,
Ойыңнан қума анаңды.
Қайда да жүрсең, аман бол
Адам бол, қарғам, адал бол.
Еліңе, туған туысқа,
Қашан да балам алаң бол.
Аман бол, қарғам, аман бол,
Анаңа ылғи алаң бол.
Балалық шақтан, көкешім,
Алыстап жүрген шығарсың.
Анаңның жайын төтесі,
Балалы болсаң ұғарсың.
Аман жүр, ұлым, аман жүр,
Сені ойлап ылғи алаңмын.



ҚҰТТЫ БОЛСЫН, БАСПАСӨЗ ҮЙІҢІЗ!

Баспасөз үйін келіп көрелік,
Керімдігін өлең-жырдан берелік.
Жаңа орында редакция алқасы,
Жемісті еңбек атқарар деп сенелік.
Құтты болсын жаңа мекенжайыңыз,
Өлең болсын бізден бұйымтайыңыз.

Үлкен келер, кіші келер үмітпен,
Әрқашан да өстіп құшақ жайыңыз.
Ашып қалсам «Қызыл тудың» айнасын,
Еңбекшінің жүзі бұл-бұл жайнасын.
Ұялатын болсын оқып газетті,
Ойлайтындар қара бастың пайдасын.
Газет бетін алып келіп қалғанда,
Еңбеккердің түр келбетін көрелік.
Балта шауып өтірік пен жалғанға,
Семсер сынмен сыбағасын берелік!
Асығыстау өлең шумақ құрадым,
Оңашада туар болар жыр алып.
Жылы қабақ танытсаңыз Үлкен үй,
Анда-санда келіп кетіп тұралық.



АҚ ДӘМІМНЕН, АҒАЙЫН, АТТАМАҒЫН

Жасырын бірігіп іс жүргізеді,
Туыстар осы неге дүрлігеді.
Қазақтың қытығына тие беріп,
Кеп жүрме батырлығын білгілері.
Қара жер қаза берсең су шығады,
Қызыл тіл қайрат берсең у шығады.
Қазақтың қаны нағыз қарайғанда,
Қалқиған он қазақтан ну шығады.
Қазақтың саны, ия, төменірек,
Ойлайды-ау қазақ момын ел еді деп.
Махамбет, Исатайдың қандастары,
Ойлама, оңайлықпен көнеді деп.

Өздері тиіспесе керіспейміз,
Қылығын туыстардың теріс дейміз.
Басымнан бақалшаққа дейін ыза,
Өлсек те ешкімге енді беріспейміз.
Ойланындар орыстың қандастары,
Төңкермеңдер қайғының алдаспанын.
Шатақ түбі соқтырар қасіретке,
Дұрыс болар бірігіп қамдасқаның.
Бәріміз де тудық жер-анамыздан,
Асыраушы сол жер ғой, панамыз да.
Елірмендер есерлер, тоқтатындар,
Шоқ салмаңдар өртейтін арамызға.
Қуып жатқан жоқпыз ғой ешкімді де.
Жатырқаған жоқ едік еш тілді де,
Қай ұлтың да қолдауда «Ана тілін».
Шұбарланып кеткенін кеш білді де,
Қаптап кетті еліміз келімсекке,
Қумадық біз намысқой көрінсек те.
Жерді ешкімге бермеспіз оңайлықпен,
Қылғындырып жатсақ та шеміршектен.
Түсініңдер, бәріміз бауырласпыз,
Шетке шықсаң оралдық ауылдассың.
Бөлінем деп елірсе енді келіп,
Қалай ғана қиналып ауырмассың.
Облысым - Оралым - баспанаңыз,
Бауыр басқан ұяңыз тас қамалың.
Дәмін татып, ғасырлар суын іштің,
Ақ дәмімнен, ағайын, аттамыңыз.



КЕШІРШІ, МАМА

Сағындым, мама-ау, сағындым,
Ойласам істен жаңылдым.
Өмірге жарық әкелген,
Сүтіңе аппақ табындым.
Сағындым, мама-ау, сағындым,
Сағынған екем сағынған,
Шықпадың мама-ау, жадымнан.
Сағыныш кернеп кеудемді,
Қайысып кетті-ау қабырғам.
Сағынған екем сағынған,
Жанарың толып сағымға.
Қуатың қайтқан шағында.
Кешірші, мама-ау, кешірші,
Табылмай қалсам жаныңнан,
Кешірші, мама-ау, кешірші.



АСЫЛ ЖАР

60 жасқа толуыңмен

Отастық қырық жылдай, асыл жарым,
Қызықта, қиындықта қасыңдамын.
Мен бүгін құттықтап ән шырқамасам,
Білемін өкпелеуге хақың барын.
Күн нұрын шашып тұрсың аспаныңнан,
Көп болсын жан ашырың қастарыңда,
Тілегім жанұяңа сүйеніш боп,
Аман жүр, азаматым - Асқарымдай.

Қайырмасы

Асыл жарым - Жасыл бағым.

Қызықта, қиындықта қасыңдамын,

Жиналса бала, жиен, немереміз,

Екеуміз қуанышқа кенелеміз.

Қызығын қызықтамай балалардың,

Екеуміз көп жасамай неге өлеміз,

Тірлікте балалардың қамын жерсің,

Бейнет пен сұм ажалға сабыр берсін.

Құдайдан тілейтінім ұзақ жаса,

Қайғысыз теріп жейтін дәмін берсін.

Қайырмасы



ТАҒДЫРЫМ

Саф алтын болмасам да,

Алтынның сынығымын.

Сайрайтын анда-санда,

Даланың бұлбұллымын.

Қайырмасы

Өмірім жарасқанда,

Көңілім шарықтайды.

Көгілдір көк аспанда,

Әсем саз қалықтайды.

Сандуғаш болмасам да,

Сайрайтын анда-санда.

Тілегім, тағдырым-ау,

Басымды шарға салма.

Қайырмасы
Шаттығым сел болғанда,
Көңілім жаз болады.
Көкірек көл болғанда,
Кеудеме саз қонады.
Қайырмасы



БЕСІК ЖЫРЫ

Әр қылығың таң қылып,
Жүр әженді мәз қылып,
Сенің туған күніңе,
Ән сыйлайын мәңгілік.
Еш ауруға көнбейін,
Ер жеткенше сен кейін.
Сөйле, қарғам, былдырлап,
Ана тілін жөңдейін.
Кет дегенді «тет» дейсің,
Желкілдеген көктейсің.
Туған күнің жалғасып,
Бақытты боп өскейсің.
Көз алдымда тұрады,
Сен көрсеткен қылықтар.
Кім болсаң да, шырағым,
Ана тілін ұмытпа.

ДӘМЕЛІ АПАЙҒА

Көңіліңде сыр тұнып,
Жыршы жүрек тулайды.
Қызғалдақтай құлпырып,
Жайқалды жыр шумағы.
Жауқазындай жырыңды,
Түйдек-түйдек төгесің.
Жаңалыққа бүгінгі,
Жаршы болып келесің.
Жыр әлемнің көгінде,
Қанатыңды қағасың.
Ұрпақ жайған өмірге,
Жаны жайсаң анасың.
Нәзіктігі ананың,
Жырыңа да жұғыпты.
Жыршы ананың талабын,
Халқы құптап ұғыпты.
Әр шумақта төгіліп,
Жатқандай бір сыр сандық.
Сәтті ойларға шомылып,
Шаттана бер жыр жазып.

Інің Асқар.



ҚҰЙЫЛ ШАБЫТ

Қайда тұрсаң тығылып, құйыл шабыт,
Тұрғандай бір мойнымда ауыр қамыт.
Тұйықталып қаламын кей кездері,
Қиял кейде самғайды көкті жарып.
Дауыл құған толқын боп келмейсің бе?
Ақын болған жайыма сенбейсің бе?
Тығырыққа тіреліп жүргенімде
Көшкен бұлттай төбемнен төнбейсің бе?
Көшкен бұлттай төбемнен аунайсың ба,
Аунағанша құйып кеп жаумайсың ба.
Көрген-түйген өмірден аз боп тұр ма?
Әлі күнге диплом даулайсың ба.
Қайда тұрсаң, ей шабыт, жарыққа шық,
Мен бейбаққа бір талант дарытқасын.
Ақ толқыны шабыттың ән боп аунап,
Айдынында әлемнің қалықтасын.
Кетірмеші салымды суға менің,
Құйыл шабыт бір мезгіл бума мені.
Жырлайтұғын елім бар шабытпенен,
Өлеңімнің арқауы туған елім!



САҒЫНЫШ САЗЫ

(Әні бар)

Қыз ұшырдым қияға,
Ұл қондырдым ұяға.
Көрмей жүрсем кеудемде,
Сағынышым сыя ма?
Алтынайым неғып жүр,
Күмісайым неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр,
Қуанышым неғып жүр,
Алданышым неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр.
Батыста жүр бір қызым,
Шығыста жүр бір қызым.
Бар қызым да қырмызы,
Бәрі жарық жұлдызым.
Ақшолпаным неғып жүр,
Таңшолпаным неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр,
Қуанышым неғып жүр,
Алданышым неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр.
Қылығына тоймаймын,
Қызығыңа тоймаймын.
Көзден таса жүрсеңдер,
Күндіз-түні ойлаймын.
Қанаттарым неғып жүр,
Қарақтарым неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр.



АҚ ТІЛЕК

(Бойжеткен қызына анасынан арнау)

Он сегізге толдың, қарғам,
Тарам-тарам жол тұр алда.
Кеудең толы болсын арман,
Кім боласың өзің таңда.

Қайырмасы:

Ерке-бұла шақтарыңды,
Бантик байлап жатқаныңды.
Елестетіп көз алдыма,
Атқызармын ақ таңымды.

Қадағалап қадамыңды,
Жасқа шылап жанарымды.
Сағынышпен өтер күндер,
Күтуменен хабарыңды.

Қайырмасы:

Жалғыздықтан торыққанда,
Елесіңмен жолыққанда.
Өзімді өзім қолға алармын,
Жолың болсын жорытқанда.

Қайырмасы:

Жаңсақ жолға түспе, жаным,
Уайым уын ішпе, жаным.
Ата-анаңның тілегі сол,
Аппақ болсын іштегі арың.

Қайырмасы:

Адамдыққа қамданғанда,
Тосқауыл бол жалғандарға.
Адам болып келгеніңді,
Тойлап жатсам арман бар ма.

Қайырмасы:

Өсіп қалған шақтарыңды,
Ұзап бара жатқаныңды.
Елестетіп көз алдыма,
Атқызармын ақ таңымды.

Қайырмасы:



АҚ БАТА

(Ақын інім МЭЛС-ке)

«Таудан мұнартып ұшқан тарланым»
Өс, тіл-көзден, ұлым, аман бол.
Көрерсің әлі, тағдырдың басқа салғанын,
Заманың үшін ылғи да, балам, алаң бол.
Оқы, оқып ал, үңіл тереңге,
Көне алмасың көрініп-ақ тұр дегенге.
Көп білгенің де, жабысар саған дерт болып,
Не жетсін ұлым, халықтың қамын жегенге.
Дүлдүлсің қарғам, тұлпарсың суың шайқалмас,
Сен айтқан сөзді көптеген қарттар айта алмас.
Бірақ та сенің жаныңда жүр ғой көп адам,
Айырмасы аз шалшыққа шыққан қоғадан.
Тірі жүрсең сен ешкімге намыс бермессің,
Өлме сен ұлым, өлсең де мәңгі сөнбессің.
Дауылды күнгі лаулап бір жанған өртсің ғой,
Жалындысың ғой, сөндірем деуге көнбессің.
Қара қылды қақ жарып туған, қарағым,



Көрініп-ақ тұр ұзаққа сенің шабарың.
Жасқанба, ұлым, маңдайың жарға соқтықса,
Сүрінбе, балам, тірелсе тасқа табаның.
Тылсым күш қой, табиғат түйген жұмбағын,
Жібере тартып алады ашып сырларың.
Маңдайдан қақпай өсірер ме еді, шіркін-ай,
Бір ғасыр бойы толғатып туған ұлдарын.
Жырыңды тыңдап пай-пайлап басты шайқадым,
Ақиық ақын болатыныңды байқадым.
Жас қыраным, самғап бір ұшшы көгіме,
Жас тұлпардай жорғала, ұлым, жайқалып.
Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Есіңе алшы қасыңа сүй деп барғаным.
Емірене тұрып анаң боп сүйдім маңдайдан,
Ақ батамды хат арқылы арнадым.
Жырыңды сенің толқымай тыңдау оңай ма?
Шыныңды айт, халқым, ғажап қой жыры, солай ма?
Сәби ғой әлі айналып қана кетейін,
Тұғырың халқың, тымағың алтын болғай да!



БАҚЫТЫМНЫҢ ҚОҢЫРАУЫН СОҒЫҢДАРШЫ

Жиырма жыл орта мектеп аталғалы,
Көбейіп ұстаздардың қатарлары.
Толысқан шәкірттер мен ұстаздардың,
Қайырлы қадам болсын сапарлары!
Мекендеп «Аралтөбе» түбектерін,
Ұшырдың талай оның түлектерін.
Ұстатып қолдарына аттестатын,

Тулатып қуаныштан жүректерін.
Ағарды кейбіріңнің шаштарыңыз,
Бұл күнде талай ұстаз мақтанымыз.
Қазірде өздеріңдей ұстаз болды,
Сіздерден білім алған жастарыңыз.
Таңдады әр мамандық салаларын,
Өздерің білім берген балаларың.
Қай жақта, қандай маман болса-дағы,
Оятқан ұстаздар ғой саналарын.
Аталып Октябрьдің 50 жылы,
Жиырма жыл орта мектеп ашылғалы.
Басында куәгері мен болған соң,
Келіспес ішке бүгіп отырғаным.
Атасаң жиырма жылдық ақпарымыз,
Баршылық мақтан етер жақтарымыз.
Жан-жаққа директор боп кетіп жатыр,
Ортадан тәлім алған достарымыз.
Шәкірттер әр мамандық иелері,
Ендігі коммунизм иегері.
Партия бара жатыр топты бастап,
Лениннің идеясы - сүйенері.
Шәкірттің шат күлкісі сыңғырлаған,
Қоңырау шылдырындай шылдырлаған.
Қосылып ұстаздардың дауысымен,
Бақыттың қоңырауын тындырмаған.



СӘЛЕМ

Соғыссыз тыныш тұрса әлеміміз,
Әлі де талай шырқар Дәмеліңіз.
Мың алғыс бағаңызға Кәкім ақын,
Әнменен жетіп жатса сәлеміміз.
Алдымен жаңбыр жаумас тамшыламай,
Тамшылар жаңбыр болар жиылғанда.
Өлеңді ақын жазар қамшыламай,
Жазармыз шабыт келіп бұйырғанда.
Халқыммен бөлісермін табысымды,
Түзермін қамшысыз да шабысымды.
Шыбыртқы сегіз өрме осып өтті,
Әйелдік шынымды айтсам намысымды.
Отырсың ашылар деп арулар да,
Сайрармыз әнімізге зәру барда.
Досты дос, дұшпанды да дос ететін,
Тең келер асыл сөзге қару бар ма.
Дарын бар адамдарды алалайтын,
Жасына үлкен-кіші қарамайтын.
Отырдым қиялыма қанат жалғап,
Шабыт кеп самғағанда сабалайтын.
Сөзімді жан табылса ұғатұғын,
Шығар да, шым бұлақтан жыр ашылып.
Жараса жыр бұлағы сусындауға,
Жырларға жыр жалғасар шұбатылып.
Ән-жырды ұсынармыз жақұт болса,
Әлі де ғұмыр болып, уақыт болса.
Құдірет талант деген айналсоқтап.
Кеудеге шабыт деген бақыт қонса.
Біраздан естуші едім даңқыңызды,
Оқыдым жырмен жазған хатыңызды.

Өзіңіз өрген сегіз өрмеменен,
Өзіңіз осыңызшы атыңызды.
Сіз бен біз жыр жазалық мәнерлеген,
Отанға табыс тілеп әлемменен.
Сіз маған игі тілек тілепсіңіз,
Сондықтан өлең жаздым «Сәлем» деген.



БӨБЕКТЕР - МӘҢГІЛІГІМ

Бүлдіршінім, бөбегім, балапаным,
Жапырағым жайылған болашағым,
Аяласын анаңның алақаны,
Күліп атсын жарқырап жаңа таңың!
Былдыр-былдыр сөйлеген сөздеріңнен,
Айналайын, бейкүнә көздеріңнен.
Сенің тәтті исіңнің теңеуі жоқ,
Тәттілігін иіскеп сезгенмін мен.
Айналайын, бөбегім, қылығыңнан,
Мейірімді сезіп өс сыбырымнан.
Қызығыңды қызықтап мен өтейін,
Тайғанымша кәрілік тұғырымнан.
Болашағым бөбектер - мәңгілігім,
Сендерге арнап жазамын әнді бүгін,
Мен қартайып келемін өздеріңе,
Аударылып арқамнан қалды жүгім.
Отан жүгін өздерің көтеретін,
Өздеріңді Отан тұр мәпелейтін,
Бақытты боп өсіңдер, бүлдіршіндер,
Сендерсіңдер жаңа өмір әкелетін.

Ұрпақтарым, соғысты көрмеңіздер,
Жамандыққа ешқандай ермеңіздер,
Егеменді елімнің көк байрағын,
Қанды қолға ешқашан бермеңіздер.



ЖҮРЕГІМ САҒЫНЫШТАН АУЫРАДЫ

Құрметті жосалылық ағайындар,
Сізге бір сәлем жолдап алайын да.
Көзіммен маңдайдағы көрмегенмен,
Көкірек көзіммен бір қарайында.
Құрметті жосалылық туыстарым,
Араға көп жыл салып жуыспадым.
Бәріңді бір аралап көрмеген соң,
Жүргенім өз өзімнен қуыстанып.
Құрметті, бірге оқыған құрбыларым,
Ағыттым сіздерге арнап жыр бұлағын.
Мектепте бірге оқыған кезімізді,
Көзіме елестетіп жүрмін әлі.
Құрметті жосалылық жерлестерім,
Біріңмен ища десіп, сен деспедім.
Бәріңді бауыр санап жүрмін-десем,
Кейбірің сенерме едің, сенбеспе едің.
Бастауы көңіл, көзі шырағының,
Әнімнің шып-шып аққан бұлағының.
Сарқылмас қайнар көзі Сіз деп білем,
Құрметті жосалылық мұғалімім.

КІМ БОЛДЫҢ СЕН?

Бір бітірген мектепті құрбыларым,
Өздерінді сағынып жүрмін әлі.
«Отыз жылдық кездесу болады» - деген,
Сөзді шалып қалғаны бір құлағым.
Қайдасыңдар, құрбылар қайдасыңдар?
Халдер қалай, қандай күй-жайдасыңдар.
Елге лайық азамат болдыңдар ма?
Кім болдың сен замана айнасында.
Кім болдың сен, болдың ба, қызыл түлкі,
Пайдакүнем, жарамсақ жұртқа күлкі.
Жүрсің бе сен еңбекте ер атанып,
Орден тағып кеудеге дүркін-дүркін.
Елу деген жақын жүр күз белесі,
Он сегізде жас қызды іздемеші.
Отыз жылда кездессек класстастар,
Өтінерім, сен деші, сіз демеші.
Кеткенсің бе жасарып байғұс деші,
Мына тұрған жаным-ау қай қыз деші.
Кетіпсің деп өзгеріп айтпашы тек,
Бір-біріңе «ай бала, ай қыз» деші.
Не тындырып өмірде жүрсің деші,
Жастық шақты еске алып күрсінбеші.
Кетіпсің деп қартайып, айтпашы тек,
Әлі күнге құлпырып жүрсің деші.
Әжімдерді беттегі санамашы,
Бір-біріңе сын көзбен қарамашы.
Отыз жылда кездескен құрбыларым,
Отырыңдар қыз-жігіт араласып.
Есейген боп бір күнге сызданбашы,
Бір-біріңнен біріңді қызғанбашы.

Қайда жүрдің отыз жыл не бітірдің,
Айтшы, құрбым, сырыңды бұлданбашы.
Қара шашты кетсе егер құрау шалып,
Кетті ме деп көңілді қылау шалып.
Бір-біріңді кінәлап отырмашы,
Отыз жылға отыр тек сұрау салып.
Кетсе менің ағарып қара шашым,
Отыз жылмен сен қалай таласасың.
Заманыма қоятын бір кінәм жоқ,
Заманның мен өткіздім тамашасын.
Еріндерді бір күнге бояйықшы,
Үлкендікті сызданған қояйықшы.
Отыз жылда құрбылар кездескенде,
Адал ізгі ниетке тояйықшы.
Қастарыңды бір күнге сызыңдаршы,
Ішпесең де ішімдік, қызыңдаршы.
Отыз жасты жасыңнан алып тастап,
Жап-жас болып бәрінде тұрыңдаршы.
Ескертіп қой, жігіттер, зайыбыңа,
Түсінер ол әзілдің байыбына.
Жігіттерін қызғанса құрбысынан,
Бетімізден он сүйсін айыбына.



ӨЛЕҢ МЕН ҒАРИФOLЛА ЕГІЗ ҰҒЫМ

Ол дарын ұмытылмас ағып өткен,
Қанатын шырқау көкке қағып өткен.
Халқының қаумалаған ортасында,
Кезінде сауық-сайран салып өткен.
Көрінген көкіректен сағым ғұрлы,
Шырқаған әнші даусы сағындырды.
Шырқайтын көкшіл көзін ойнақшытып,
Айтса да қай өлеңді қағындырды.
Ағаның асқақтата салған әні,
«Нұржамал», «Жиырма беске» арнағаны.
Құлаққа жағымды еді сол бір дауыс,
Тұратын әнге бөлеп сар даланы.
Көмейден ән сорғалап төгілетін,
Дала шырқап тұрғандай көрінетін.
Әр адам өз Зәурешін есіне алып,
Аһ ұрып қабырғасы сөгілетін.
Шырқайтын әуелетіп, сорғалатып,
Тайпалтып, аяңдатып, жорғалатып.
Тартатын домбыраға тіл бітіріп,
Өлең де шығаратын болған ақын.
Ән шырқап, паң далада малдас құрған,
Мұхит баба орынын алмастырған.
Ғарифолла ағаның әнішілігін,
Ұрпақтар шығып жатыр жалғастырған.



ОБЛЫС АҚЫНЫ ЖАҢЫЛ ЖҰРМАҒАНБЕТОВА АПАҒА ХАТ

Жан апа, Жаңыл апа, армысыңыз,
Бітірмек, бітпей жатқан бар ма ісіңіз.
Мені алғаш топқа қосқан сіз едіңіз,
Жетер ме хат арқылы алғысымыз.
Жол ашып көбейткенсіз санымызды,
Білейін хат арқылы халыңызды.
Ел жайлы, көңіл жайлы толғаңызшы,
Сарқығым келіп кетті барыңызды.
Әр кезең жыр жазудан тартынбасын,
Білемін сізден сөздің артылмасын.
Ападан суыртпақтап хал сұрайын,
Тағы бір топқа түсіп жарқылдасын.
Ағытар түйдегімен сөз ілегін,
Келеді жақсылардың көзі дегім.
Хат жазып хабарласпай, жан апатай,
Бұл күнде тағып жүрмін өзіме мін.
Қарттыққа, Жаңыл апа, алдырмаңыз,
Жүзге жетпей ат басын шалдырмаңыз.
Бермеген бәйге алдын ала сізге,
Әрқашан қарыздармыз алдыңда біз.
Жағдайдан хабарым аз елімдегі,
Жазуға елден хабар ерінбеңіз.
Сырым баба елінен әрқашанда,
Жақсы хабар алуға сенімдеміз.
Сөз етсем өзім жайлы азды-көпті,
Жазбайын хатқа тізіп барды жоқты.
Замананың ағымын пайымдайтын,
Әйтеуір, рухани арлы боппыз.
Серік қып рухани азығымды,
Іс қылдым азды-көпті тағылымды.

Сәлем етіп елді бір көргім келіп,
Бұл күнде сарқып жүрмін сабырымды.
Сыздатқан көкірегін ауыл әні,
Көптеген айтыстардың балуаны.
Апамыз жауап хатты толғағанда,
Қолдағай Сырым баба аруағы.



СЫЙЫМ - АРНАУ ӨЛЕҢІМ

Төрінде «Қаратөбе» жайлауының,
Қызмет етіпсіңіз Сайлау інім.
Мәнісі осы екен деп жаңа ұқтым,
Тілінде анасының сайрауыңның.
Әр жерден ырыздықты теріп жедің,
Бар екен қыз-күйеу, ұл-келіндерің.
Жылт еткен жақсылықты теріп жазып,
Ұштаудан қаламыңды ерінбедің.
Бағасы журналистер төмендеп тұр,
Көбіне еңбегіңіз еленбей жүр.
Инемен құдық қазуменен тең ғой,
Жұмысың бағаласа тереңдеп бір.
Ерінбей ізденудің арқасында,
Он жылдай теледидар алқасында.
Көптеген тәжірибе жинақтадың,
Алқынбай алға, інім, тартасың да.
Домбырамен әнді де сала аласың,
Еңбегіңді ел-жұртың бағаласын.
Кішіпейілдігің болар сірә,
Халқыңмен кеттің еркін араласып.

Байқаймын сегіз қырың бар секілді,
Білімің жеткілікті жай секілді.
Біреумен ақтарыла сөйлескенде,
Көңілің аппақ-таза қар секілді.
Болып тұр тілегенім қайда дайын,
Сый шапан жабатұғын қайда жайым.
Сыйым-арнау өлеңім бұл, Сайлау інім,
Жасыңыз құтты болсын, айналайын.



ҚЫЗЫМ ГҮЛФАРАҒА

Аспандағы айды алып бер деп ең,
Кешір қызым, ол қолымнан келмеді.
Күніңді көр жұрт қатарлы елменен,
Ай керек қой тіршілікке жердегі.
Жаңа ғана қырық жасқа толыпсың,
Рухани жан азығың молықсын.
Көкте күліп тұра берсін Ай мен Күн,
Одан басқа барлық бақыт жолықсын.
Баруға да мүмкіндігім болмады,
Ақ тілек қой үлкен сыйлық қолдағы.
Онға бөлген жүрегімнің бөлшегін,
Қабыл алшы хат арқылы жолдадым.



БАТЫР ЖІГІТ, ХОШ КЕЛДІҢІЗ «АҚСАЙҒА»

Спорт жолы болған емес тақтайдай,
Бір жеңіліп, бірде жеңіп жатпай ма?
Қазақ елін, әйгілеген әлемге,
Батыр жігіт, хош келдіңіз «Ақсайға».
Батыр жайлы жазылар сан том алда,
Сиднейден абыроймен оралған.
Ермаханын қуанышпен қарсы алар,
Көңілі ауып, жолы түскен Оралға.
Аңыз болмақ ғасырлардан ғасырға,
Халқымыздың мәртебесін асырған.
Сәлем бердік бөрліліктер атынан,
Қазақ ұлы Ермахандай асылға.



АРМЫСЫЗДАР, ҰСТАЗДАР

***Ардагер ұстаздарым Шалабай Қожамұратовқа,
Сәбила Нұғымановаға, Наурызбай Ізтілеуовке,
Дүйсен Малаевқа, алғашқы ұстазым,
марқұм Сақыш Абдрахмановқа арнаймын***

Ұстаздарым ардагер, бармысыздар,
Деніңіз сау, қуатты, армысыздар.
Сіздер екен білім тал тамырланды,
Сіздерге айтар теңіздей алғасым бар!
Сіздер берген білімнің арқасында,

Арман теңіз қалқимын ортасында.
Алғанымды ортаға салып жүрмін,
Тағы қандай тілектер артасындар.
Ұстаздарым, аяулы асылдарым,
Сіз үйреткен өмірді, ғасыр мәнін.
Жақсылық пен жаманның айырмасын,
Зұлымдықтың болғанын жасырмадың.
Ұстаздарым, аяулы ардақтарым,
Қай жақсымен тең келер салмақтарың.
Бейнеңізді жаттаған жанарына,
Шәкірттерің есейді жан-жақтағы.
Ұстаздарым, ардагер-асылдарым,
Айналаңда қаулап тұр жасыл бағың.
Егін орып, мал бағып ер атанды,
Оқымайтын сабақты «масылдарың».
Профессор, дәрігер, доктор болды,
Озат деген оқуда балаларың.
Басшы болды, көбісі ортаң қолды,
Ел билеп жүр келгенше шамалары.
Домбырамды қолға алып оңашада,
Ән шығарсам сіздерге жараса ма.
Заңғар биік ардагер, ұстаздарым,
Сіздерменен ешбір жан таласа ма?
Мерекеңмен, ардагер ұстаздарым!
Бізбен өтті сан қилы қыс-жаздарың.
Сізге арнап шәкірттер өлең жазса,
Сіз ұстатқан қаламның ұшталғаны.



ҚАЛАМҒЕР, ЖУРНАЛИСТЕР КҮНІМЕН!

Қалтқысыз қызмет қып халқыңа,
Қаламымен із қалдырған артына.
Бәрі, бәрі арқаларың сіздердің,
Ел алдына шықса біреу жарқырап.
Жүректерге жетіп жатса сөздерің,
Ел рухын көтеретін өздерің.
Өзекті ойды қаламына арқау ғып,
Қаламгерлер қамын жейді өзгенің.
Адам жаны инженері - мықтылар,
Бар ғұмырын тек халқына ұтқызар.
Жаныңыздың жайлауына еніп ап,
Рухани бал-шырынды жұтқызар.
Жанын мүжіп, кемірсе ой-санасын,
Жазса ғана жаны тыншу табатын.
Көкірегін көрік қылған қаламгер,
Журналистер артында із қалатын.
Қолдарынан қағаз-қалам түспейтін,
Рухани жан-азықты үстейтін.
Жай адамнан биігірек тұратын,
Журналисті мойындамас іштей кім?
Айырмайтын күндізің не, түнің не,
Халқы үшін еңбек етіп сүрінген.
Дарындылар санатына ілінген,
Қаламгерлер, Журналистер күніңмен!



АНАДАН ОЗУ КЕЗЕГІҢ

Жолымды, қарғам, кеспеші,
Мен сенің тіптен анаңмын.
Қайтесің сырттай өштесіп,
Қабығын тырнап жарамның.
Біріндейсің ғой баламның,
Сенікі дұрыс «жаманмын».
Біреуді білмей жамандау,
Қылығы болар наданның.
Ақпын деп, қарғам, ақталма,
Іштарлық саған жараспас.
Таласар кезде тақтарға,
Ана мен бала таласпас.
Қайтемін атап атыңды,
Беттесу бізге лайықсыз.
Анадан алып ақыңды,
Жамандап елге жайыпсыз.
Жағымпазданып өскеннен,
Көтерілмейді беделің.
Біреудің жолын кескеннен,
Іздерсің өкпе себебін.
Талпынсаң алға баптаймын,
Талабың барын сеземін.
Жолыңа бірақ жатпаймын,
Анадан озу кезегің.
Күншілге, жаным, қосылма,
Ел-мұңын бірге көтердік.
Жанымды ұқпас осында,
Жандар бар дос қып өтерлік.
Талас тек сырттай даттама,
Тартынба, алға озып шық.

Боларлық үлгі басқаға,
Ақылға салып озықтық.
Жанымды ұқпас жандармен,
Ұрсысып бедел төккем жоқ.
Басында түйсік барлармен,
Айтысып өтсем өкпем жоқ.



БӨРЛІГЕ ХОШ КЕЛДІҢІЗ!

(Аудан әкімі С.Б. Еркебаевқа арнау)

Демейік біз, ерте не кеш келдіңіз,
Әкім жігіт Бөрліге хош келдіңіз!
Халқыңызға жақындау болу үшін,
Бойыңызда болу шарт бес белгіңіз!
Бірсөзділік қасиет таптырмайтын,
Адам да көп тураны жақтырмайтын.
Психолог болу шарт әкімдерге,
Жағымпазға іздерін бастырмайтын.
Ел ішіне жатады тарап ақпар,
Әділ болу жарасар азаматқа.
Көп шешетін түйінді жалғыз шешу,
Дұрыс болмас халқыңа саралатпай.
Бере алса жүректің жылылығын,
Халқы таныр басшының ұлылығын.
Мұң-мұқтажын шағынған қара халық,
Алдыңыздан шықпасын дымы құрып.
Әкім жігіт Бөрліге төрлетіңіз,
Қиындықта есейіп ер жетіңіз.
Атан түйе тарта алмас ауыр жүкті,
Өрге сүйреп танылсын келбетіңіз!

ӨЛЕҢІМ МЕНІҢ - БАЙҒАЗЫ

Жаны нәзік ойы терең ақынды,
Жанды-жақты қолдай білсек мақұлды.
Біздің бойда қалмай жүрген әдет бар,
Көрмейтұғын қасындағы асылды.
Нәрін ұққан салт-дәстүрдің қазақы,
Мен білгелі «Бөрлі» жақта аз ақын.
Нұрашева Дариға атты қызым бар,
Анда-санда татымды жыр жазатын.
Жырларыңнан сырлар ұқтым мазасыз,
Бірде болса бірегей жыр жазасың.
Жан-сырыңды ашық айтпай жай ғана,
Ұқтырумен жүрекке жол табасың.
Дауласпаймын, қызым текті ақынсың,
Бір ізбенен жүріп келе жатырсың.
Тұйықталма, жырыңды ұсын халқыңа,
Халқың танып, мәртебенді асырсын.
Ақ Жайыққа көптік етпес шағала,
Шамаң келсе шабытыңды сабала.
Ән-жырыңды биіктерден көрейік,
Анау-мынау тосқауылға қарама.
Уақыт ұтпа, ақын қызым, сайрағын,
Ән сұрап тұр «Көгілдір ту» - байрағың.
«Гүл-сезімдей» кітабыңа ақын қыз,
Ақ ниетпен бұл ұсынған байғазым.
Сіздер барған жерге біздер бармаспыз,
Ақұштаптай апаң ізін жалғастыр.
Жылы-жылы лебіздермен аймалап,
Ақ батадан қарыздар боп қалмаспыз.



ҚЫЙБАТҚА

Бірге оқып, бірге өскен сыңарым-ай,
Жетпеді жоқтамауға шыдамым-ай.
Ішімнен рухыңмен сөйлескенім,
Жетер ме жер астынан құлағың-ай.
Жан апам-алдымдағы қарасыным,
Үлкені - бір әулеттің, жан ашыры.
Артыңды аңыратып кете бардың,
Анжаққа асыққандай алас ұрып.
«Жерлейміз» деген суыт хабар алдық,
Тілдеспей қалдық-ау деп азаландық.
Қыз-күйеу, келін-бала, бауырларың,
Аңырап жылап-жылап қала бардық.
Ұмыту қызға жат қой елді мүлде,
Біз жүрміз тірлік етіп кемді күнге.
Елді аңсап ауыл жаққа жолым түссе,
Барамын басты тіреп енді кімге.
Мінезің сабырлының сабырлысы,
Болып ең қатарыңның алдыңғысы
Жерге де жақсы адам керек екен,
Сөз қозғау жақсы жайлы ардың ісі.
Сұм соғыс әкемді алып кетіп еді,
Үшеуі бес қызының шетінеді.
Шаңырақ ұстайтұғын ұл боп тумай,
Қыз болып туғаным өкінемін.
Кешірім ағайыннан сұранайын,
Халқым-ау, қалай ғана жыламайын.
Жер шалғай, жол да жаман бара алмаймыз,
Той қылса, кайтыс болса бір ағайын.
Ауылдың кедейлігі асқыныпты,
Белгісі мәйіттердің тас құлыпты.

Өлгендер тұра қашып кететіндей,
Моланы ақ таспенен бастырыпты.
Құзырдың бойымдағы әлегінен,
Ескерткіш жоқтау жаздым әдейілеп.
Қамығып жоқтау өлең жазып жүрген,
Біліңіз бауырыңыз Дәмелі деп.



СӘНИЯ ҚҰДАҒАЙҒА

Саналы мына ғұмырда,
Өсірдің талай ұл-қызды.
Қондырып бәрін тұғырға,
Сағатың соқты жұлдызды.
Еңбекқор болды ұл-қызың,
Шетінен алған мамандық.
Бәрі де алды құрбының,
Таңдаған жолы адамдық.
Немерең Әмір жанымның,
Нағашы жұрты мен едім.
Түсінген бала ағымды,
Ізденіп, өсіп келеді.
Әселің болып ақылды,
Абыройыңды асырды.
Жеңімпазы атанды,
Жиырма бірінші ғасырдың.
Өткізіп жылдар, айларды,
Көңілің біраз жайланды.

Жапырақ жайып құлпырған,
Саялы баққа айналдың.
Басыңнан өтті кісілік,
Ене де бақтың кішіріп.
Күйеуге талай ене бол,
Келіндер талай түсіріп.
Аллаға ісің жаққасын,
Жетпістен міне астыңыз.
Сексеннің ашып қақпасын,
Табалдырығын бастыңыз.
Жетпіске сексен жалғасып,
Уайымсыз ғұмыр сүріңіз.
Шалқысын бақыт арнасы,
Ауырмай аман жүріңіз.



МӘРИЯ ҚҰДАҒАЙҒА

*(Мәрия құдағайдың
сексен жасқа толуына)*

Кеуделерін тік ұстап,
Бірін-бірі ұғысқан.
Жұбайларды көремін,
Келе жатқан жұмыстан.
Құдағайға, құдаға,
Сексен жасты бермейсің.
Тұла бойы ұлағат,
Десем бәрің сенгейсің.

Жаны жайсаң жандардан,
Үлгі-өнеге аласың.
Әрбір түнде, таңдарда,
Немереге қарасын.
Құдалардың үлгісі,
Ұл-қызына тараған.
Жақсы болса бір кісі,
Өнегесі анадан.
Сізді көріп-білгелі,
Дастарханда біргеміз,
Алыс тұрсақ кезінде,
Жақындады іргеміз.
Жақсылардың болғаны,
Өзгелерге өнеге.
Өнегенің озғанын,
Қабылдайды немере.
Жас келгенмен жаны жас,
Жамандыққа қаны қас.
Сіздей ана көп жасар,
Рухани арымас.
Жақсылардың жаманға,
Шарапаты тиеді.
Жаны жайсаң адамға,
Әркім басын иеді.



ЕЛУ ЖЫЛҒЫ ШАҢЫРАҚТЫҢ ТҰТҚАСЫ (арнау)

Сіз, біз десіп араласып сыр алған,
Тату көрші болып келдік біраздан.
Нұрым аға, Ұмсын апа өлеңді,
Шын жүректен сізге арнап шығарғам.
Талай рет алған сыйлық бағалы,
Көкірегі ояу көрші ағаны.
Ең бірінші паровозшы қазақты,
Білгің келсе мұражайдан қарағын.
Жапырағын жайып тұрған бәйтерек,
Аға жайлы жазу үшін ай керек.
Жетпіс бес жыл жасап тұрған ағаға,
Жетпістегі бәйбшесі сай келед.
Тату-тәтті ғұмыр кешкен жұптасып,
Елу жылғы шаңырақтың тұтқасын.
Тілегімді шын жүректен айтылған,
Бір Алла мен періштелер құптасын.



КӨЗІМНІҢ АҒЫ МЕН ҚАРАШЫҒЫ

Телміріп жолдарыңа көп қарадым,
Біреуі кеп қалар деп көп баланың.
Көзімнің ағы, бірі қарашығы,
Алалық жүрегімде жоқ, қарағым.
Жан-жаққа өсіп-өніп тарадыңдар,
Тұрсыңдар қиялымда, жанарымда.

Орыны жүрегіңде жүрсе болды,
Өсірген ата менен анаңды да.
Ойымның көк жиегін шектемедім,
Қызықтау қиялыңмен жекпе-жегің.
Арқауы көңілімнің көп босайды.
Алпыстың қырқасына беттегелі.



СЫРЫМ БАБАҒА

Ақсай қаласының мұражайына
Талай күн-түн уақытымды алдырдым,
Шанасың ба, санамды сан талдырдым.
Қиялдағы келбетіңді, о, бабам,
Мұражайға сыйлық етіп қалдырдым.
Оннан-мұннан Ақсайға жұрт жиылды,
Елге қатер туған кезде, қиындық.
Ұрпағыңның қолтығынан демей көр,
Сырым бабам, аруағыңа сиындық.
Қарап тұршы мұражайдың төрінен,
Көзің салып сайын дала, көгіме.
Саған қарап ұрпақтарың үлгі алып,
Ұқсап өссін адамзаттың өріне.



КӨКТЕМ - ӘНІМ ОРАЛҒАН

Кел көктемім, шуақты,
Көтер көкке әнімді.
Жыр төгілдір қуатты,
Жадыратсын жанымды.
Қайта оралған көктемім,
Әнім қайта оралған.
Қайталанбас өткенім,
Жастық шағым жоғалған.
Өтті-ау ғұмыр саналы,
Қыр астында қаңтар тұр.
Самай шашым ағарып,
Маңдайымда қаптап тұр.
Арман-арман, арман-ай,
Қош, өткенім оралмас.
Ғұмырымды жалғағай,
Жыр-көктемім жоғалмас!
Арман-арман, арман-ай,
Ғұмыр қанша әр қарай.
Елу алты көктемім,
Өтті-ау жылжып жалған-ай
Келші, жырлы көктемім,
Келші, нұрлы көктемім.
Қайталанып сен келсең,
Мен қартаяр деп пе едің.
Көкіректе мол арман,
Қош, жастығым жоғалған.
Қайталанған мың көктем,
Жастыққа тең болар ма?



БАҚЫЛ БОЛ, АНАМ, ЖАН АНАМ!

(Күйтолғау)

Қайран да менің, жан анам,
Тілдесе алмай қалдым-ау.
Жанымды жеген наладан,
Жүректе мынау бар қылау.
Жүрекке тұнған наламы,
Жоқтауым жаспен аршып ал.
Ақ сүтін берген анамы,
Жоқтауға хақым бар шығар.
Қойыны суық қара жер,
Адамзат сені ана дер.
Ағзасын алдың анамның,
Астыңа мамық сала бер.
Өлеңнен құлпы қашадым,
Тоқсанға жуық жасадың.
Есіме алған кезімде,
Езіліп мауқым басамын.
Үзілдің жетпей бір жасқа,
Тоқсанға әлі жыл керек.
Бала мен бауыр бір басқа,
Ананың жолы бір бөлек.
Қоштастық ақпан айында,
«Жаңаадымның» сайында.
Қалың бір дастан шығады,
Толғасам анам жайында.
Жымпиты - Сырым ауданы,
Көл-көсір оның аумағы.
«Жосалы» деген жерінде,
Жігерің тасып лауладың.
Адамы болдың қатардың,
Еңбекте озат атандың.

Ел жүгін өрге сүйрелеп,
Бірталай жерге апардың.
Бәлду де бәрі өтірік,
Ауырлық белді опырып.
Жанардан екі айырылып,
Өмірден өттің өкініп.
«Жосалы» елің, тұрағың,
Ұжымды өзің құрадың.
Бақилық сонда мекенің,
Тамсана жұтқан бұлағың.
Әкеден қалған бес қызды,
Өсіріп, аман жеткіздің.
Соғысқа кеткен әкемді,
Күтумен ғұмыр өткіздің.
Қайран да менің, жан анам,
Өлеңім ұшқан - шағалам.
Қыста да, жазда мен үшін,
Бейітті қайтар аралап.
Еске алып әр кез толғанам,
Ауыл да алыс, жол жаман.
Шығарып салдым көзімнен,
Көңілге демеу сол ғана.
Ауылдың көрдім келбетін,
Реңі қашқан ел кетіп.
Ауылды, сені тірлікте,
Жүрермін жырмен тербетіп.
Толғауым күймен бара-бар,
Жетер ме саған осы әнім,
Қиналған кезде, жан анам.
Өзіңнен жебеу тосамын.
Анашым бақи болғасын,
Көңілім құйған қорғасын. Бақыл бол,
Анам, бақыл бол,
Иманың болсын жолдасың!

ТОЙ ЖОРАЛҒЫСЫ

Жайылған жазираға айдынға ұсап,
Бәріңе қуанышпен жайдым құшақ.
Сіздермен жүздесетін сәт те жетті-ау,
Араға асықтырған ай-күнді сап.
Келіпсіз шақырғанға мол алғысым,
Халықшыл, кішіпейіл, болармысыз.
Ауданның бір ақыны аталған соң,
Жасайын тойбастаудың жоралғысын.
Есімім аталады Дәмелі деп,
Кей кезде өлең жазам әдемілеп,
Түртініп от басында жүрген жай бар,
Ошақтан ұзай алмай әрігірек.
Болдыңыз бастамада Мәтжан аға,
Ізіңіз үлгі болар басқаға да.
Тілден, жерден айрылып қала жаздап,
Тұрмыз қазір ұшырап масқараға.
Басқа теуіп қайнайды қаны құрғыр,
Қиналады шырқырап жаны құрғыр.
Жерімізге тұр қазір көз алартып,
Тойынып ап әлде кім дәмім ұрғыр.
Жетер енді бәріне төзгеніміз,
Ойланатын келіп тұр кездеріміз.
Табан тіреп, ел бастап ақыл айтар,
Сенерміз, ағажан, өздеріңіз.
Егеменді елімді шарлап жүрсіз,
Еліміздің хал-жайын барлап жүрсіз.
Облыстың таңдаулы ақындары,
Отты жырды халыққа арнап жүрсіз.
Хош келдіңіз, Қатимолла, ақын інім,
Жайылып шар-тарапқа жатыр үнің.

Атайды мақтанышпен есіміңді,
Қосылса қос қазақтың басы бүгін.
Ұстанып Мұхит жолын әнге бастың,
Өнерің салтанатты сәнге ұласты.
Халқының сүйікті ұлы болып алдың,
Домбыраң күмбірлеген монғол асты.
Шолпаным, айналайын, жарқылдаған,
Жүлдеге алған домбыраң алтындаған.
Қалаулы халқымыздың қызысың ғой,
Шақырса айтыстарға тартынбаған.
Шолпанжан еліміздің мақтанышы,
Өнермен жасынан жүр атсалысып.
Тең түссе айтысқанда қарсыласы,
Қызыққа қарық болар басқа кісі.
Дариға, әнің мақпал, жүзің мақпал,
Келіпсің, ақын сіңлім, Фурман жақтан.
Ән қосам пай-пайлатқан әуеніңе,
Сол әнді айта алады өзі баптап.
Жазар ма өлең арнап біліспеген,
Жүлдеге алған домбыраң күмістеген.
Ана жылы айтыста көргенім бар,
Оралға барғанымда жұмыспенен.
Өлеңің шырқап берсең таңға жетер,
Аялы қоңыр даусың жанға жетер.
Дон-Еділ балам, бүгін шырқатып бақ,
Әлі де шырқайтының алда жетер.
Сыпырған томағасын сұңқарларым,
Бәйгеге тағы түсті тұлпарларың.
Сабалап шабытымды қиқулаттым,
Мәреден озғаныңның шырқар бағың.
Мен бүгін жерден жеті қоян таптым,
Үстінде тұрғандаймын алтын тақтың.

Шет елге де танымал ақындармен,
Жүздесіп жырдан құрап шапан жаптым.
Барым осы аз деме, көп демеңіз,
Өлең жазып әріптес боп келеміз.
Халқын жинап өнерлі тарландарым,
Келіп тұрса тағы да хош көреміз.



ҚЫЗЫМ ЗӘЙТУНАҒА

Қырыққа толып қалдың ба,
Зәйтуна жаным, қарғам-ай.
Зымырап көздің алдында,
Өтіпті уақыт жалғанай.
«Алтын бас» деуші ек жасыңда,
Алты жасыңнан болыстың.
Ақылды болдың расында,
Еңбекпен өсіп толыстың.
«Қырмызы гүлім бақтағы»,
«Қызарып атқан ақ таңым».
Аялап баққан анаңның,
Ақ сүтін өзің ақтадың.
Қайыспай өстің ауырға,
Майыспай өстің дауылға.
Ата мен ана сыйладың,
Қамқоршы болдың бауырға.
Алып-ап үш-төрт мамандық,
Қызмет қылдың табанды.

Алладан саған тілерім,
Айналып өтсін жамандық.
Жарық та жылы баспана,
Үйді де өзің әпердің.
Боларлық үлгің басқаға,
Сүргіздің өмір әсерлі.
Бойымнан қуат, күш кетті,
Алладан болсын қайтарым.
Алғысым тұмар істетті,
Қолдағай сені айтарым.
Көтеріп жүрсің ауырды,
Жақсылық жасап сарқыла.
Жаныңа жинап бауырды,
Өнеге болдың артыңа.
Таппадың, жаным, тынымды,
Арқалап ауыр жүгімді.
Алдыңнан шықсын жақсылық,
Қызығын көргін Гүліңнің.
Ғұмырда өткен саналы,
Адамдық жолды қаладың.
Анаңның берер батасы,
Сынбасын сағың, қарағым.
Болмапты күнің жүдеткен,
Қылығың көп қой түлеткен.
Сарқылмас бақыт тілеймін,
Аналық аппақ жүректен.
Көңілің сүттей ағарсын,
Батадан бақыт табарсың.
Қайғысыз, мұңсыз ғұмыр кеш,
Қырыққа қырық жамалсын.



КӨПШІЛІК ЖАҚСЫЛАРЫН ТАНЫМАЙДЫ

Оралға Тазабеков келген екен,
Жанына тараздықтар ерген екен.
Мың алғыс айналайын Ботакөзге,
Әйтеуір экраннан берген екен.
Бір кешті өткізетін түніменен,
Халқым да сусындатар жырыменен.
Айтулы ақындарым бас қосқанда,
Шағын топ алдай салды гүліменен.
Ақындар Оралға із салып кетті,
Ғибрат азды-көпті алып кетті.
Мұхамбетжан киетін бір шапанды,
Шорабек әзілімен қағып кетті.
Бір үйде бас қосар-ау оңашада,
Сайрайды торға түссе томашада.
Жиналып алқалы топ қол соқпаса,
Ақынның шабытына жол аша ма.
Көгімде қалықтаған қырандарым,
Бағыштап өздеріңе жыр арнадым.
Мұхамбетжан баламның маңдайынан,
Бір сүйіп бата беру бір арманым.
Жақсыны жариялар жақсы қайда,
Тап болдық бәрімізде тапшы жайға.
Көңілді желпіндіріп отырмасаң,
Көкірек рухани қақсымай ма.
Уақыттың әрісі не, берісі не,
Мезгілдің аялдаса желісіне.
Он жыл бұрын батамды беріп қойғам,
Баламыз - Қосымбаев Мэлсімге.
Жақсыдан ңеге аяймын тілегімді,

Жеткенше бөліп берем жүрегімді.
Кездесем мейіріммен бір сүйер ем,
Қызымыз - Болтанова Жібегімді.
Білмеймін кімге айтамыз қолқамызды,
Жүретін жырға бөліп ортамызды.
Естуден есімдерін қалып жүрміз,
Дон-Еділ, Қатимолла, Шолпанымның.
Өзін-өзі көрсетіп дараланбай,
Өнер таным өрісі сараланбай.
Жүрген жоқ па Ботакөз ақының да,
Жұмысы журналисттік бағаланбай.
Әркімге жаны мүлкі, малы қайғы,
Көпшілік жақсыларын танымайды.
Байлық қуған тоғышар ешқашанда,
Рухани азыққа жарымайды.



РОЗА РЫМБАЕВАҒА

Бұлбұлсың ба көгімде қалықтаған,
Қайғы-мұңды бойына дарытпаған.
Қазақстан елінің дарындарын,
Әніменен әлемге анықтаған.
Сахнаның төрінде ойнақтаған,
Жарқ-жұрқ еткен сәуле деп ойлап қалам.
Шырқата бер әніңді, Розажан,
Тереңіне сазыңның бойлап барам.



ТІЛЕУХАНОВ БЕКБОЛАТҚА

Тілеуханов Бекболатжан, қымбаттым,
Ата-бабам сазыменен тіл каттың.
Домбыраны безілдетіп сөйлеттің,
Қобызыңмен бес ғасырды жырлаттың.
Бір ғасырда бір туар ұл - Бегімсің,
Тұла бойың тұнған өнер-сезімсің.
Мақтан етер ұлым сенсің - Бекболат,
Ұлан байтақ, қазақ елі - өзіңсің.
Шалқар сазды, шымыр тұлға - қаршығам,
Тұла бойың тұнып тұрған ән шығар.
Өзге елдің әуеніне бой ұрған,
Ұрпақтарды тексіздіктен аршып ал.
Мақтанышым, асыл текті - жанарым,
Тіл мен көзден аман жүрші, қарағым.
Қоңыр үнді қобызыңды сөйлетесің,
Сай-сүйекті сырқыратып аламын.
Сендей болсын халқымыздың бір ұлы,
Ұлы өнерде биік болсын тұғырың.
Байтақ елден бата алып самғай бер,
Айналайын, ұзақ болсын ғұмырың.



АҚ БАТАМДЫ БЕРЕЙІН

Тесілсе де бармағым,
Жігерімді жалдадым.
Бір жыл тіккен үйімді,
Ел басына арнадым.

Ақыл, ойдың арнасы,
Жәңгір ханның жалғасы.
Өсе берсін мерейің,
Ғасырларға жалғасып.
Парасатпен дәлелдеп,
Ой бөлісіп әлеммен.
Достық туын ұсындық,
Алыс жақын бар елге.
Жігеріңді жанып-ап,
Қайратыңа қайта мін.
Жүрегіңді таныған,
Халқыңнан күт қайтарым
Жердің үңгіп қойнауын,
Ел тағдырын ойлауың.
Азаматқа лайық-ақ,
Бейнетіңе тоймауың.
Адамдардын атынан,
Ел басына сенейін.
Аналардын атынан,
Ақ батамды берейін.



ҚҰНЫҚҚАНДАР ҚҰДАЙЛАРЫН ҰМЫТТЫ

Алыпсатар жан-жақтан кеп ағылды,
Қымбаттатып бөліп жеді наныңды.
Өзін де алдап, өзгені де алдайтын,
Алаяқтар Ақсайдан да табылды.

Арзан алып, қымбат сатып құнықты,
Құныққандар құдайларын ұмытты.
Өзбек деген ағайынның өнері,
Менің момын қазағыма жұғыпты.
Ал біреулер жасап-жасап күнәні,
Таспих ұстап төрде малдас құрады.
«О, құдайым, кеше гөр» - деп күнәмді,
Құран ұстап кешірім де сұрады.
Аңғал едің, аппақ еді жүрегің,
Халқым, қайда сапар шектің үдеріп?
Рухани жұрдайлықтың ауылы,
Есіктерін айқара ашты, білемін.



МҰҚТАРТАНУ ДӘРІСІН ҚОЛҒА АЛАЙЫҚ!

Мұқтар ата - қазақтың данышпаны,
Қазақ деген халықтың қарыс бағы.
Өз тілінде әр халық кітап жазып,
Ғылымыңнан ұлағат алысқаны.
Даналықтың шуағы шашылғанда,
Көкірегі халқыңның ашылғанда.
Мұқтар ата, сездің бе жақсылықтың,
Жалғасарын ғасырдан ғасырларға.
Жаныңды ұққан жас, көрі, балдырғаны,
Арманыңды аяқсыз қалдырмады.
Ұлылығың әлемге әйгіленіп,
Есіміңнің тарихта жаңғырғаны.

Жасайтұғын сан ғасыр алтын ата,
Сөз маржанын шашып ең жарқырата.
Аудармадан оқып жүр о, қасірет,
Ана тілін білмеген халқың, ата.
Халық болдық құралған құрамыстан,
Не дегенмен арылдық бұғалықтан.
Бірге тойлап тойыңды Мұқтар ата,
Жиырмасыншы ғасырды шығарып сал.
Мұқтар ата, айтатын арызым көп,
Алып жатқан шет елден қарызым көп.
Рухыңмен халқыңды жебеп жібер,
Айтып қойдым ақындық парызым боп.
Мақтанышым Мұқтар да, Абайым да,
Айтып алмай аузымды жабайын ба.
Қос шынардың сөйлеген тілін сыйлау,
Емес пе еді парызың, ағайындар.
Қолдан беріп намысты қойған айып,
Ойланайық, ағайын, ойланайық.
Ана тілін білуге бағыт алып,
Мұқтартану дәрісін қолға алайық!
Білгішақпыз, алға жан салдырмаймыз,
Газет-журнал жаздырып алдырмаймыз.
Үйге егер бір қонақ басын сұқса,
Тентек судан көңілін қалдырмаймыз.
Өзен кері-ілгері ағып жатыр,
Халық бақыт көпірін салып жатыр.
Оңды-солды баюға қол созғандар,
Рухани жағынан азып жатыр.
Жайлау қайда, мал қайда, дала қайда,
Өзге тілде сөйлейді балақайлар.
Егеменді ел болдық, етек жыйдық,
Ана тілін сөйлетер шара қайда.

Кірмелерге қол бала болдық қанша,
Шегі барма, созылмақ зорлық қанша.
Балық бастан шіри ме деп қорқамын,
Мұқтартану заманы орныққанша.
Мұқтартану заманы орнағанда,
Шетелдік боп кетпейік сорлағанда.
Әйел, еркек шортикқа көшіп кеттік,
Неміз қалды шетелдік болмағанда.
Бабаларым намысшыл емес пе еді,
Ортаңызға мен келдім кеңескелі.
Ана тілін түсінсе осы халық,
Ұрпақтары Мұқтардың демес пе еді.



МОЛШЫЛЫҚҚА ГАЗ-МҰНАЙ ЖОЛ АШАДЫ

Газ-мұнайдың жылжыған ізін қара,
Қызыл, жасыл, сары-ала біздің қала.
Құрылысшылар қаланы салып жатқан,
Менің, оның және де сіздің бала.
Қызыл, жасыл, сары ала киім киіп,
Каска кию тұрса да қиын тиіп.
Қызыл жалын иіскеп газшылар жүр,
Қиыр-шиыр темірден түйін түйіп.
Маған, саған, және де басқаға аян,
Таңнан кетіп оралған, қас қарая.
Үлкен борыш мойынға болары хақ,
Газшылардан алғысты жатсақ аяп.

Сан қатердің жүрсе де ортасында,
Газ иісі тұнса да қолқасында.
Қиындықтан қорқатын газшылар жоқ,
Ел байыды солардың арқасында.
Молшылыққа газ-мұнай жол ашады,
Зор деп білем Ақсайдың болашағы.
Бұл қаладан ұясын көру арман,
Бұлбұл құстың анасы томашаның.



ХАЛЫҚ КӨРДІ ҚИЫНДЫҚ

Халық көрді қиындық,
Жұмыс таппай тиындық.
Егеменді ел болдық деп,
Көкке бөрік шиырдық.
Надандықтың тосып алмай дауылын,
Есің кетпей, есіңді жый, бауырым.
Жас-көріні қисық жолға салмасын,
«Мейірімсіздік» деп аталған жауызың.
Аяйсың көп адамды,
Жұмысы жоқ табанды.
Жоқтық қысып сандалды,
Бұзар жігіт қамалды.
Арыз ханға жетер ме,
Мақтанамыз бекерге.
Ел байлығы әр жолмен,
Асып жатыр шетелге.
Ей, ағайын, тоқтаңыз,
Мақтанбайық босқа біз.


Ана тілін менсінбес,
Айналыппыз топқа біз.
Нандығы мен шайлығы,
Үш мың теңге айлығы.
Зейнеткерлер қалмағай,
Күн көрістен айырылып.
Сылтау қылып нарықты,
Толды ақшаға торсықтар.
Соры қайнаған халықты,
Теспей сорды борсықтар.
Үріп ішіп тұнықты,
Алыпсатар құнықты.
Болған сайын, болсын деп,
Құдай барын ұмытты.
Жалбақтауды ойлаймыз,
Жалтақтауды қоймаймыз.
Тірілер қалды елеусіз,
Өлгендерді тойлаймыз.
Өмір сүріп жарасты,
Билікке әркім таласты.
Елді емген ептілер,
Теңіздерден әрі асты.
Кедей езді малтасын,
Бай томпайтты қалтасын.
Сыйғыза алмай асырды,
Өтелдерге ақшасын.
Жақынға да жат болдық,
Қате жолмен жүрдік пе.
Халқым бүгін тап болды,
Жанды жеген тірлікке.



БОЛМАСЫН СОҒЫС

Еліміз тыныш, тоқшылық таңымыз атты бақытты,
Думанды қызық өмірде, сезбейміз өткен уақытты.
Десак те, терең түбінде торғайдай мына жүректің,
Қасірет, мұң, қайғының қоламталары жатыпты.
Есіме алсам әкемді, елім деп өткен ерлерді,
Кеудемді өртеп кетердей сол қоламта қоздайды.
Кеудеме мұз боп орнығып, қатып тұрған сеңдерді,
Ерітіп ала жөнеліп, тас-талқан қылып қозғайды.
Майданнан алып суық хат, еңіреп келем көшеде,
Есімде сөзі қалмапты, білмеймін жасым нешеде.
Жүректі кетті тілгілеп, төрт бұрышты сол бір хат,
Бірақ біз оған нанбадық «қаралы қағаз» десе де.
Көрдің бе, ата, көрдің бе, Құсайын деген кісіні,
Шалқадан шашын қайырған, болаттай шымыр мүсіні.
Паспортқа түскен бейнесі жанарымда жаттаулы,
Әкемді көрген үлкендер шағындау дейтін пішімі.
Қайран менің, жан әкем, түн қатып орман кездің бе?
Бетпе-бет келген жауыңды, жаныштап жерге ездің бе?
Кебенек киіп кетіп-ең, неге бір хабар бермедің,
Елдегі «балапандардың» азалайтынын сездің бе?
Мұңды айтылып ойларым, мұңдылау болды-ау өлеңім,
Қанша жыл толды жеңіске, болмады-ау, әке, дерегің.
Қай жерде қалды бейітің, табамын іздеп қай уақыт,
Ойлаумен өтті ғұмырым, іздеумен аян өлерім.
Сезер ме әке, рухың, қиналып жүрмін, қиналып,
Өзіңді іздестіруге ішімнен жүрмін ұйғарып.
Кешірші әке, қызыңды, алаңым молдау артымда,
Күйбеңі жетер тірліктен, шыға алмай жүрмін жиналып.

Лағнет деңдер соғысқа, жер шарындағы аналар,
Әкелерінен айрылып, қалмасын жетім балалар.
Азаматтардан айрылып, болмасын жесір арулар,
Болмасын соғыс болмасын, болмасын жүрек жарадар.



АҒАЙЫНДАРДАН АШЫЛАР БОЛДЫ-АУ АРАМЫЗ

Қартайған шақта қалада болып баспана,
Есікті кілттеп отырар болдық масқара.
Түсінер қала, қырдағы бауыр айыптар,
Өнеге қандай көрсетер болдық басқаға.
Қалада тұрған қарттардың барлық мұңы бір,
Бірінен бірін айырма бауыр, бұны біл.
Кердің бе шырақ, тағдырмен мына ойнама,
Қартайған шақта қарттарға салған сыны бұл.
Жұмыс іздеген туыс пен таныс ағылды,
Қаншасы келді, есебінен де жаңылдым.
Жасымыз асқан зейнеткерміз ғой, құдай-ау,
Қарсыламасаң демеші неге тарылдың.
Өзіңнен артпас өлшеулі болса несібең,
Ағайын, таныс қабылдамасам кешіретер.
Жұқалап өмір сүруге қала үйретсе,
Балаларыма салмақты салам несіне.
Өліге бата етуге жетпей шамамыз,
Жыл еткен сайын ұятқа батып барамыз.
Бару да қиын, келу де қиын, жай солай,
Ағайындардан ашылар болды-ау арамыз.

ҚИНАЛАСЫҢ, ҚАЛТАҢДЫ ҚАҒАСЫҢ...

Сөзім тиер таныс, сыйлас жақынға,
Айту міндет дер кезінде ақынға.
Алдыңды ойла, Алланы ойла, ағайын,
Жыйған байлық жеткен емес ғасырға.
Ет бағасын жұма сайын көтеріп,
Жинап алған маңайына нөкерін.
Килосына үш жүз теңге аз болды,
Құны қазір төрт-бес жүзге жетеді.
Төрт-бес жүзге көтерді еттің бағасын,
Айыру жоқ бай, кедейдің арасын.
Қиналасың, қалтаңды да қағасың,
Сорпа керек, амалың жоқ аласың.
Кіріс оған кіріп жатыр күн санап,
Байып алды, енді жалшы жұмсамақ.
Қонақты да шақырмайды, бармайды,
Оған тіптен болмай жатыр мұрша да.
Кім ойлайды қанағатты, ағайын,
Алдын-ала естеріңе салайын.
Сатушы емес, сен алушы болғанда,
Арандаудың тартарсың бір сазайын.
Жақсы, жаман өмір сүрмек өлмеген,
Өлмегенге бұл дүние дөңгелек.
Айтыңдаршы қанағатсыз жандарды,
Өлеңіммен сала алам ба жөнге мен?



ТӨРЛЕТ НАУРЫЗ, ЖАҢА ЖЫЛ - ҒАСЫР БАСЫ

Төрлет Наурыз,
Жаңа жыл - ғасыр басы,
Қыдыр Ата бізге бұр аттың басын.
Ақтаңдақты көп көрген «Қазақ» деген,
Қайсар елдің мерейін асыр-ғасыр!
Бір ғасырдың алғашқы көктемісің,
Көктем кірмек тек қана көктеу үшін.
Ескі менен жаңаның өткелісің,
Төрле жаңа ғасырға беттеу үшін.
Жаңа жылдан алдымен қалағаным,
Ар-намыстың басталды аламаны.
Жоғалтқанын халқымның қайтара кір,
Көтере кір рухын санадағы.
Болашақтан жақсылық аңсап тұрмыз,
Анамыздың тілінен ақсап тұрмыз.
Шайнап беріп жұтқызып өзгелерге,
Жалпақ шешей болудан шаршап тұрмыз.
Азайта кір Жаңа жыл мыңның мұңын,
Шашу етіп шашайын қырдың гүлін.
Ширата кір тініміз, ділімізді,
Кешіре көр түсінсең жырдың дымын.
Қақсай бермек ақындай қасқалдағың,
Аттап тұрсың ғасырдың баспалдағын.
Ырыздықты жердегі бұйырта кір,
Жұлдыз сұрап тұрғам жоқ аспандағы.
Төрлет Наурыз, кұшағым айқара ашық,
Тілегімнің тізейін қай саласын.
Құлқынына ғасырдың қанағат бер,
Тұтастығын достықтың шайқамасын.

АЛЫПСАТАР ҰЛДАРЫМА

(Барлық аналардың атынан)

Өтуде күндер арада,
Сөздерім кетті далаға.
Арандап бара жатырсың,
Шамала қарғам, шамала!
Айтқаным өтпей санаңа,
Уайым кірді мамаңа.
Пайдақор болмай-ақ қойшы,
Дұшпаным, досым табалар.
Араммен мені бақпашы,
Он есе қымбат сатпашы.
«Тоқ жүрерсің тек жүрсең»,
Сүтімді солай ақташы.
Не болып жүр өзіңе,
Көрінбей жүрсің көзіме.
Күйініп жүрген жайым бар,
Айтылған жұрттың сөзіне.
Жүрсінші, балам, жадыңда,
Бақпадың балмен демейін.
Қартайған мына шағымда,
Арамнан тамақ жемейін.
Жыламай өткен ақын жоқ,
Сүрінбей өткен пақыр жоқ.
Айтатын кезім жетіп тұр,
Айтпауға саған қақым жоқ.
Еліңнің барлық адалын,
Шет елге тасып жүр дейді.
Айтқаны, қарғам, ананың,
Санаңа қалай кірмейді.
Бір ғана сенсің демеймін,
Коммерсант қаулап көбейді.
Малымның басы шақталды,
Құрбанға немді төлеймін.

Тоқтату айту жақсы ағым,
Дер кезінде қақсадым.
Қақсатқан заман қазақты,
Не пәлеге бастадың.
Адамға бір кез тойым бар,
Арандауды қойыңдар.
Тоқтамасаң айтқанға,
Алдында қара тойың бар.
Түрмесең құлақ сөзіме,
Көрінбе, балам, көзіме.
Далаға сауып сүтімді,
Өкіріп кетем көріме. аған емес пе.



АЗАМАТ

*(Бақтықожа Салахаддинұлы
Ізмұхамбетовке)*

Жақын да емес, құда да емес ол маған,
Ол азамат халық мұңын қолдаған.
Атқарып жүр аяғынан тік тұрып,
Елбасының тапсырмасын жолдаған.
Біткен іске мақтанбауға хақым жоқ,
Барлық әкім болса сондай батыл боп.
Әлі талай іс тындырар жайы бар
Бақтықожа тұрса екі-үш жыл әкім боп.
Үй құрылысы өсіп жатыр қарқынды,
Әлеуметтік жағдайы елдің жақсарды.
Алыс-жақын ауданға газ тартылды
Талай іске тартып жатыр жастарды.
Көтеріп жүр мәдениет саласын,
Көрсетіп жүр ол іскерлік шамасын.

Алыс-жақын аудандарға көз тіксең,
Сен әкімді сол ауданнан табасың.
Облыстың бар ауданын қамтыған,
Іскерлігі мәлім болар жалпыға.
Тапсырманы беріп әрбір ауданға,
Өз көзімен бақылайды артынан.
Балабақша, мектеп көптеп жаңғырды,
Жоқ жерлерге жаңаларын салдырды.
Көз тоймайтын ғимараттар салынған,
Ұрпақтардың ата-анасын таң қылды.
Жарық жайлы азаймақшы дау енді,
Мұқтаждықтан арылмақпыз әуелгі.
Электрдің мәселесі шешілді
Ресейге болмаймыз біз тәуелді.
«Жол картасы», жасыл желек жоспарда,
Халқымызды жұмыстарға жарыттық.
Сан салалы кәсіпкерді қосқанда,
Бойымызға ынта-жігер дарыттық.
Мұқтаж елге жаңа көпір салынды,
Қиындықтан талай аудан арылды.
Шын жүректен халқыңыздың алғысы
Әкім інім, аша түссін бағыңды!



ТОЙҒА ШАШУ **(Бөрлі ауданының 75 жылдығы** **мен қала күніне)**

Замананың ағымына бағынып,
Ақсайға ел көшіп жатыр ағылып.
Көз алдымда көркеюде бұл қала
Әп-әдемі ғимараттар салынып.

Жетпіс бес жыл бұрын тартқан табанын,
Айтарлықтай тарихы бар қаланың.
Сонша жылдың тауқыметін көтерген
Сыр шертеді тұрғылықты адамы.

Жақсаруда елдің шаруа-күйлері,
Көк терекпен көмкерілген үйлері,
Талай түрлі қиындықты көрген ел
Нарықты да алып кетті игеріп.

Шет ел барып, қайтып келу түк емес,
Тасығаны арқалайтын жүк емес.
Апаратын, алып қайтар жүктерің
Ұшақ пенен поезыңа дым емес.

Барар, келер жолың қазір қас-қағым.
Игі істерді жасап жатыр жастары.
Жас-жасамыс, ұрпақтар да бұл күнде
Компьютерге бейімдеген бастарын.

Ғылым-білім, тіл үйрену ұраны.
Жағдай жақсы, көбейіп тұр сұраныс.
Талғамы да биіктеді халықтың
Көңіліңе ұялайды жұбаныш.

Ағаш екті, гүл жайнатты ауланы.
Алыс-беріс дүрілдетті сауданы.
Спорт, білім, табыс көзі жағынан
Алда келед қазір Бөрлі ауданы.

Ақсай - қала әлем көзін қадаған,
Бұл қалада тұрып жатыр сан адам.
Қала күнін, аудан күнін тойламақ
Үйлер тігіп, бәйге қоспақ аламан.

Өтіп жатқан тойларды біз санайық,
Өрбір тойды жақсылыққа балайық.
Бөрлі ауданы жылдан-жылға көркейсін,
Тойларыңыз тойға ұлассын, халайық!



МАЗМҰНЫ

Тәңір берген қасиетті өнер.....	4
Әкем - соғыс құрбаны.....	9
Әке туралы баллада.....	10
Ескерткіштің түбінде.....	12
Әке.....	13
Әкем жайлы бір дерек күтіп келем.....	15
Ұзақ жаса, майдангер-қайсарларым!.....	16
Майдангердің қызы екем.....	17
Әкем де сен - ел, анам да сен - ел аңсаған.....	18
Арманда кеткен ана.....	19
Ана жүрегі.....	20
Әлемнің тоғызыншы аймағымын.....	21
Тәуелсіздік мерекесі жасасын!.....	22
Елбасының арманы келелі екен.....	23
Елбасына.....	25
Қазақстаным.....	27
Алматыда.....	28
Қазақ - менің өз атым.....	30
Отаным - алтын бесігім.....	32
Мақтан етер Отаным бар.....	33
Жарайсындар, қырандар!.....	34
Отаным мен сенің арқаң.....	35
Желтоқсанда.....	36
Заманның батты зардаптары.....	37
Елбасына сенемін.....	39
Одағымның тұтастығын сақтайық!.....	40
Тәубеге, халқым, келейік.....	41
Қайран елім.....	42
Туған жерден айналам.....	43
Қазақстан адамымын.....	44
Астанамыз - жасампаздар қаласы.....	45
Он қазық.....	46
Айтарым көп ақтаратын.....	46
Білім қажет.....	47
Сағынышым кеудемде дестеленген.....	48
Туған жер толғауы.....	49
Өлеңті.....	49
Өлең өлкесінде.....	50
Толқындар.....	52
Табиғат - ол тіршіліктің анасы.....	53
Көктем суреті.....	54
Алтын күз.....	55
Қыс көрінісі.....	56
Май жыры.....	57

Ақын жүрегі.....	59
Ақынның жәйі осындай.....	58
Жазбаған адам бақытты.....	59
Жазба ақындарға.....	60
Кішірмеңдер, ақындар, кішірмеңдер!.....	61
Киелі дос.....	63
Ақындарға.....	63
Адамды адам ететұғын - еңбегі.....	64
Кедергіні кесіп өт!.....	65
Рухани байлық қажет адамға.....	66
Азаматтар.....	67
Ойланындар.....	68
Мәңгі жаса.....	69
Ағалар, аман болыңдар!.....	70
Аға даңқы әлемге самғай берсін!.....	71
Жан азығы-өлең жыр.....	73
Батыр жайлы толғау.....	74
Мұхтар ата - мәңгілік бағдарлама.....	77
Ірі тұлға.....	79
Мәңгілік жыр.....	80
Дара тұлға.....	81
Өн болып кеткен Ажар қыз.....	82
Мекенге құтты айналсын.....	83
Ақынға арнау.....	84
Ол - Ақсайдың құрметті азаматы.....	87
Ақын Айтқали Нәріковке.....	87
Ақын Ботагөз Баймақанқызына.....	88
Оралыңа кері қайт.....	90
Шындық осы.....	90
Биіктерге самғап бара жатырсың.....	92
Өзімді таныстыру.....	93
Алынбаған атақ.....	95
Инемен үй тұрғыздым.....	96
Ұрпағыңа ұстатып кет жіп ұшын.....	97
Білгенің жөн.....	97
Қазынаны ұрпақы апарайық.....	98
Сауал.....	99
Нала.....	100
Газетіме сыр.....	100
Жүйкенің емі.....	101
Қызығам.....	102
Шақыру билеті.....	102
Айтарым бар.....	104
Біреуге қара жақпағын.....	104
Достыққа қылау түспесін!.....	106
Достық күні - май келді.....	107
Ананың тұғыры.....	108

Ақ жол.....	108
Ананың алғысы.....	109
Құттықтау.....	110
Дұрыс жолға бастаңыз кім болсаң да.....	111
Ертеде.....	112
Күте тұр.....	113
Әке орны баламен өлшенбейді.....	115
Құрылысшылар - құрыш күштің құдайы.....	117
"Берлі жаршысы" журналистеріне.....	118
Көрінбейтін дерт.....	117
Бата.....	119
Құдаша.....	120
Ал, халайық, тойларын тойға ұлассын!.....	121
Қайғыңа ортақтасамын.....	126
Анаң тілін жасама, аяқ асты.....	128
Құтты болсын қадамың.....	130
Ұшқыр уақыт алғырлықты қалайды.....	131
Немерем Нұрбергенге.....	132
Өмірдің мәні.....	131
Солдат ұлыма.....	133
Табыс тілеймін.....	134
Тілек.....	135
Мінез.....	136
Тойбастар.....	137
Көңіл.....	138
Абайландар, адамдар!.....	139
Солдат ұлым келгенде.....	140
Біз бақытты анамыз.....	141
Жаңа жыл.....	142
Соңғы үні қоңыраудың.....	143
Кім жалғар.....	144
Арнау.....	145
Паспорт.....	146
Оқу керек.....	147
Жебір сатушының сыйқы.....	148
Келе жатыр Жаңа жыл.....	149
Ұлағат.....	150
Есінді жый, бауырым!.....	150
Пақыршылық қас-қағым.....	152
Толғатасың жүректен.....	153
Аман жүр, ұлым!.....	154
Құтты болсын, баспасөз үйіңіз!.....	154
Ақ дөмімнен ағайын, аттамағын.....	155
Кешірші, мама.....	157
Асыл жар.....	157
Тағдырым.....	158
Бесік жыры.....	159

Дәмелі апайға.....	160
Құйыл шабыт.....	161
Сағыныш сазы.....	162
Ақ тілек.....	163
Ақ бата.....	164
Бақытымның қонырауын соғыңдаршы.....	165
Сәлем.....	167
Бөбектер - мәңгілігім.....	168
Жүрегім сағыныштан ауырады.....	169
Кім болдың сен?.....	170
Өлең мен Ғарифолла егіз ұғым.....	172
Облыс ақыны Жаңыл Жұрмағанбетова апаға хат.....	173
Сыйым - арнау өлеңім.....	174
Қызым Гүлфараға.....	175
Батыр жігіт, хош келдіңіз "Ақсайға".....	176
Армысыздар, ұстаздар.....	176
Қаламгер, журналистер күнімен!.....	178
Анадан озу кезегің.....	179
Бөрліге хош келдіңіз.....	180
Өлеңім менің - байғазы.....	181
Қыйбатқа.....	182
Сәния құдағайға.....	183
Мәрия құдағайға.....	184
Елу жылғы шаңырақтың тұтқасы.....	186
Көзімнің ағы мен қарашығы.....	186
Сырым бабаға.....	187
Көктем - өнім оралған.....	188
Бақыл бол, анам, жан анам!.....	189
Той жоралғысы.....	191
Қызым Зәйтунаға.....	193
Көпшілік жақсыларын танымайды.....	195
Роза Рымбаеваға.....	196
Тілеуханов Бекболатқа.....	197
Ақ батамды берейін.....	197
Құныққандар құдайларын ұмытты.....	198
Мұқтартану дәрісін қолға алайық!.....	199
Молшылыққа газ-мұнай жол ашады.....	201
Халық көрді қиындық.....	202
Болмасын соғыс.....	204
Ағайындардан ашылар болды-ау арамыз.....	205
Киналасың, қалтанды қағасың.....	206
Терлет Наурыз, Жаңа жыл - ғасыр басы.....	207
Алыпсатар ұлдарыма.....	208
Азамат.....	209
Тойға шашу.....	210

